

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Г. А. Қуаналиева

## ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ

*Оқу құралы*

Алматы  
«Қазак университеті»  
2017

ӘОЖ 347.73 (075.8)  
КБЖ 67.402 я 73  
Қ 71



*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
заң факультетінің  
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі  
шешімімен ұсынылған  
(№2 хаттама 29 желтоқсан 2016 жыл)*

**Пікір жазғандар:**

заң ғылымдарының докторы, профессор **А.Е. Жатқанбаева**  
заң ғылымдарының кандидаты **Н.Б. Қалқиева**

**Қуаналиева Г.А.**

Қ 71 Қаржы құқығы: оқу құралы / Г.А. Қуаналиева. – Алма-  
ты: Қазақ университеті, 2017. – 162 б.  
ISBN 978-601-04-2235-3

«Қаржы құқығы» оқу құралы типтік оқу бағдарламасы негізінде дайындалған. Оқу құралында қаржы құқығының жалпы бөлімінің негізгі институттары қарастырылған. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің ұғымы мен жалпы сипаттамасы, қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі қаржы саясатының мәселелері, Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыру жүйесін қалыптастыру мен дамытуды құқықтық реттеу мәселелері жан-жақты қарастырылады. Мемлекеттің қаржылық қызметінің ұғымы мен ерекшеліктері, қаржылық құқықтық қатынастардың жалпы сипаттамасы мен пайда болуының алғы шарттары зерделенеді. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін құқықтық тұрғыдан жетілдірудің теориялық мәселелері, атап айтқанда, қаржы жүйесі саласындағы басқару мен бақылаудың құқықтық мәселелері қаржылық бақылаудың халықаралық аспектілері жан-жақты айшықталады.

Оқу құралы 5В030100 – «Құқықтану» мамандығының студенттеріне және тәжірибе қызметіндегі заңгерлерге арналған.

ӘОЖ 347.73 (075.8)  
КБЖ 67.402 я 73

## КІРІСПЕ

Қаржы құқығы құқық жүйесіндегі жетекші және маңызды сала болып табылады. Қаржы – мемлекеттің материалдық өмір сүру негізіне қызмет етіп, оның қызметін ақшалай қамтамасыз етудің қайнар көзі. Қаржы тетіктері арқылы мемлекет елдің экономикалық дамуына белсенді ықпал етеді. Қаржы құқығы жоғары заң оқу орнының құқықтану мамандығының студенттеріне арналған міндетті пән болып табылады.

«Алдымен, экономика, сонан соң саясат» деген мемлекеттік саясат қағидатын алға тарта отырып, мемлекет басшысы жаңа стратегиялық құжатта ұлттық экономиканы дамытудың жаңа қағидаттарына көшуді ұсынды. Осылардың негізінде барлығын түгелімен қамтитын экономикалық прагматизм жатыр. Мемлекеттің қаржы заңнамасының негізінде қаржылық ресурстарды жұмылдыру, бөлу және пайдалану жөніндегі мемлекеттің және басқа экономикалық агенттердің іс-шаралары қаржылық саясат деп аталады. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады. Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржылық саясатына негізделеді.

Елбасы Қазақстан халқына арнаған соңғы жолдауында: «Экономиканы дамытуда жаңа сыртқы тәуекелдерді есепке ала отырып, бізге іскерлік белсенділік және жұмыспен қамтуды ынталандыру үшін жаңа бастамалар қажет. Жаңа экономикалық саясаттың тұғыры мен бүгін жариялағалы отырған инфрақұрылымдық дамудың жоспары болады...», – деп дұрыс көрсетіп отыр. Бұл жолдау өте ерекше, өйткені оның негізгі мазмұны еліміздің экономикалық хал-ахуалын көтеруге, қаржы саясатының дұрыс бағытталуы және қаржылық бақылау мәселесінің сапалы жүзеге асырылуына тікелей байланысты.

«Ақпан айында Ұлттық қордан экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін 2014-2015 жылдарға 500 миллиард теңгеден екі транш бойынша 1 триллион теңге бөлу туралы шешім қабылданған болатын. Басталған жобаларды аяқтау

және аса өткір мәселелерді шешу үшін Үкіметке Ұлттық қордан 500 миллиард теңге көлеміндегі екінші транш қаржысын мына мақсаттарға бағыттауды тапсырамын.

Бірінші. Шағын және орта бизнесті, сондай-ақ ірі кәсіпкерлікті жеңілдікпен несиелеуге қосымша 100 миллиард теңге бөлу қажет. Бұл тамақ және химия өнеркәсібіндегі, машина жасаудағы, сондай-ақ қызмет көрсетулер саласындағы жобаларды жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Екінші. Банк секторын сауықтыру және «жаман» несиелерді сатып алу үшін 2015 жылы проблемалы несиелер қорын қосымша 250 миллиард теңге көлемінде капиталдандыруды қамтамасыз етуді тапсырамын.

Үшінші. Жаңа инвестициялар тарту үшін тиісті жағдайларды жақсарту қажет. Осы мақсатта 2015 жылы «құрғақ порттың» бірінші кешені құрылысын аяқтауға, «Қорғас-Шығыс қақпасы» және Атырау мен Тараздағы «Ұлттық индустриялық мұнай химиясы технопаркі» арнайы экономикалық аймақтары инфрақұрылымдарына 81 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын.

Төртінші. Бұған дейін бөлінген 25 миллиардқа ЭКСПО-2017 кешені құрылысын жалғастыруды несиелеу үшін 2015 жылы қосымша 40 миллиард теңге бөлуді тапсырамын.

Бесінші. ЭКСПО-2017 қарсаңында бізге Астананың көліктік инфрақұрылымын дамыту туралы ойластыру қажет. Астана аэропорты осы жылдың өзінде-ақ өзінің максималды өткізу қабілеті 3,5 миллион адамға жетеді. Сондықтан оның әлеуетін ұлғайту үшін 2015 жылы жаңа терминал құрылысы мен ұшу-қону жолағын қайта жаңғырту үшін 29 миллиард теңге бөлуді тапсырамын. Бұл өткізу қабілетін 2017 жылға қарай жылына 7,1 миллион жолаушыға дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді. Бұл тапсырмалар президенттің көрегендік саясаты негізінде жасалып, еліміздің экономикасын көтеруге сөз жоқ бірден-бір ықпалын тигізеді».

Қаржының басты негізі табыстар мен ақшалай қорларды жасау арқылы мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің, қаржы ресурстарына деген қажеттіліктерін қанағаттандырып отыру және бұл ресурстардың жұмсалыуына бақылау жасау болып табылады.

Мемлекет қаржыны өзінің функциялары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін, белгілі бір мақсаттарға жету үшін пайдаланады. Қойылған мақсаттарды іске асыруда қаржылық саясат маңызды рөл атқарады. Қаржылық саясат экономикалық мүдделерге ықпал жасаудың белгілі бір құралы болып табылады. Елдің қаржы заңнамасының негізінде қаржы ресурстарын жұмылдыру, бөлу және пайдалану жөніндегі мемлекеттің іс-шаралары қаржы саясаты деп аталады. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады. Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді. Қаржы саясаты қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпкілікті мақсаты оның нақтылы нәтижесі болып табылады. Дамыған шет мемлекеттерде қаржы құрылымы барлық бөлімдегі қаржыларды топтап жинай отырып, қаржыландырудың ұлттық мүддесін қорғауға бағытталады. Олар ақша қорларын жасауға жағдай жасап, сол арқылы мемлекет өзінің саяси және экономикалық функциясын іске асырады.

«Қаржы құқығы» оқу құралын типтік оқу бағдарламаға сай дайындап шығару қаржы заңнамасы реформаларындағы болып жатқан қарқынды өзгерістерге байланысты студенттер аудиториясын таныстыру қажеттілігінен туындап отыр.

Оқу құралында пайдаланылған әдебиеттер және әрбір тараудың соңында бақылау сұрақтары берілген.

Қаржы құқығын білу «Құқықтану» мамандығы студенттерін сапалы дайындап шығарудың қажетті элементі болып табылады.

Оқу құралы жоғары және орта кәсіби білім беру мекемелерінде қаржы құқығын жеке оқу пән ретінде оқып үйрету үшін пайдаланылуға арналған.

# 1

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

### 1.1. Қаржы жүйесінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы

2012 жыл 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев ««Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің мемлекетіміздің макроэкономикалық саясаты жаңғыртылуы тиіс», – деді. Ол үшін бюджет саясаты, салық саясаты, ақша-кредит саясаты, мемлекеттік және сыртқы қарызды басқару саясаты сияқты негізгі бағыттар белгіленген. Ақша-кредит саясатына байланысты: «Әлемдік экономикадағы қолайсыз ахуалды ескере отырып, біз инфляциядан әрбір қазақстандықтың кірістерін қорғауды қамтамасыз ететін және экономикалық өсім үшін лайықты деңгейін ұстап тұратын боламыз. Бұл – жай ғана макроэкономикалық мәселе емес, елдің әлеуметтік қауіпсіздігінің және 2013 жылдың өзінен бастап Ұлттық банк пен үкімет жұмысының басты мәселесі.

Қазақстандық банктер өз кезегінде өзінің мақсатын орындауға және нақты экономика секторының кредиттік ресурстарға деген қажеттілігін қамтамасыз етуге тиіс. Бұл ретте қаржылық жүйеге бақылауды әлсіретуге болмайды, банктерді проблемалық кредиттерден тазарту және қорландыру мәселелерімен тығыз айналысу қажет.

Бұл үшін Ұлттық банк пен үкіметке президент әкімшілігінің үйлестіруімен экономиканы қажетті ақша ресурстарымен қамтамасыз етуге бағытталған түбегейлі ақша-кредит саясаты-

ның жаңа жүйесін әзірлеу қажет болады», – деп тікелей атап көрсетті.

Осыған сәйкес Қазақстан Республикасының жаңа қаржы жүйесін қалыптастыру, біздің мемлекетіміздің алдында тұрған басты мәселелердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің экономикалық негізін мемлекеттік материалдық қаржылық қатынастар, ал нормативтік құқықтық базасын қаржылық заңнама және заңға тәуелді нормативтік қаржылық құқықтық актілер құрайды.

Қаржы ұғымы қоғамда өмір сүретін, объективті сипаты мен айрықша қоғамдық арналымы бар өндірістік қатынастарды білдіретін ақшалай қаржы ресурстары мен қорларды жасау және пайдалану процесіндегі экономикалық қатынастарды қамтып көрсететін тарихи қалыптасқан аса маңызды экономикалық санаттардың бірі болып табылады. Қаржы әркез мемлекеттің өсіп дамуымен тығыз байланысты және мемлекеттің пайда болуымен бір уақытта туындаған. Қаржылар мемлекеттің атрибуты болып табылады және мемлекеттің материалдық тірегі ретінде көрініс табады. Негізінде қаржылар ақша түріндегі қоғамдық өнімді бөлуге байланысты экономикалық (ақшалай) қатынастардың айтарлықтай аумағын қамтиды және ақшалай сипатта болады. Қаржылар өте мол ақша қаражаттары қорлары ретінде әрқашанда мемлекет меншігінде болады және жалпы мемлекеттік мұқтаждықтардан қанағаттандыру процесінде басты рөл атқарады. Қаржылар мемлекеттің өсіп дамуының материалдық негізі және оның өзіне тән міндеттері мен функцияларын ақшалай қамтамасыз етудің қайнар көзі болып есептелінеді. Бұл терминнің авторын 1577 жылы «Республика туралы алты кітап» деген еңбегін жазған француз ғалымы Ж. Боден деп есептеуге болады.

«Қаржы жүйесі» ұғымы қаржы ұғымының одан әрі дамуы және нақтылана түсуі болып табылады. «Қаржы жүйесі» ақша қаражаттарының қорларын құру және пайдалану негізіндегі қатынастардың жиынтығын және осы қатынастарды ұйымдастыратын органдарды қамтиды. Өзінің тарихи дамуында қаржы жүйесі ұзақ эволюциядан өтті. Қаржы қатынастарының пайда болуы кезінде қаржы жүйесі тек бір ғана буынмен мемлекеттік бюджетпен шектелді. Классикалық капитализм жағдайында ба- тыстың көптеген өркениетті елдерінің, соның ішінде Кеңестік

Социалистік Республикалар Одағының (КСРО) қаржы жүйесін екі негізгі буын – мемлекеттік бюджет пен жергілікті қаржылар құрады. Олар ақша қорларын қалыптастыруға мүмкіндік берді, бұл буындардың көмегімен мемлекет өзінің саяси және экономикалық функцияларын орындап отырды.

Қаржы жүйесінің ұғымы кейде тар мағынада, тек мемлекеттің қаржы мекемелерінің жиынтығы ретінде қолданылады, бұл жеткіліксіз деп ойлаймыз. Қаржы жүйесі түрлі ерекше белгілер бойынша сыныпталады. Қаржы жүйесі терминінің келтірілген анықтамасында қаржының мәндік сипаттамасын, оның қоғамдық-экономикалық үдерістегі орнын негіздей отырып, қаржы жүйесін сыныптаудың қағидалы моделі қойылған. Осы белгілерге сәйкес қаржы жүйесі мынадай үш бөліктен тұрады:

- 1) қаржылық қатынастардың жиынтығы;
- 2) ақшалай қорлардың жиынтығы;
- 3) басқарудың қаржылық аппараты.

Қаржылық қатынастар өзінің экономикалық табиғаты жөнінен бөлгіштік қатынастар болып табылады, оның үстіне құнды бөлу ең алдымен субъектілер бойынша жүзеге асырылады. Сондықтан қоғамдық өндірістегі субъектілердің рөлі қаржылық қатынастар жіктемесінің алғашқы объективті белгісі ретінде көрінеді. Қаржылық қатынастар негізінен мына екі саланы қамтиды:

- 1) мемлекеттік бюджетке жинақталатын мемлекеттің орталықтандырылған ақшалай қорларын қалыптастырып, пайдаланумен байланысты болатын экономикалық ақшалай қатынастар;
- 2) кәсіпорындардың орталықтандырылмаған ақшалай қорларының толық айналымын ортақтастыратын экономикалық ақшалай қатынастар.

Қаржылық қатынастардың буындарына тән болып келетін тиісті орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақшалай қорлардың жиынтығы қаржы жүйесінің екінші бөлігін құрайды.

Қаржылық қатынастардың нысандары мен ақшалай қорлары басқарылатын материалдық объектіні құрайды. Басқарушы субъект қаржыны басқарудың мемлекеттік және қоғамдық аппараттарының жүйесі – қаржылық аппарат, бұл қаржы жүйесінің

үшінші бөлігі болып табылады. Қаржылық қызметті ұйымдастыру мен жоспарлау үдерісіндегі экономикалық және бақылау жұмысымен, қаржылық қатынастар буындарының байланысын жетілдірумен айналысатын қаржылық аппарат қаржы жүйесінің басқа бөліктерімен өзара тығыз байланысты.

Әдебиеттерде қаржы жүйесінің анықтамасына байланысты көптеген көзқарастар бар. Мәселен, Қазақстан Республикасында қаржылық құқықтың негізін қалаушы ғалым А.И. Худяковтың пікірінше, қаржы жүйесі белгілі бір қаржылық-экономикалық институттардың жиынтығын білдіреді. Сонымен қатар ғалым қаржы жүйесін материалдық және экономикалық мағынада қарастырады. Әрқайсысына жеке анықтама беріп, оларды ажырату қаржы жүйесі ұғымының нақты қай салада қолданып отырғандығын ажыратуға мүмкіндік беретінін ескереді. Материалдық мағынадағы қаржы жүйесі деп ақша қорларының жиынтығын айтамыз. Экономикалық мағынадағы мемлекеттің қаржы жүйесі деп әрқайсысы мемлекеттің белгілі бір ақша қорын негіздейтін қаржы-экономикалық институттардың жиынтығын айтамыз деп көрсетеді.

С.С. Найманбаеваның айтуынша: «Мемлекеттің қаржы жүйесі – мемлекеттің ақша қорлары қалыптасатын және бөлінетін шекарадағы мемлекеттің қаржылық қатынастарының жиынтығы».

Қаржы жүйесі жөнінде кейінгі кезде қалыптасқан көзқарастарды салыстырмалы талдау жасау мақсатында Е.Б. Стародубцеваның көзқарасын келтіруге болады. Е.Б. Стародубцеваның айтуынша, қаржы саласындағы бюджет жүйесі жалпы мемлекеттік, салалық және қоғамдық қаржылық қатынастардан тұрады, сондай-ақ оның құрылу негізіне функционалдық, бағдарлы аумақтар, жүйенің бірыңғайлығы сияқты үш элемент жатады және төмендегідей көрініс табады:

Мемлекеттік қаржылар:

- 1) мемлекеттік бюджет;
- 2) бюджеттен тыс қорлар;
- 3) мемлекеттік кредит.

Сақтандыру:

- 1) әлеуметтік сақтандыру;
- 2) жеке басты сақтандыру;

3) мүлікті сақтандыру;

4) жауаптылықты сақтандыру;

5) кәсіпкерлік тәуекелді сақтандыру.

Кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылары:

1) коммерциялық ұйымдардың қаржылары;

2) коммерциялық кәсіпорындардың қаржылары;

3) қоғамдық ұйымдардың және қорлардың қаржылары.

Сонымен қатар Е.Б. Стародубцеваның Батыс өркениетті әрі дамыған елдердің, мысалы, Англия, Франция, Италия мемлекеттерінің бюджеттік жүйелерінің құрылымын мемлекеттік бюджет; жергілікті қаржылар; арнайы қорлар; мемлекеттік корпорациялардың қаржылары сияқты өте ірі және мол ақша қаражаттары қорлары арқылы көрсетіп өткені орынды болған. Себебі қаржылық құқық теориясы тұрғысынан мемлекеттік емес кәсіпорындар мен ұйымдардың, банктердің және тағы басқа ақшалай қаражаттары қаржы терминімен қамтылмайды.

Ресейлік ғалым әрі заңгер М.В. Карасева қазіргі кезде Ресей Федерациясының бюджет жүйесі келесідей біршама дербес бөліктерден тұрады деп тұжырымдайды:

1) бюджеттік қорлар;

2) мемлекеттік тыс қорлар;

3) мемлекеттік және муниципалдық кредит;

4) сақтандыру қорлары;

5) кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржылары.

А.И. Худяковтың пікірінше, қаржылық құрылысты өзара байланысқан қаржы жүйесі, қаржылық құрылым және қаржылық реттеу құрайды. Қаржылық құрылыс бюджеттік, банктік және т.б. құрылыстарда көрініс табады. «Қаржылық құрылыс» институты «Бюджеттік құрылыс» сияқты және т.б., институттардың құқықтық базасын құрайтын жалпы ереженің (қағидалардың) жиынтығы болып табылады.

Ю.А. Крохина: «Бюджеттік құрылыс бюджет жүйесінің құрамын, оның құрылысының бастапқы негіздерін, бюджет жүйесі деңгейлеріндегі бюджеттердің құқықтық жағдайларын көрсетеді. Бюджеттік құрылыс елдің ұлттық-мемлекеттік және әкімшілік-аумақтық құрылысымен айқындалатын бюджеттердің ішкі жиынтығын, түрлерін және өзара байланысының принциптерін білдіреді. Бюджеттік құрылыстың маңызды белгісі оның

мемлекеттің типі мен нысанына сәйкес келуі болып табылады», – деп көрсетеді. Ю.А. Крохинаның пікірімен келісуге болады, өйткені бюджеттік құрылыс кез келген мемлекеттің нысанына, типіне тікелей байланысты болып табылады. Сол себептен де кез келген мемлекеттің бюджет құрылысы бірдей болмайды, ол әр түрлі.

Бюджет жүйесі әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің өзара байланыстары мен құқықтық нормаларға негізделген экономикалық қатынастардың жиынтығынан тұрады. Республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттер бюджет жүйесінің экономикалық негізі болып табылады. Республикалық бюджет мемлекеттің бюджет жүйесінің маңызды дербес орталық бөлігі болып есептелінеді. Өйткені аталған бюджетте жалпы мемлекеттік сипаттағы шығыстарды қаржыландыруға қажетті бюджеттік ресурстар шоғырландырылады және осы бюджет арқылы ұлттық табысты мемлекет аумағында, яғни әкімшілік-аумақтық құрылымдарда бөлу және қайта бөлу процесі жүргізіледі. Жергілікті бюджеттер де бюджет жүйесінің елеулі бөлігі болып саналады және оның қаражаттары негізінен тиісті аумақтарда білім беру, денсаулық сақтау, басқару салалары мен әлеуметтік-мәдени шараларға жұмсалады.

Ал бюджеттік құрылысқа келсек, онда бірден айтатын жайт, оның негізгі көрінісі мемлекеттің бюджет жүйесін, яғни оның экономикалық негізін (базисін) бюджет жүйесіндегі республикалық бюджет пен жергілікті бюджеттер құрайды. А.И. Худяков: «Бюджеттік құрылыс деп аталатын институт әдебиеттерде (заңи немесе экономикалық болсын – авт.) сипатталған бюджеттік құқықтың барлық жүйелерінде орын алған, бірақ осы жайында қалыптасқан көзқарастарды талдау аталған терминнің мән-жайын әр түрлі тұрғыдан көрсетеді», – деп түсіндірген. Сонымен бірге А.И. Худяков көптеген ғалымдардың қорытынды тұжырымдарын қарастыра отырып: «Бюджеттік құрылыс бюджет жүйесінен (құбылыстың статикасы) және бюджеттік реттеуден (құбылыстың динамикасы) тұрады», – деп көрсетеді. Құрылыстың өзін қандай болмасын құралымдардың, бөліктердің өзара қозғалыстағы жүйесі ретінде сипаттауға болады. Ғалым бюджеттік құрылыс мемлекеттің бюджет жүйесінің ұйымдастырылу құрылысын және оның негізгі бөлімдерінің өзара іс-әре-

кеттерін белгілейтін бюджеттік құқықтың институты болып табылады деген өз көзқарасын дәйекті дәлелдермен негіздеген.

В.М. Мандрица: «Бюджеттік құрылыстың арқасында тұтас бюджет жүйесі жұмыс істейді. Бюджеттік құрылыс бюджеттік өкілеттіліктерге ие болған мемлекеттік органдар жүйесінен тұрады», – деп пайымдаған.

Белгілі Ресей ғалымы Н.И. Химичева: «Қандай болмасын мемлекет өзінің бюджет жүйесін және оның құрылысының принциптерін ұйымдастырады. Бюджеттік құрылыс мемлекеттің құрылысы арқылы анықталады. Унитарлық мемлекетте бюджет жүйесі жергілікті өзін-өзі басқару органдарының құзырындағы мемлекеттік бюджеттен және жергілікті бюджеттен тұрады», – деп көрсетеді.

Н.Д. Эриашвили Ресей Федерациясының бюджеттік құрылысы туралы: «Мемлекет пен оның аумақтық бөлімшелерінің бюджеттік құқықтық мәртебесінің негізі олардың өз дербес бюджеттеріне байланысты құқығы болып табылады. Бюджеттік құрылыстағы аса күрделі проблемаға орталық пен аймақтардың өзара бюджеттік қатынастары жатады», – деген пікірді келтіреді.

Қаржы жүйесі интеграциялық тұрпат жүйесі болып табылады, оған кіретін элементтердің (қосалқы жүйелердің) тығыз байланысымен және оның қосалқы жүйелерінің бірде-бірі өздігінен өмір сүре алмайтындығымен анықталады: қаржы, бір жағынан, өндірістік қатынастардың бір бөлігін білдіреді және сондықтан осы қатынастар жүйесінің элементі болып келеді басқа жағынан, өзінің функциялық қасиеттері бар өзара байланысты элементтерден тұратын жүйе болып табылады.

Жалпы институционалдық тұрғыдан алғанда қаржы жүйесі – бұл қаржы мекемелерінің жиынтығы, ал экономикалық тұрғыдан ол мемлекетте іс-әрекет ететін бір-бірімен өзара байланысты қаржылық қатынастардың жиынтығы екенін естен шығармаған жөн.

Қаржы жүйесінің функциялық құрылысы мынадай негізгі қағидаттарды қанағаттандыруы тиіс:

1) біріншіден, қаржы жүйесінің жеке алынған әрбір буыны ақшалай қатынастардың аса кең шеңберін қамти алады, бұл жалпы категория болып табылатын қаржыға ғана тән қасиет;

2) екіншіден, тұтас алынған қаржы жүйесі әрбір нақты сәтте объективті экономикалық категория ретінде қаржының қағидалы мәндік сипаттамаларына және функциялық арналымына дәл сәйкес келуі тиіс.

Қаржы жүйесін сыныптаудың функциялық критерийінен басқа қаржы субъектілерінің (қаржылық қатынастардағы қатысушылардың) белгісі бойынша сыныптау қолданылады, бұл қаржы жүйесін буындар бойынша үшке бөлеміз:

- 1) мемлекеттің қаржысы;
- 2) шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржысы;
- 3) халықтың (ұй шаруашылықтарының) қаржысы.

Қаржы жүйесін құрайтын жеке элементтердің орны мен рөлі бірдей емес. Бастапқы (басты) элемент жүйенің басқа элементтерінің арасында алдыңғы орынды алады, өйткені жүйе элементтері мен буындардың өзара байланысындағы оның рөлі айқындаушы болып табылады. Бұл – бірінші кезекте мемлекеттік бюджетпен көрінетін мемлекеттің қаржысы.

Мемлекеттің қаржысы – қоғамдық өнімнің құнын және ұлттық байлықтың бір бөлігін бөлу және қайта бөлу туралы, мемлекет пен оның шаруашылық субъектілерінің қарамағына қаржылық ресурстарды қалыптастырумен және мемлекеттің қаражаттарын олардың жұмыс істеуімен байланысты шығындарға жұмсаумен байланысты ақшалай қатынастар. Ол қаржылық ресурстардың орталықтандырылған қорын жасаудың экономикалық нысаны мен мемлекеттің негізгі қаржы жоспары ретіндегі мемлекеттік бюджетте, қоғамдық мұқтаждарды мақсатты қаржыландырудың қосымша көзі ретіндегі бюджеттен тыс арнаулы қорларда, мемлекеттік кредитте көрінетін қаржылық қатынастарды біріктіреді.

Мемлекеттік кредит кредиттік қатынастардың қаржылық қатынастардан айырмашылығы болғанымен қаржы жүйесіне біріктіріледі. Бірақ кредиттің бұл түрі мемлекеттік бюджеттің тапшылығын жабу, мемлекет қаржысының орнықтылығын қамтамасыз ету мақсатына бағытталатындықтан, ол бойынша есеп айырысу бюджеттік қаражаттар есебінен жүзеге асырылатындықтан бұл қосалқы буынды қаржы жүйесіне де, сондай-ақ кредит жүйесіне де жатады деп санауға болады.



Қаржы жүйесіне сақтандыруды да жиі жатқызады, алайда көптеген ғалымдар оны дербес, бірақ қаржымен өзара іс-әрекет ететін категория деп есептейді.

Материалдық өндіріс саласының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаржысы қаржылардың негізін құрайды, материалдық өндірісте нақты өнім – қоғамның қаржылық ресурстарының негізгі көзі жасалынатындықтан ол қаржы жүйесінің бастапқы буыны болып табылады. Шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының біршама екі дербес қосалқы буыны болады:

- 1) материалдық өндіріс саласының (нақты сектордың) барлық шаруашылық жүргізуші субъектілерінің қаржысы;
- 2) қызметтер аясы салаларының ұйымдары мен мекемелерінің қаржысы.

Бірінші буында материалдық өндіріс саласы қаржыларында өндірістік компанияларда, фирмаларда, корпорацияларда, шаруашылық қызметті ұйымдастырудың басқа нысандарында орталықтандырылмаған ақшалай қорларды қалыптастыру мен тиімді пайдаланудың, сондай-ақ қаражаттарды аталған шаруашылық жүргізуші субъектілердің жоғарғы органдарының мақсатты және резервтік қорларына орталықтандырудың мәселелері шешіледі. Бұл қосалқы буынның қаржысы өндірістік тірлікке қызмет етеді, еңбек өнімділігінің өсуіне, өндірістің басқа сапалық көрсеткіштерінің тиімділігін арттыруға қаржылық тұтқалардың белсенді ықпалын қамтамасыз етеді. Бұған төменгі буындар мен олардың жоғарғы органдарын қамтитын мына құрамдастардың: өнеркәсіп, ауылшаруашылығы шаруашылық жүргізуші субъектілерінің, құрылыстың, байланыстың (өндіріске қызмет көрсету бөлігінің), өндірістік кооперацияның, су шаруашылығының, геологиялық барлау ұйымдарының, материалдық-өндіріс сферасының басқа қосалқы салаларының (айналыс аясында өндіріс үдерісінің жалғасымен байланысты мемлекеттік сатып алулар, дайындау, сауда) қаржылары жатады.

Қаржы жүйесіндегі екінші қосалқы буының қызметтер саласы қаржысының орны мен рөлі оның ұлттық табысты бөлу және пайдалану жөніндегі байланысымен айқындалады. Бұл қосалқы буында қаржылық қатынастар оның бастапқы құрылымдарында және олардың арасында, қаржы жүйесінің басқа буындарының, өзге экономикалық жүйелердің – бағалардың, кредиттің және басқа буындардың арасында пайда болады.

Өндірістік емес сфера салаларының қаржылары мынадай құрамдастарды біріктіреді: тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықтың, халыққа қызмет көрсету, көлік, тұтыну кооперациясы, бірқатар сапалардың (байланыс және өндірістік емес қызмет бөлігіндегі басқалары) денсаулық сақтау және дене шынықтыру, білім беру, мәдениет және өнер, ғылым және ғылыми қызмет көрсету ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың, банк-кредит және сақтандыру ұйымдарының, коммерциялық және делдал ұйымдарының (соның ішінде тауар және қор биржаларының, брокерлік кеңселердің, қорлардың және т.б.), басқару органдарының, қорғаныс, құқық қорғау органдарының қаржылары.

Шаруашылық жүргізуші субъектілерде қаржылық қатынастар түрлі мақсатты сипаттағы саналуан ақшалай қаражаттар қорларын қалыптастыру арқылы одан әрі тұтыну мақсатында құнды қайта бөлудің арналары бойынша бұрын жасалынған құнның қозғалысына қызмет көрсетеді.

Халықтың (үйшаруашылықтарының) қаржысы қаржы жүйесінің ерекше бөлігі болып табылады. Халық (азаматтар) өзінің ақшалай қаражаттарымен жалпы мемлекеттік қаржы жүйесімен және меншіктің барлық нысандарының шаруашылық жүргізуші субъектілерінің өндірістік және өндірістік емес сфераларымен қарым-қатынас жасайды. Бұл сан алуан қатынастар халыққа еңбекақы төлеумен, жинақтаушы зейнетақы жүйесіне ақшалай қаражаттардың аударымдарымен және төлеумен, материалдық және материалдық емес игіліктерді алумен байланысты; басқа жағынан, халық өзінің ақшалай табысынан салық төлейді, өндірістік және өндірістік емес салалардың мемлекеттік және басқа мекемелер мен ұйымдардың қызметін төлейді.

Сонымен бірге азаматтардың жеке-дара және шағын кәсіпкерлікпен айналысумен байланысты бұл салада көлемді қаржылық қатынастар пайда болады. Мұндай қатынастар айырбасқа жататын сауда орындарында, нарықтарда, халыққа қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдарда (көлік, байланыс, тұрмыстық сектор және т.б.) тұтыну тауарлары мен қызметтерді сатып алуға байланысты болатын ақшалай қатынастарды қоспағанда, қаржылық қатынастар болып табылады және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылары саласында пайда болатын қатынастарға ұқсас болып келеді. Сонымен бірге халықтың ақша-

лай қаражаттарының әрбір жеке жағдайда мақсатты бағыттылығының немесе жинақталуының мүмкін болатынымен және олардың иелері қаражаттарды өзінің ойынша басқарып ұйымдастыра алатынымен, халық қаржысының өзіндік ерекшелігі қаржы жүйесінің екі сипатты бөліктерінің – қор нысаны мен сыртқы басқарудың өзгешілігінде болады. Азаматтардың дара және шағын кәсіпкерлікпен айналысумен байланысты бұл буында кең қаржылық қатынастар пайда болады. Мұндай қатынастар шаруашылық жүргізуші субъектілері қаржысының буынында пайда болатын қатынастарға ұқсас болады.

Қаржылық қатынастар салаларының әрқайсысының ішінде буындар бөлінеді оның үстіне қаржылық қатынастарды топтастырып, мақсатты ақшалай қорлардың құрамы мен арналымына белгілі бір әсер ететін субъект қызметінің сипатына қарай жүргізіледі. Бұл белгі кәсіпорындар мен ұйымдар қаржысы саласында мынадай буындарды бөлуге мүмкіндік береді:

- 1) коммерциялық кәсіпорындар мен ұйымдардың қаржысы;
- 2) коммерциялық емес ұйымдардың қаржысы.

Қаржы жүйесінің әр буыны өз кезегінде буыншыларға (ондағы қаржының өзара байланысының ішкі құрылымына сәйкес) бөлінеді. Мәселен, салалық бағыныштылығына қарай коммерциялық негізде жұмыс істейтін кәсіпорындар (ұйымдар) қаржысының құрамына өнеркәсіп, ауылшаруашылығы, сауда, көлік, құрылыс және т.б. кәсіпорындарының қаржылары, ал меншік нысанына қарай мемлекеттік, акционерлік, жеке және басқа кәсіпорындардың қаржылары болып мүшеленеді.

Мемлекет қаржысының құрамында буындар ішіндегі қаржылық қатынастарды топтастыру, мемлекеттік басқарудың деңгейіне (республикалық, жергілікті) сәйкес жүзеге асырылады. Сақтандыру қатынастары саласында буындардың әрқайсысы сақтандырудың түрлеріне (жалпы сақтандыру, өмірді сақтандыру) байланысты бөлінеді. Өзінің ортақ қағидалы біртұтастығына қарамастан қаржылық қатынастарды ұйымдастырудың нысандары мен олардың сыртқы көрінісі әр түрлі. Бұл мағынада қаржы құрамы туралы айтуға болады. Қаржылық қатынастардың салалары мен буындары өзара тығыз байланыста болады және елдің біртұтас қаржы жүйесінің құрамын құрайды. Сонымен бірге қаржы құрамын мемлекеттің қаржылық саясатын жүзеге


асыруға қызмет ететін нақтылы қаржы органдары болып табылатын қаржы жүйесінен ажырата білген жөн.

Еліміздің қаржы жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің ішінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы «Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы» атты №954 қаулысы бар. Аталған тұжырымдаманың негізгі мақсаты бәсекеге қабілетті қаржы секторын құру және оның экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының стандарттарын қоса алғанда үздік халықаралық стандарттар негізінде экономикада ресурстарды қайта бөлудегі тиімділігін арттыру болып табылады. Тұжырымдама шеңберінде мынадай міндеттерді іске асыру көзделеді:

- 1) әлеуетті күйзелістер туындаған жағдайда қаржы жүйесінің орнықтылығына қолдау көрсетуге қоғам мен мемлекеттің шығасыларын төмендету;
- 2) экономикалық ықпалдасу жағдайында қаржы секторының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- 3) қаржы жүйесінің сапалы дамуы үшін инфрақұрылымды жетілдіру және оңтайлы жағдайлар жасау;
- 4) қаржы секторының өсу ресурстарын, оның ішінде экономиканың қажеттілігіне сәйкес келетін қаржы өнімдерінің есебінен кеңейту;
- 5) теңдестірілген экономикалық жағдайларға қолдау көрсету және экономикадағы кредиттік тәуекелдерді төмендету.

Мемлекеттің қаржы ресурстарын жұмылдырудағы күш-жігері бірінші кезекте ішкі инвесторларға бағдарланады. Экономиканың ішкі ресурстары өзінің әлеуетін сақтайды және ішкі, оның ішінде көлеңкелі секторда айналыстағы жинақ ақшаны тез және ауқымды тарту жөніндегі құралдарды жедел енгізу қажет. Сонымен қатар Қазақстанның шағын экономикасына қатысты жағдайларда ресурстардың шектеулілігі шетелдік инвесторлардың қаражаттары мен ресурстарын индустриализациялау бағдарламасын қаржыландыру процесіндегі жоғары маңыздылығын айқындайды.

Бұл үшін мемлекеттің ерте кезеңде жүйелік тәуекелдерді және олардың көріністерін анықтау, алдын алу және енсеру қабілеттерін арттыру үшін қадағалау және реттеу жүйесін нығайту



жөніндегі, қаржы ресурстарын жұмылдыру мәселелеріндегі мемлекеттің рөлін айқындау жөніндегі, қаржы ұйымдары жүзеге асыратын қызметтің айқындылығын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер іске асырылады. Сонымен қатар инвесторларды және қаржылық қызмет көрсетулерді тұтынушыларды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі рәсімдер жетілдіріледі. Корпоративтік басқару және қаржы ұйымдарының тәуекел-менеджменті одан әрі дамиды.

Әлемдік қаржылық дағдарысты тежеудің бірден-бір механизмі – Қазақстан Республикасында қаржылық жүйені дұрыс жоспарлау. Инновациялық экономиканы жетілдіру кезеңінде қазіргі әлемдік қаржылық дағдарысты тежеу үшін Қазақстан Республикасында жаңа қаржылық жоспарлаудың ірі жүйелерін енгізу, кәсіпорындағы бизнес үдерістер ұйымдастыруды, ретке келтіруді талап етеді. Сәйкесінше енгізу мерзімі кәсіпорынның өзгерістерге дайын болуына толық байланысты және бірнеше апталардан бірнеше айларға дейінгі мерзімді алуы мүмкін.

Қаржы жүйесіндегі дағдарыстан шығу жолдары мен іске асырылып жатқан шараларға дұрыс баға беру және олардың оң-терісін түсіну үшін жалпы адамзат тарихында болған қаржы-экономикалық дағдарыстарына шолу жасап шыққан артық болмас.

Әлемді дүр сілкіндірген қаржы дағдарыстарының бірі 1929 жылғы дағдарыс болатын. Сол кезеңдегі дағдарыстың негізгі себебі тауарға жоғары бағаны және төмен жалақыны ұстап тұрған монополияның басым болуында еді. Дағдарыс акциялар құнының күрт түсуінен басталды. Түбегейлі өзгерістің болатындығына ешкім сене қоймаған болатын. Бірақ бірнеше күннің ішінде Нью-Йорк қор биржасындағы құн құлдырауының нәтижесінде байбалам салынып, акция иелері қолдарында бар акциялардың барлығын сата бастады. Қолда бар акцияларының құны құлдырай бастаған компаниялар мен жеке тұлғалар орасан зор шығындарға ұшырады. Биржалық саудаға қатысушылардың арасында басталған дағдарыс төлемқабілетсіздік арқылы АҚШ-тың бүкіл экономикасын жаулай отырып, Еуропа елдеріне де ауысып үлгірді. Банктердің ішінде банкроттыққа ұшырамаған банк болмады. 1929 жылғы Ұлы депрессия сол кезде осылайша сипатталған екен.

1929 жылғы қаржы дағдарысы дефляция (айналымдағы банкнот пен қағаз ақшаның сатып алу құнын күшейту) мен қайта өндіріс дағдарысын тудырса, қазіргі заманғы дағдарыстан рецессия мен дефляцияны күтуге болады.

Қаржы дағдарысымен күрестің көпшілікке кеңінен танымал жолын АҚШ-тың президенті Франклин Рузвельт ұсынған болатын. АҚШ-тың президенті капитализмді әлеуметтендіруді, мемлекеттің рөлін күшейтуді, мемлекеттің шығыстарын арттыруды, монополияға қарсы реттеуді ұсынған еді. Коммерциялық банктерге бағалы қағаздармен жұмыс істеуге тыйым салған Гласс-Стигал заңы қабылданды. Осылайша, коммерциялық банктер салымшыларының тәуекелге баруына ықпал ету (тәуекел азая түсті) іске асырылды. Депозиттерді сақтандыру туралы заң қабылданып, депозиттерді сақтандырудың федералдық корпорациясы құрылды. Атаулы корпорацияға банктер резервтерінің сомасын реттеу құқығын беру үкіметтің несиелерге қолжетімділігіне ықпал ету құралын берді. Бағалы қағаздар нарығын реттеу үшін Бағалы қағаздар мен биржалар жөніндегі комиссия құрылды. Пайыздық ставкаларды түсіріп, қаржы саласында және басқа да әлеуметтік-экономикалық салаларда мемлекеттік реттеуді күшейту жөніндегі жұмыстар жүргізіле бастады.

АҚШ-тың экс президенті Рональд Рейганға дейін болған президенттер мемлекеттің ел экономикасына араласу мүмкіндігін ескере отырып, Ф. Рузвельт қалаған бағытта қызмет етсе, Р. Рейганның билік басына келуімен жағдай кішкене өзгерген болатын. Р. Рейган ұсынған модель бойынша салықтар қысқартылды, мемлекеттің ел экономикасындағы рөлі азая түсті, әскери-өнеркәсіптік кешен кәсіпорындарына мемлекеттік тапсырыстың саны арта түсті. Салықтардың қысқартылуы халықтың сатып алу қабілетін арттырды. Р. Рейганның пікірінше, Федералдық үкімет экономикаға көп араласатын. Сол себепті Р. Рейганның басқаруы кезінде бірқатар мәселелер бойынша, айталық, сатып алушылармен, жұмыс орындарымен және қоршаған ортаны қорғаумен байланысты мәселелерде мемлекеттік реттеуді қысқарту жөнінде жұмыстар белсенді жүргізілді. Осы мақсаттарды іске асыру үшін көптеген әлеуметтік бағдарламалар қысқартылды. Мемлекеттің қарыздары мен бюджет дефициті арта түсті. АҚШ ірі кредитордан ірі борышқорға айналды.

XXI ғасырдағы дағдарыстың алғашқы белгілері 2000 жылдың өзінде сыр берген болатын. АҚШ-тың Орталық банкінің басшылығы ел экономикасын қолдаудың стратегиясына сәйкес есептік ставканы 0,1 пайызға дейін түсіріп, экономикалық процестердің белсенділігін қамтамасыз етті. Осылайша, ел экономикасының айналымы арта түскен болатын. Арзан ақша саясаты қаржы нарығындағы пайыздық ставканың да түсуіне әкелді. Арзаншылық жағдайды пайдаланып қалғысы келген халық несие алып, пәтерлер сатып алу немесе тұрғын үй құрылысын жүргізу қарқынды жүре бастады.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына жасаған «Дағдарыстан жаңаруға және дамуға» атты жолдауында: «Бүгінгі күні бүкіл әлем экономикалық дағдарыстың салдарын басынан кешіріп отыр. Біз тіпті ең дәулетті деген мемлекеттердің экономикасын дүр сілкіндірген жаһандық қаржылық цунамидің куәсі болып отырмыз. Бұл құбылыстың жаңғырығы бізді айналып өтпегендігіне таңғалмаймыз», – деп атап өткен болатын. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың осы жолдауы Қазақстан Республикасын қаржылық дағдарыстан шығарудың бірден-бір жолын көрсететін және еліміздің экономикасын қарқынды дамытын экономика дәрежесіне көтеруді көздейтін құжат еді.

Әлемдік қаржылық дағдарыс тұрғысынан қарағанда ақшанесие саласындағы мемлекеттік реттеуді күшейту мәселесі жөнінде ойланған дұрыс болар еді. Шын мәнінде, қазіргі сәтте бізге әлеуметтік нарықтық экономикаға сәйкес келетін ережелер бойынша жұмыс істейтін қаржылық нарық қажет. Алайда қаржы нарығына арналған жаңа ережелер халықаралық нормаға айналғанда ғана жұмыс істей бастайды. Сондықтан да дағдарыстың салдарын күтпей, оның алдын алу жөніндегі шараларды қазірден бастап қолға алған жөн.

Тарихқа көз жүгіртсек, Қазақстан Республикасы үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банктің және Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігінің «Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2011 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарында» қарастырылған шараларды жүзеге асыру үшін Қазақстан экономикасы республикалық бюджетте қаралған қаржыларға қосым-

ша 2,2 триллион теңгеден кем емес көлемде мемлекеттік қолдау жасалып, ұлттық қор қаржысы есебінен 1,2 триллион теңге бөлініп, одан қаржы секторын тұрақтандыруға 480 млрд теңге; жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешуге 360 млрд теңге; шағын және орта бизнесті қолдауға 120 млрд теңге; Агроөнеркәсіп кешенін дамытуға 120 млрд теңге; инновациялық, индустриялық және инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға 120 млрд теңге қарастырылды. Республикалық бюджеттен бөлінген 122 млрд теңге «Стресті активтер қорын» капиталдандыруға арналды. Ұлттық банк қарастыратын 350 млрд теңге ең кіші талаптарды ішкі міндеттемелер бойынша 5 пайыздан 2 пайызға дейін, басқа міндеттемелерді 7 пайыздан 3 пайызға дейін төмендету арқылы екінші деңгейдегі банктерге олардың ресурстық базаларын 350 млрд теңгеге дейін ұлғайтуға, ал жаңа Салық кодексінің жұмыс істеуі шеңберінде салықтық ауыртпалықты төмендету кәсіпорындарға тек 2009 жылдың өзінде ғана шамамен 500 млрд теңгені босатып, оларды экономиканы дамытуға бағыттауға мүмкіндік берді.

Қаржылық дағдарыс жағдайында Қазақстанның банк жүйесін қолдау мақсатында үкімет тарапынан тұрақтандыру шараларын қабылдаудың маңызы зор болды. Қаржылық қолдау жасау үшін банктерді таңдау барысында банк капиталының көлемі ескерілсе, кейіннен отандық экономиканы несиелендірудегі үлесі, жеке тұлғаларды несиелендірудегі үлесі, жеке тұлғалардың депозиттерін жинақтаудағы үлесі, төлеп отырған салығының көлемі, қызметкерлерінің саны ескерілді. Осының негізінде Қазақстан үкіметі, Ұлттық банк және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі Қазақстан Республикасы банк секторының капиталдану деңгейін одан әрі арттыру бағытында бірқатар шаралар қабылдады, яғни банк жүйесінің алдыңғы қатарлы коммерциялық банктері: Тұран Әлем банкіне, Халық банкіне, Қазкоммерцбанкке және Альянс банкіне олардың жай акцияларын, артықшылығы бар акцияларын және субординацияланған облигацияларын сатып алу жөнінде ұсыныс жасады.

Атаулы банктерді қолдау банктердің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді тартымды активтерін қамтамасыз ету бағыттары бойынша жүргізілді. Ұзақ мерзімді тартымды капиталға қатыс-

ты акцияларды сатып алу үшін олардың қосымша эмиссиялары шығарылып, бұл акцияларды сатып алу бірінші кезекте банк акционерлеріне ұсынылды. Акцияларды сатып алудан акционерлер бас тартқан соң ғана «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры арқылы аталған акциялар сатып алынған болатын. Қысқа мерзімді капиталға қатысты қолданылатын негізгі тетіктердің бірі банктерден талап етілетін олардың өзіндегі сақтық қорының төменгі мөлшерлі деңгейін екі пайызға дейін төмендету жолымен жүзеге асырылды.

Қазақстан президенті Н.Ә. Назарбаев әлемдік қаржы жүйесіндегі дағдарыс себептерін саралай келе, дағдарыстан шығу мақсатында атқарылып жатқан шаралардың дүниежүзілік тәжірибесін талдау арқылы мазмұны жағынан маңызды, тәжірибе тұрғысында теңдесі жоқ байыпты ұсыныстарды қамтитын тұжырымдама жасады. Елбасының еңбектерінде қаржы жүйесінің проблемалары орынды қарастырылып, сипаты жағынан жан-жақты анықталған.

Елбасы «Дағдарыстан шығу кілті» мақаласында: «Бүгінде елдер мен континенттерді тітірентіп тұрған жаһандық әлемдік дағдарыс, бұл – адамзат әлі біліп болмаған айрықша құбылыс. Ол әлем тарихында теңдесі жоқ және әлемдік тәртіпті, барлық экономикалық бастауларды түбегейлі өзгертетін құбылыстар санатына жататыны анық. Сондықтан да оны талдауға, ой елегінен өткізуге және еңсеруге барлық ескі догмалар мен стереотиптерді қайта қарастыратын жаңаша көзқарас қажет», – деп жазған болатын.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаев өз еңбегінде алдағы уақытта осы секілді дағдарысты болдырмас үшін әлемдік капитал қорын қалыптастыру, әлемді жаңа нысанда қайта құру, әлем елдері арасындағы байланысты жаңа қарқында қалыптастыру идеяларын ортаға салды.

Қазақстан экономикасы дамуының сәттілігі табысты экономикалық реформалармен және қаржы нарығындағы түбегейлі оң өзгерістермен түсіндіріледі. Дегенмен Қазақстанның өркендеуі үшін нарықты тиімді дамыту және экономикаға инвестициялар тарту үшін қажетті заңнаманы қалыптастыру және оны жетілдіріп отыру қажет.

Шет мемлекеттерден түскен көптеген инвестиция түріндегі қаржылар қазақстандық банктер үшін тиімді болғанымен, әлем-

дік экономикаға тәуелділік салдарынан АҚШ-тағы ипотекалық дағдарыстың нәтижесінде әлемдік қаржы нарықтарынан несие алу тоқтатылды. Дүниежүзін дүрліктірген дағдарыстың салдары іскерлік белсенділіктің саябырлауына әкеліп отыр. Бір сөзбен айтқанда, әлемдік қаржы нарықтарындағы жағдай әрі тұрақсыз, әрі болжауға болмайтындай болды.

Экономикалық дамудағы тұрақтылық, жағымды инвестициялық жағдай, қаржылық сектордың қарқынды дамуы Қазақстанға әлемдік экономикадағы өз орнын табуға мүмкіндік берді. Әлемдік экономикалық жүйенің бір бөлігіне айналған Қазақстан экономикасы, әсіресе оның банк жүйесі 2007 жылдан бері жалғасып келе жатқан қаржылық дағдарыстың теріс ықпалын сезініп отыр. 2007 жылғы дағдарыстың негізгі салдарының бірі – шетелдік қаржыландырудың азаюы және сәйкесінше, отандық коммерциялық банктердің несие беру қарқынының төмендеуі болды. Осылайша, қалыптасқан қиын жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің алдында инфляцияны төменгі деңгейде ұстап тұру міндеті тұрды.

2007 жылдың 2-жартысында әлемдік тауар нарықтарында бағаның өсуі (дәнді дақылдар, өсімдік майы, мұнай, шикізат тауарлары) инфляцияның күрт өсуінің негізгі себебі болды және сәйкесінше Қазақстандағы осы тауарларға және олардан өндірілетін өнімдерге бағаның өсуімен ықпал етті. Қазақстан Республикасының Ұлттық банктің алдында қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз ету міндеті тұрды және туындаған өзекті мәселені шешу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі қаржылық жүйені ақшалай-несиелік реттеу құралдарының тиімділігін жетілдіру және арттыру жөніндегі шараларды қабылдады. Қаржылық тұрақтылықты, мемлекеттік органдардың өзара қатынасының тиімділігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ қаржылық тұрақтылық үшін қауіпті болатын жайларды уақытында анықтау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру үшін, қаржы қатынастары субъектілерінің тәуекелдерін реттеу жөніндегі үйлесімді саясаты жүргізу үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық банк және Қаржылық қадағалау жөніндегі агенттік 2007 жылы 10 қарашада қаржылық тұрақтылық жөніндегі меморандумды қабылдаған болатын. Меморандум қаржылық тұрақтылықты қамтамасыз етудің негізгі принциптерін, әрбір тараптың қаржылық тұрақты-

лықты қамтамасыз ету жөніндегі міндеттерін және рөлін, ақпараттық қызметтестік тәртібін, сондай-ақ жүйелі түрде болып отыратын дағдарыстардың жағымсыз ықпалын минимумға жеткізудің принциптерін және тетіктерін анықтады.

Атаулы дағдарыстар еліміздің қаржылық жүйесіне, соның ішінде банк жүйесіне оң ықпалын тигізгені сөзсіз. Өзектілік сипатындағы өзгерістер бүтіндей ел экономикасын жақсартуға да мүмкіндігін берді.

Дағдарыстан шығудың әлемдік тәжірибесі де көңілден тыс қалмайтындығы сөзсіз. Әлемдік тәжірибеде проблемалы банктердің активтерін сатып алу үшін арнайы ұйымдар құру тәжірибесі жиі кездеседі. Мұндай ұйымдарды мемлекет немесе банктердің өзі құруы мүмкін. Осындай шараны іске асырудың негізгі мақсаты банктің балансын жақсарту болып табылады.

Проблемалы банктердің активтерін сатып алу үшін арнайы құрылым – қор құру жөніндегі идея қазақстандық банк секторына да жат болмай шықты. Атаулы шараның мемлекет тарапынан іске асырылуы әкімшілік және бюрократиялық кедергілерді болдырмайды, сондай-ақ қарапайым азаматтардың мүдделерін ескереді. Ал банктер бірлестігі халықтың қамын ойламай, жеке мүдделерін қамтамасыз етумен шектеліп қалуы әбден мүмкін.

Қалыптасқан жағдайда дағдарыстан шығуды және тараптардың мүдделерін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының үкіметі бірқатар жұмыстар атқарды. Негізгі мақсаты – банктік несиелерді сатып алу және оларды басқару болып табылды.

Қаржылық тұрақсыздық пен дағдарысқа және оның болуы мүмкін деген салдарына мемлекет тарапынан жедел шаралар қолдану мақсатында 2008 жылы 23 қазанда «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша бірқатар заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң қабылданған болатын. Заңның алдына қаржылық жүйедегі тәуекелді анықтаудың тетіктерін жетілдіру; қаржылық ұйымның қаржылық жағдайын жақсарту жөніндегі уәкілетті органның талаптарын қаржылық ұйымның акционерлері орындамаған жағдайда уәкілетті органның өкілеттіктерін кеңейту; уәкілетті органның екінші деңгейдегі банктердегі өкілдерінің мәртебесін, функцияларын және өкілеттіктерін заңды түрде бекіту; қаржы-

лық ұйымның мойнына алған міндеттемелері үшін жауапкершілігін арттыру мақсатында қаржылық ұйымның басшы қызметкерлеріне және ірі қатысушыларына қойылатын талапты күшейту секілді мақсаттар қойылды.

Қаржылық дағдарыс кезеңдерінде банк жүйесінің алдында қаржыландырудың сыртқы көздерінен ішкі негіздерге ауысу қажеттігі толастаған емес. Мұндай қажеттілік еліміздің қаржылық жүйесін реттеудің жаңа қаржылық құралдарын енгізу арқылы ғана жүзеге асырылуы мүмкін екендігі сөзсіз.

Банк секторындағы дағдарыс банкирлер үшін де, банк клиенттері үшін де аса өзекті мәселе болып отыр. Алайда дағдарыстың теріс ықпалымен қатар оң жақтары да бар. Басқа мемлекеттердің тәжірибесі көрсеткендей, банк секторын реформалау дағдарыс уақытында қолға алынып жатады. Қазақстан да дәл осы жолды тандап алды. Ол, бірінші кезекте, үкіметке банк жүйесін реформалауға мүмкіндік береді. Реформалау коммерциялық банктерді қаржыландыру жүйесін құру; Ұлттық банк тарапынан жаңа көзқарасты қалыптастыру; банк секторын жұмылдыру секілді шараларды іске асырумен сипатталады.

Қаржылық дағдарыс өндірісін қаржыландыруға қаражат тартуға қабілетсіз өндіріс орындарын миллиондаған шығындарға әкелуде. Мәселенің өзектілігі халықтың тұтынушылық белсенділігінің төмендеуімен күрделене түсуде. Қаржылық салымдар банктік жүйені сауықтыруы және өндіріс орындарын несиелеудің тетіктерін қайта қосуы мүмкін деген үміт өзін-өзі ақтамады. Қор нарығындағы дағдарыс валюта нарығындағы дағдарысқа ұласуда.

Қаржылық қызмет көрсету саласындағы өзгерістер, оларда болып жатқан жаңартулар мен операциялардың күрделілігі кәсіптілікті арттыруды, жедел шешім қабылдай білуді, қаржы нарығын реттеудің неғұрлым жаңа және тиімді әдістерін талап етеді.

Болашақта банк секторын одан әрі дамыту және қаржы нарығын реттеуді жетілдіру мақсатында қаржы нарығы саласындағы тәуекелдерді қадағалау және басқарудың халықаралық стандарттарын, үйлесімді қадағалауды енгізу қажет болады. Осылайша, Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі банк секторының тұрақты қызмет етуі мемлекеттік органдардың және банк секторының үйлесімді жұмысымен қамтамасыз етіліп

отырған, болашақта қарқынды экономикалық даму мүмкіндігі бар, тұрақты дамып келе жатқан экономикасы бар мемлекеттердің бірі деп тұжырым жасауға болады.

Соңғы уақытта елімізде орын алған теңге бағамына қатысты өзгерістер елді дүр сілкіндіргені рас. Теңге бағамының өзгерісін пайдаланып, халық арасында шу шығарып жүргендер де жеткілікті. Сондықтан да бұл шара еліміздің экономикасын қорғауға бағытталған шара екендігін ел арасында түсіндірудің маңызы зор. Жалпы, қаржы дағдарысынан шығудың әлемдік тәжірибесіне шолу жасау арқылы осы мақсатта елімізде атқарылып жатқан іс-шараларға баға беру жолымен дүрлігудің, негізсіз шу шығарудың қажет емес екендігін түсінген жөн.

Елбасының «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына жолдауы экономикалық дағдарысты жанай өтудің бірден-бір сара жолы болып табылмақ. Қаржылық дағдарыстан шығудың кеңінен танымал жолдары әлеуметтендіру саясатын жүргізу, мемлекеттің рөлін күшейту, мемлекеттің шығыстарын арттыру, монополияға қарсы реттеуді қолға алу екендігін ескерер болсақ, Қазақстан Республикасында атқарылып жатқан және одан әрі жалғасын табатын шаралар оң нәтиже берері сөзсіз.

Кез келген мемлекеттегі қаржы жүйесінің дұрыс қойылмауы қаражаттың сыртқа кетуіне де түрткі болады. Ондай жағдайлар бізде де орын алған. Мәселен, Мәжіліс депутаты Омархан Өксікбаев еліміздегі аффилирленген компаниялардың салықты дер кезінде төлемеуінен елден сыртқа кеткен қаржы көлемі белгілі бір мөлшерден асып кеткенін айтқан. Мұндай пікірді өткен жылдың қазан айында Ұлттық банктің экс төрағасы Г. Марченко елден кеткен қаржы көлемі елге келіп жатқан инвестициядан екі-үш есе көп екенін айтып, растаған. Ұлттық банктің экс төрағасы Қайрат Келімбетов болса сырттан келіп жатқан, сыртқа кетіп жатқан қаржы үкіметтің бақылауында екенін айтады. «Халықаралық рейтингтердің көрсеткіші бойынша, біздің ел экономикасы дамыған елдердің қатарында тұр. Инвесторлардың біздің елге көзқарасы дұрыс. Ұлттық қордағы қаржыны сақтау үшін біз оны дамушы елдерге, Еуроодақ аймағына инвестициялаймыз», – деген Қазақстан Республикасының Ұлттық банкінің экс төрағасы Қайрат Келімбетов.

2000-2008 жылдар аралығында елімізден сыртқа заңсыз шығарылған қаржының көлемі 126 миллиард долларға жеткен дейді Global Financial Integrity (GFI). Халықаралық саясат орталығының бағдарламасы болып табылатын Global Financial Integrity – коммерциялық емес ғылыми зерттеу ұйымы. Олардың мәліметінше, Тәуелсіз мемлекеттер достастығы (ТМД) мемлекеттерінен біз тек Ресейді ғана алдымызға салып отыр екенбіз. Терістіктегі көршіміздің сыртқа ағылған қаражаты 427 миллиард доллардан асқан. Халықаралық ұйымның сарапшылары елімізді аталған көрсеткіш бойынша әлемде 11-орынға қойыпты. Орны ойсырап тұрған капитал қайда, кімге және қашан кетті, бұл жағын нақты білмейміз. Сарапшылар мұндай көлемдегі қаржының шетел асуын, ел экономикасы үшін ауыр соққыға балап отыр. Мысалы, экономист Меруерт Махмұтова 2000 жылдың басынан бастап экономикамыздың даму деңгейі өте жоғары болғанын айтады. Елде екі рет мүлікті заңдастыру науқаны өтті. Мүлікті заңдастыру туралы заң қабылданғанда «Қазақстанның экономикасына оң әсер етеді» деген үміт басым болған.

«Заңдастырылған капитал шетел асып кетті. Шенеуніктеріміз Біріккен араб әмірліктері мен Батыс Еуропа елдерінде қымбат бағаға жылжымайтын мүлік сатып алып жатыр. 2007 жылдың соңынан басталған қаржы дағдарысына қарсы іс-шараларға 26 миллиард долларға жуық қаражат жұмсалды. Оның 6 миллиарды салыққа жасаған жеңілдік шарасы болса, 20 миллиарды қаржы күйінде қалды. Біздің есебіміз бойынша, сол қаражаттың 1-2 миллиарды ғана Қазақстанның экономикасында қалды да, өзгесі шетел асып кетті. Капиталын шетелге шығарып отырған тұлғалар Қазақстанда жұмыс істеп, бизнес жасағандарымен қаржысын, жылжымайтын мүлкін шетелде ұстап отыр. Сондықтан бұл бізге қайтып келмейтін ақша. Алдағы 5-10 жылда қайтарып аламыз, Қазақстанның экономикасына жұмыс істетеміз дегенге өз басым сенбеймін», – дейді Меруерт Махмұтова.

2012 жылдың аяғында Ресейдің Орталық банкі «Ресей қаржысы Қазақстан арқылы көлеңкелі жолмен сыртқа кетіп жатыр» деген мәлімдеме таратқан. Оған сенсек, 2012 жылдың өзінде Қазақстан арқылы тасымалданған жалған тауар импортынан Ресей 10 миллиард доллар жоғалтқанын айтқан банк басшылығы Қазақстан арқылы сауда-саттық жүргізуде күмәнді деген ойға

басымдық берген. Саясаттанушы Айдос Сарым сыртқы инвестиция бүгінгі дерек бойынша 120-130 миллиард долларды құрағанымен, есесіне соңғы 10-15 жыл көлемінде 140 миллиардқа жуық ақша сыртқа кеткенін айтады. Сарапшылардың пікірінше, шетелдік инвесторлар әкеліп жатқан қаржымен қатар қазір отандық кәсіпкерлер мен бизнес өкілдері де өз капиталын сыртқа жіберуге мүдделі. Ұлт зиялылары ендігі жерде шеттен келетін инвестиция емес, қазақтың қаржысын елде сақтап қалудың өзі күрделі мәселеге айналып бара жатқанына алаңдай бастады. Мысалы, жазушы Дулат Исабеков: «Шетелге жіберілетін қаржы 1 миллион доллардан асса, парламенттің келісімімен жіберілу керек», – десе, қоғам қайраткері Мырзақелді Кемел: «Үкіметтің сыртқы және инвестицияны бақылау жөніндегі құзыретін кеңейту қажет емес», – деген ойда. «Қазақстаннан сыртқа кетіп жатқан қаржы көлемі – мемлекеттің ғана емес, жеке сектордың үлесіндегі қаржы. Ондағы мемлекеттің үлесі мардымсыз. Сондықтан үкімет немесе парламент тарапынан бақылау қоюдың аса қажеттігін көріп тұрған жоқпын. «Ұлттық қордағы қаржыны сақтау үшін біз оны дамушы елдерге, Еуроодақ зонасына инвестициялаймыз», – деген бас экс банкир Қ. Келімбетовтің пікірінен қоюға болады. «Сыртқа қаржы кетіп жатса, оған да себеп бар шығар. Бірақ шетелге кетіп қалған қаражат қайтады деп ойламаймын», – дейді Мырзақелді Кемел.

Қаржыгер Ілияс Исаев қазір оффшор зоналарында жатқан қаржы 37 трлн АҚШ долларынан асқанын, ол қаржы кімге және қай елге тиесілі деген мәселе тек біз ғана емес, әлемдік қауымдастық үшін басты проблема екенін айтады. «Қазақстаннан кетіп жатқан қаржыны үкімет немесе парламент арқылы бақылаудың кезі әлдеқашан келсе де бұл мәселеде батыл қадамға барған жоқпыз. 2009 жылғы қаржы дағдарысынан кейін оффшорлық аймақтарды бақылауды АҚШ қолға алды, Ресей де қалыс қалмады. Бірақ нәтиже аз. Сондықтан біз бұл мәселені қолға алғанмен, бір нәтижеге қол жеткізе алатынымызға сенім аз. Әлемдік қаржы экспорты оффшорлық аймақтар арқылы әлдеқашан тамырланып алған. Сондықтан әлемдік қауымдастық бір шешімге келмейінше, нәтиже болады деу қиын», – дейді Ілияс Исаев.

Дағдарыс жағдайында мемлекеттің бөлген қаржысы экономиканың дамуына тың серпін береді. Қазақстан Республикасы-

ның Ұлттық банкі мен Қазақстан Республикасы үкіметінің теңгені тұрақтандыру туралы жасаған бірлескен мәлімдемесінде осы мәселе орынды көтерілді.

Осындай ойын Қазақстан Республикасының тұңғыш президенті қорының жанындағы әлемдік экономика және саясат институтының директоры Сұлтан Әкімбеков жеткізді. «Біріншіден, негізгі басымдық инфляцияны қадағалауда болып отыр. Бұл қазір Ресейде болып жатқан саясаттың ізін басу болмайтынын көрсетеді. Онда болған жағдайлар қарқынды девальвацияға әкелгенін көріп отырмыз. Екіншіден, Қазақстан Республикасы президентінің жолдауында айтылған контртізбекті саясаты негізгі тезистермен бекітілді. Қазақстан Республикасы үкіметі мен Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің саясаты 2015 жылда нақты экономикалық сектордың 4-5 пайызға өсімін қамтамасыз ететін мақсатты индикаторларды белгілеп отыр», – деді сарапшы.

2014-2015 жылдарға экономикалық өсім мен жұмыспен қамтуды қолдау үшін Мемлекет басшысының бастамасымен ҚР Ұлттық қорынан 1 трлн теңге көлемінде қаржы бөлінді. Бұл қаржыдан 500 млрд теңге 2015 жылы ШОБ нысандарын несиелеуге, банк секторын сауықтыруға бағытталмақ.

Сондай-ақ «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында Ұлттық қордан экономиканы қолдауға жылына 3 млрд доллардан жұмсалып отырады.

«Күрделі жағдайда экономикалық белсенділікті қалыпты ұстауға ақша бөлу тың мүмкіндіктерге жол ашады. Әсіресе экономиканың мультипликативті секторына пайдаланылатын стандартты схема бар. Осы жағдайда аталған жоспар жүзеге асуы үшін айқын тұрақты көрсеткіштер болуы шарт. Әсіресе валютаға қатысты», – деді С. Әкімбеков.

Сайып келгенде, мемлекеттік қаржы жүйесінің бүгінгі таңда атқаратын қызметін мемлекеттік және жеке меншік қаржылардың аясындағы мүдделердің біршама болса да теңдестірілуін қамтамасыз етуге бағытталады. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қаржылық ресурстарды құру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру тек мемлекеттің қаржы жүйесінің ауқымында ғана жүзеге асырылады. Мемлекеттің қаржы жүйесінің экономикалық негізін мемлекеттік материалдық қаржылық қатынастар,



ал нормативтік құқықтық базасын қаржылық заңнама және заңға тәуелді нормативтік қаржылық құқықтық актілер құрайды.

Біріншіден, мемлекеттің қаржы жүйесі деп қаржылық-экономикалық институттармен негізделген, мемлекеттің ақша қорларын пайдалануды қалыптастыру, бөлу және ұйымдастыру аясындағы туындаған мемлекеттік қаржылық қатынастарының жиынтығын айтамыз.

Екіншіден, мемлекеттік қаржы жүйесін материалдық, экономикалық және ұйымдастыру мағынасында қарастырамыз.

Материалдық мағынадағы қаржы жүйесі деп орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларының жиынтығын айтамыз. Оларға қаржы ресурстарының орталықтандырылған жалпы мемлекеттік қоры, әкімшілік территориялық құрылым бірлігіндегі орталықтандырылған ақша қоры; мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар; мемлекеттің орталықтандырылған ссудалық қоры; мемлекеттің резервтік сақтандыру қоры; мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің орталықтандырылмаған ақша қорлары жатады.

Экономикалық мағынадағы қаржы жүйесі деп әрқайсысы белгілі бір мемлекеттің ақша қорын негіздейтін қаржылық-экономикалық институттардың жиынтығын айтамыз. Қаржылық-экономикалық институттар деп ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру бойынша пайда болатын қатынастардың жиынтығын айтамыз. Ақша қорлары деп отырғанымыз республикалық бюджет; жергілікті бюджеттер, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың қаржылары; мемлекеттік банк қаржылары; мемлекеттік сақтандыру ұйымдарының қаржылары; мемлекеттік мекемелердің қаржылары; мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылары.

Ұйымдастыру мағынасындағы қаржы жүйесі деп қаржылық қатынастардың қозғалысын қамтамасыз ететін мемлекеттік қаржылық мекемелердің жиынтығын айтамыз. Мәселен, Қаржы министрлігі және оның құрылымдық бөлімдері; фискальдық органдар; Ұлттық банк және құрылымдары.

Үшіншіден, мемлекеттің қаржы жүйесінің негізгі функциялары: реттеу функциясы; жоспарлау функциясы; ұйымдастыру функциясы; ынталандыру функциясы; бақылау функциясы болып табылады.

## 1.2. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі қаржы саясатының мәселелері

Елдің қаржы заңнамасының негізінде қаржы ресурстарын жұмылдыру, бөлу және пайдалану жөніндегі мемлекеттің ішаралары қаржы саясаты деп аталады. Ол мемлекеттің экономикалық саясатының құрамды бөлігі болып табылады. Қаржыны басқарудың бүкіл жүйесі мемлекеттің қаржы саясатына негізделеді. Қаржы саясаты қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуы жөніндегі міндеттерді шешу үшін қаржыны пайдалану жөніндегі мемлекеттің нысаналы қызметі, қаржыны басқарудың түпкілікті мақсаты оның нақтылы нәтижесі болып табылады.

Дамыған шет мемлекеттерде қаржы құрылымы барлық бөлімдегі қаржыларды топтап жинай отырып, қаржыландырудың ұлттық мүддесін қорғауға бағытталады. Олар ақша қорларын жасауға жағдай жасап, сол арқылы мемлекет өзінің саяси және экономикалық функциясын іске асырады. Қазіргі кезде шет мемлекеттердің қаржы құрылымы төрт тармақтан тұрады:

- 1) мемлекеттік бюджет;
- 2) жергілікті қаржы;
- 3) мемлекеттік кәсіпорынның қаржысы;
- 4) үкіметтің арнаулы қоры.

Әрбір тармақтар қаржы элементтерінің жиынтығын құрап және бір-бірімен тығыз байланыста бола отырып, мемлекеттің қаржы саясатын іске асыруға жұмылдырылады. Бүгінгі Қазақстанның қаржы саясатының бағыттары елдің экономикалық жай-күйіне, шешілетін әлеуметтік-экономикалық және өзге міндеттерге байланысты болады. Экономиканың дағдарысты жағдайы, бір жағынан, өндірістің құлдырауының тоқтатылуына және өндірісті ынталандыруға қаржы ресурстарын экономиканың белгілі бір салаларына тиімді жұмсау мақсатына оларды жұмылдыруға, ал басқа жағынан әлеуметтік бағдарламаларды тежеуге, қорғанысқа жұмсалатын шығыстарды қысқартуға және т.с.с. бағытталған қаржы саясатын алдын ала анықтайды. Тиісінше, экономика басқа жай-күйге ауысқанда қаржы саясатының бағыттары да өзгеріп отырады.

Таңдап алынған қаржы саясатының дұрыстығы, сөзсіз, елде қалыптасып отырған экономикалық жағдайды сыни бағалауға,

экономикалық теорияның болжамдары мен ұсыныстарын әзірлеу кезінде экономикалық жағдайды объективті бағалауға байланысты болады.

Қаржы саясатының мақсаты іс-шаралар әзірлеу және оларды дамытудың, ұлттық шаруашылықтың құрылымын қайта құрудың, елдің экономикасын дүниежүзілік шаруашылыққа біріктіру жолымен сыртқы экономикалық қызметі жандандырудың негізінде экономикалық өсуді қамтамасыз ету, әлеуметтік бағдарламаларды үздіксіз және ұлғаймалы қаржыландыруды іске асыру болып табылады.

Мемлекеттің қаржы саясатының мазмұны айтарлықтай күрделі, өйткені ол шаралардың ауқымды кешенін, оны дәйекті жүзеге асыру стадияларын қамтиды, олар:

1) қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының негізінде ұзақ және таяу перспективаларға арналған қаржының ғылыми негізделген тұжырымдамасын жасау;

2) экономикалық саясаттың тиісті мақсаттары мен міндеттерін негіздей отырып, қаржы саясатының стратегиялық және тактикалық шараларын тұжырымдау;

3) қойылған мақсаттарға жету үшін белгіленген практикалық іс-әрекеттерді қаржы механизмі арқылы (экономикалық қайта құрудың түбегейлігіне қарай оны жаңғырта және түзете отырып) жүзеге асыру.

Қаржы саясатын жасау үдерісінде елдің алдына қойылған міндеттердің орындалуы үшін материалдық жағдайлар қамтамасыз етіледі. Сондықтан қаржы саясаты экономика мен әлеуметтік сфераға ықпал жасаудың белсенді тетігі болып табылады. Демек, қаржы саясаты қаржы ресурстарын іздестірудің, шоғырландырудың, жинақтаудың және экономикалық саясатпен жасалынатын дамудың бағыттары бойынша оларды бөлудің міндеттерін шешеді.

Қазіргі жағдайда қаржы саясатының негізгі бағыттары:

1) шаруашылық жүргізуші субъектілер қаржысының сферасында нарықтық қатынастарды нығайту жөнінде шаралар жүргізу;

2) дағдарысты жай-күйді жою және қаржы жүйесін сауықтыру;

3) халықты әлеуметтік қорғау жөнінде шаралар кешенін жүргізу.

Қаржы саясатына қойылатын маңызды талап қаржы саясатын жүргізгенде, яғни дамудың белгілі бір кезеңінің негізгі міндеттерін орындауға шаралар бағыттау жолымен қаржы жүйесінің барлық буындарында жүргізілетін шараларды келіскенде кешенді көзқарасты сақтау, сондай-ақ экономикалық саясаттың құрамды бөліктері арасында қаржы, несие, баға белгілеу, жалақы салалары саясатында тығыз өзара байланысты қамтамасыз ету болып табылады.

«Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» туралы елбасының халыққа жолдауының мазмұны экономикалық дамудың негізгі концепциясы ретінде қазіргі кездегі жаңа бағыттағы қаржылық саясаттың мәні болып табылады. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» жолдауында анықталған. Қаржы саясатының басты міндеті «Нұрлы жол» жаңа экономикалық саясатында белгіленген міндеттерді қаржылық тұрғыда қамтамасыз етуге бағытталады.

Қазақстан Республикасында тиісті қаржылық саясатты және оны жүзеге асыру механизмін жасау мен айтылған бағыттарды кіріктіретін нарықтық реформаларды тереңдету жөніндегі бағдарламаларды жүзеге асыру жалғастырылуда.

«Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспары туралы» ҚР президентінің жарлығында көрсетілгендей, Қазақстанның 2020 жылға дейінгі дамуының түйінді бес бағытының негізі ұтымды макроэкономикалық саясат болып табылады.

Сондықтан да мемлекеттің макроэкономикалық саясаты жаңғыртылып, бюджеттік, салықтық, ақша-кредиттік саясатқа және мемлекеттік және сыртқы борышты басқаруға түбегейлі өзгерістер енгізілуде.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы бәсекеге қабілетті қаржы секторын құруға бағытталған. Қойылған мақсатты шешу үшін мынадай міндеттерді іске асыру көзделеді:

1) әлеуетті күйзелістер туындаған жағдайда қаржы жүйесінің орнықтылығына қолдау көрсетуге қоғам мен мемлекеттің шығасыларын төмендету;

2) экономикалық ықпалдасу және жаһандану жағдайында қаржы секторының тиімділігін арттыру;

3) қаржы жүйесінің сапалы дамуы үшін инфрақұрылымды жетілдіру және оңтайлы жағдайлар жасау;

4) қаржы секторының өсу ресурстарын, оның ішінде экономиканың талаптарына сәйкес келетін қаржы өнімдерінің есебінен кеңейту;

5) теңгерімделген экономикалық жағдайларға қолдау көрсету және экономикадағы кредиттік тәуекелдерді төмендету.

Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2020 жылдан кейінгі кезеңінде қаржы ұйымдарының алдында жаһандық және өңірлік көшбасшылар ішкі нарықта көрсететін қаржылық қызметтері енуінің өсуіне байланысты сын-қатерлер пайда болады. Мұндай жағдайда ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың дамуын, сондай-ақ дәстүрлі қаржылық және технологиялық ұйымдардың стратегиялық әріптестігінің дамуын назарға алу қажет, бұл көрсетілетін қаржылық қызметтердің әдеттегі тәртібін өзгертеді. Осыған байланысты отандық қаржы ұйымдары жоғары деңгейдегі ойыншылар мен тұтынушы үшін бәсекелестікте жеңіп шығуға қабілетті болуы тиіс. Осы жағдайларда бәсекеге қабілеттіліктің тек бизнес ауқымының экстенсивті ұлғаюы есебінен ғана өсуі мүмкін емес. Ол тұтынушыларға қаржылық қызметтерді көрсетудің жаңа трендтері мен технологияларына жылдам бейімделуге мүмкіндік беретін бизнес-стратегиялар мен процестер сапасының жақсаруына да негізделуі тиіс.

Сондықтан да қаржы нарығын дамытудың түйінді көрсеткіштері бойынша 2020 жылға қарай мынадай нысаналы бағдарларға қол жеткізу жоспарланып отыр. Банктердің активтері мұнай емес ЖІӨ-нің кемінде 80 %-ын, несие портфелі мұнай емес ЖІӨ-нің кемінде 60 %-ын құрайды, бұл олардың экономиканы, әсіресе мемлекеттік даму бағдарламаларында қаржыландыруға қатысуын кеңейтуді болжайды. Осы мәндер шетел банктерінің қазақстандық нарыққа көлемді өктемдік саясатын шектеу, отандық қаржылық жүйені сақтау және отандық банктерге шетелдің қаржы институттарының кіруін толық ырықтандырудан отандық банктердің шығындарын төмендету үшін ең аз қажеттіліктер деп бағаланады. Акциялар нарығын ЖІӨ-ге қатысты капиталдандыру «Халықтық IPO» бағдарламасын іске асыру және жаңа IPO корпоративтік эмитенттермен жүргізу шартымен екі

есе ұлғаяды. Ислам банктерінің үлесі Қазақстан Республикасының банктік жүйесі активтері көлемінің 3-5 %-ын құрайды.

Елдің макроэкономикалық дамуының басты жоспары негізінде республикалық бюджеттің мынадай көрсеткіштері көзделіп отыр.

Түсімдер 2015 жылы 6858,0 млрд теңге, 2016 жылы 6882,7 млрд теңге, 2017 жылы 6971,1 млрд теңге көлемінде белгіленеді.

Шығыстар 2015 жылы 7855,1 млрд теңге, 2016 жылы 8042,2 млрд теңге, 2017 жылы 7943,6 млрд теңге көлемінде белгіленді.

Ұлттық қордан 2015-2017 жылдардағы республикалық бюджетке жыл сайын 1702 млрд теңге мөлшерінде кепілдірілген трансферт белгіленді. Жоспарланған кепілдендірілген трансферт және нысаналы трансферттерді тарту кезінде Ұлттық қордағы қаражаттан төмендейтін қолдағы ішкі жалпы өнімнің 30 пайызынан төмен емес деңгейдегі шектеу сол қалпында қалады.

Үш жылдық кезеңде бюджет рөлі орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада экономиканың тұрақты өсуін қамтамасыз ету үшін шектелген, бірақ жеткілікті көлемде мұнай жинақтарына инвестицияларды іске асыру бойынша жүктемені жылжыта отырып, әлеуметтік құрауышты қамтамасыз етуге негізделетін болады.

Қазақстанның толыққанды қор нарығын қалыптастыру және оның халықаралық капитал нарығымен ықпалдасуы шеңберінде Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығы одан әрі дамитын болады. Стратегиялық перспективада Қазақстанда халықаралық стандарттарға сәйкес келетін Алматы қаласының бәсекеге қабілетті қаржы оталығын дамыту және оның Азиядағы жетекші 10 қаржы орталығының тобына кіруі үшін қажетті жағдай жасалынады. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі негізгі мақсаты жылдық инфляцияны 6,0-8,0 % аралығында ұстап тұруды болжамдайтын бағалар тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылатын ақша-кредит саясатын жүргізуді жалғастырады.

Отандық қор нарығын одан әрі дамыту мақсатында ішкі қарыз алу мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығару жолымен жүзеге асырылатын болады. Экономиканың басым салаларындағы инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін

сыртқы қарыз алу есебінен халықаралық қаржы ұйымдарының, шетел мемлекеттерінің, шетелдік коммерциялық банктер мен фирмалардың қарыздары тартылатын болады.

Жалпы, үкіметтік борыш мөлшерінің шектен тыс өсуіне жол бермеу үшін Республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасы заңының шеңберінде ішкі және сыртқы қарыздарды тарту кезінде қарыз алудың лимиті сақталатын болады.

Бұл ретте Жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасына сәйкес бюджет тапшылығы 2020 жылға қарай ЖІӨ-ге қатысты 1,4 %-ға дейін төмендеген кезде мемлекеттік борыш 2020 жылға ЖІӨ-ге қатысты 13,9 %-дан аспауы тиіс, оның ішінде үкіметтік борыш ЖІӨ-ге қатысты 13,7 %-дан аспайды. Жалпы мемлекеттік және квазимемлекеттік сектордың борышы жиынтығында 2020 жылға қарай ЖІӨ-ге қатысты 22 %-дан аспайды.

Жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасына сәйкес орта мерзімді кезеңде бюджет саясаты мемлекеттік теңгерімділігі мен әлеуметтік-экономикалық дамудың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған болады.

Сондықтан қазіргі кезеңдегі республикалық бюджетті қалыптастырудың негізгі қағидаттары келесідей болып анықталды:

1) елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын бағалаулар мен болжамдардың шынайылығын қамтамасыз ету;

2) мемлекеттің бұрын қабылдаған міндеттемелерінің өсуі және тапшылықтың өсуін тежеу жағдайларында бюджеттің теңгерімділігін қамтамасыз ету;

3) бюджеттің орнықтылығын қамтамасыз ету және белгіленген бюджеттік қағидаларды сақтау жолымен бюджеттің сыртқы факторларға тәуелділігін азайту;

4) экономикаға мультипликативтік оң әсер ететін, республиканың экспорттық, транзиттік және туристік әлеуетін арттыратын ірі инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру үшін мемлекеттің мұнай қоры жинақтарын тарту;

5) өңірлерді күшейту, оларға нақты қаражаттарымен қолдау көрсетілетін өкілеттіктер беру жөніндегі міндеттерді қамтамасыз ету.

Осыған байланысты бюджет саясатының негізгі міндеттері:

1) макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету;

2) бюджет шығыстарын әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына шоғырландыру;

3) бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру;

4) фискалдық орталықсыздандыру;

5) мұнай кірістерін шектеулі түрде пайдалану жолымен Ұлттық қорда қаражат жинақтауды жалғастыру;

6) бюджеттің мұнай кірістерінен тәуелділігін азайтуды қамтамасыз ету болады.

Мемлекеттік шығыстар жиынтық сұраныс пен инвестициялық белсенділікті қолдауды қамтамасыз ететін деңгейде сақталатын болады. Әлемдік және қазақстандық экономикалардағы жағдай өзгерген кезде бюджет саясатын түзету бойынша жедел және икемді шаралар қабылданатын болады.

Мемлекет бюджетті өз функцияларын жүзеге асырудың негізгі ретінде және экономиканы басқарудың белсенді құралы ретінде қолданады. Үкімет мемлекеттік бюджет арқылы қоғамдық өндірістің құрылымына әсер етіп, шаруашылықтың нәтижесін ретке келтіре отырып, әлеуметтік қайта құруларды жасап ұлттық табыстың қайта бөлінуін жүзеге асырады.

Бюджет жүйесі экономикалық қатынастар мен заң нормаларына негізделген елдегі әр түрлі бюджеттердің жиынтығы болып табылады. Бюджет жүйесін ұйымдастыру мемлекеттің құрылымы арқылы анықталады. Әрбір елдің бюджет жүйесінің құрамына құрылымы бойынша әр түрлі бюджеттер жатады. Мәселен, Қазақстан Республикасының бюджет жүйесінің құрамына республикалық бюджет; жергілікті бюджеттер – облыс, қала, аудандық бюджеттер кіреді.

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытты» атты Қазақстан халқына жолдауында: «Біздің мемлекетіміздің макроэкономикалық саясаты жаңғыртылуы тиіс», – деп тікелей атап көрсетті. Ол үшін бюджет саясаты, салық саясаты, ақша-кредит саясаты, мемлекеттік және сыртқы қарызды басқару саясаты сияқты негізгі бағыттар белгіленген. «Біріншіден, біз бюджет саясатының жаңа принциптерімен қарулануға – өз мүмкіндіктеріміз шегінде ғана шығындануға және тапшылықты барынша мүмкіндікте қысқартуға тиіспіз. Ұзақ мерзімде олардың сақталуын қамтамасыз ете отырып, «қиын-қыстау» күнге резервтер жинау қажет. Екіншіден, бюджеттік-қаржылық процеске деген көзқарас жекелей салымдарға

көзқарас секілді ұқыпты да ойластырылған болуға тиіс. Басқаша айтқанда, бірде-бір бюджеттік теңге ысырап болмауға тиіс. Үшіншіден, мемлекет бюджеті ұзақ мерзімді перспектива тұрғысынан қарағанда өнімді, мәселен, экономиканы әртараптандыру және инфрақұрылымды дамыту секілді жалпыұлттық жобаларға бағытталуы тиіс». Бұл құжат шын мәнісінде тұңғыш рет қаржы саясатын, соның ішінде бюджет бағдарын нақтылы айқындап отыр.

Бюджет саясаты – заң шығарушы және атқарушы органдар бюджеттік қатынастарды дамыту бағыттарын айқындаумен және оларды азаматтың, қоғамның және мемлекеттің мүдделері үшін пайдаланудың нақты жолдарын әзірлеумен байланысты жүзеге асырылатын шаралар мен қабылданатын шешімдердің жиынтығы. Бюджет саясатының мазмұны алуан қырлы және оны әзірлеу кезеңдерінің тізбектілігін ғана емес, сонымен бірге оның атқарымдық және уақыттық жақтарын да қамтиды. Мемлекеттің қаржы саясатының бір бөлігі ретінде Бюджет саясаты экономикалық саясаттың түп қазығы, ұйытқысы және мемлекеттің экономикалық-әлеуметтік саясатын жүзеге асыру құралы болып табылады. Нарық жағдайында бюджет саясаты – мемлекеттің қоғамдық өндіріске экономикалық ықпал етуінің негізгі бағыттарын айқындаудың басты тұтқасы. Бюджет саясатын әзірлеуге заң шығарушы және атқарушы органдар қатысады. Қазіргі Қазақстанның конституциялық құрылымы бойынша бюджет саясатын әзірлеуде Қазақстан Республикасының президентіне басымдық беріледі, ол өзінің жыл сайынғы жолдауында бюджет саясатының ағымдағы жылға арналған және келешектегі негізгі бағыттарын, мақсаттары мен міндеттерін айқындап береді.

Біздің мемлекетімізде қазіргі таңда бюджет саясатының реформасы жедел қарқынмен дамуда деп айтуға болады. Оған дәлел – елбасының 2013 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасы» атты №590 жарлығы. Бұл жарлықта жаңа бюджет саясатының негізгі тәсілдері аталып көрсетілген. Олар:

1) фискалдық шектеулер шегінде бюджет шығыстарының көлемін айқындау;

2) неғұрлым жоғары әлеуметтік-экономикалық әсерді қамтамасыз ететін бюджет қаражатын тиімді бөлу;

3) бюджет саясатының теңгерімділігі (белсенді бюджеттік инвестициялық саясат пен контрциклдік реттеу үйлесімі);

4) жекеше сектордың ортақ жауапкершілігін кеңейте отырып, мемлекет міндеттемелерінің бюджет мүмкіндіктеріне қарай кезең-кезеңмен өсуі;

5) нәтижеге бағдарланған бюджеттеу қағидаттарын қолдану арқылы бюджеттік жоспарлаудың нәтижелігін күшейту;

6) жекеше сектор инвестицияларын алмастырмай, оларды ынталандыру;

7) салық саясатының ұлғайып бара жатқан міндеттемелерге барабарлығы;

8) қаржы ресурстарын Ұлттық қорда жинақтауды жалғастыру;

9) өңірлік даму мәселелерін шешуде жергілікті органдардың қаржылық дербестігін кеңейту және жауапкершілігін арттыру.

Бюджет жүйесінің барлық деңгейлері бойынша қаржылық ағындардың қалыптасуы мен қозғалысының тәртібін және соған байланысты қатынастардың ұйымдастыруы мен өзара байланыстарын іске асыруының әдіс-тәсілдерін әр түрлі заңнамалық актілерде бекіту негізінде бюджеттік реттеу механизмін құрастырады және солар арқылы билік пен басқару органдары өздерінің өкілдік және атқарушы өкілеттіліктерін орындайды. Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесі әрқайсысы дербес бюджеттік экономикалық институт болып табылатын және тиісті қаржылық құқықтық нормалармен негізделген, сондай ақ өздеріне сай материалдық заттай қорлар арқылы көрініс табатын мемлекеттік бюджеттік (қаржылық) экономикалық қатынастардың жиынтығын білдіреді.

Қазақстан Республикасының бюджеттік жүйесінің ауқымындағы бюджеттік қатынастарды мемлекеттік басқару мен реттеудің нысаналы мақсаты мен бағдары, қаржылық (бюджеттік) құқықтық ұйымдастырушы-реттеуші ықпалы мемлекеттік шаруашылық жүргізу аясындағы мемлекеттік қаржылардың теңдестірілімді қозғалысына қол жеткізуге бағытталған. Бюджет жүйесі өз алды белгілі бір механизм, қаржылық қатынастардың күрделі кешені және экономиканы мемлекеттік реттеудің тиімді құралы, сондықтан да бюджетаралық қатынастар саласындағы өзгерістерді оңтайлы түрде басқару қажеттілігі туады. Мұндай өзгерістер бюджеттердің барлық деңгейлерінің кірістері мен

шығындары көлемдерінде орын алады. Мемлекет әр түрлі принциптер, әдістер мен тәсілдерді пайдалана отырып, бюджетаралық қатынастар қалыптасу процестеріне әсер етеді. Мұндай әрекеттің нәтижесінде бюджеттік байланыстар түзетіледі, бюджеттік ағындар бағыттары реттеледі, қаржылық ресурстар бөліс пропорциялары тағайындалады, бюджеттік құралдарды іске асыру механизмі мен олардың арнайы тағайындалуы анықталады. Осының бәрі бюджетаралық қатынастарды басқаруды қамтамасыз етеді.

Өкінішке орай, мемлекетімізде бюджеттік қаржылардың дұрыс игерілмеуі орын алып жатады. Мәселен, өткен 2013 жылдағы «республикалық бюджетті нақтылау жұмысы аясында игерілмеген қаражат толық көлемінде кері қайтарылмақшы. Дәлірек айтсақ, Қазақстан Республикасының Ауылшаруашылығы министрлігі 9 млрд 678 млн теңге, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі 8 млрд 538 млн теңге, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі 7 млрд 240 млн теңге, Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі 6 млрд 345 млн теңге, Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі 6 млрд 55 млн теңге, Қазақстан Республикасының Қоршаған ортаны қорғау министрлігі 2 млрд 285 млн теңге, Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік комитеті 1 млрд 411 млн теңге, Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі 1 млрд 388 млн теңге, ал Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі 1 млрд 304 млн теңгені игермеген екен.

2012 жылы еліміз бойынша 140 млрд теңге игерілмесе, 2013 жылы оның мөлшері 150 млрд теңгеге жетіпті.

Іске асырылып жатқан шараларға қарамастан бюджеттік жүйе саласында бірнеше проблемалар орын алып отыр:

Біріншіден, бюджет қаражаттарының игерілмеген қалдықтарының болуы. Оның негізгі себебі ретінде бюджеттік бағдарлама әкімшілеріндегі қаржылық менеджмент деңгейінің төмен деңгейде болуымен және бюджет қаражаттарын алушылардың қаржылық тәртіп деңгейінің төмендігімен түсіндіріледі.

Екіншіден, бюджет қаражаттарының мақсатсыз пайдаланылуы. Осы тұста көптеген құқық бұзушылықтар, оның ішінде қылмыстық іс-әрекеттердің орын алуы кең етек алып отыр.

Үшіншіден, мемлекеттік сатып алулар туралы заңдылықтың бұзылуы.

Осы олқылықтарды біз болашақта болдырмауымыз қажет. Сонымен қатар бюджет қызметі бюджет жүйесінің келесі принциптеріне сәйкес жүргізілуі қажет:

1) бірыңғайлық принципі – бюджет жүйесін ұйымдастырудың және оның жұмыс істеуінің бірыңғай принциптерін қолдану, Қазақстан Республикасында бірыңғай бюджет сыныптамасын және бюджет процесінің бірыңғай рәсімдерін пайдалану;

2) толымдылық принципі – бюджетте және Қазақстан Республикасының Ұлттық қорында Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген барлық түсімдер мен шығыстардың көрсетілуі, бюджет қаражаты бойынша талап құқықтарының басқаға берілуі сияқты, бюджет қаражатын пайдалана отырып, өзара талаптарды есепке жатқызуға жол бермеу;

3) реалистік принципі – бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджет көрсеткіштерінің әлеуметтік-экономикалық дамудың, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары болжамдарының бекітілген (түзетілген) параметрлеріне, бағыттарына сәйкес келуі;

4) транспаренттілік принципі – мемлекеттік немесе заңмен қорғалатын өзге де құпия болып табылатын мәліметтерді, сондай-ақ қоғам мен бұқаралық ақпарат құралдары үшін бюджет процесінің міндетті ашықтығын қоспағанда Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасы саласындағы нормативтік құқықтық актілерді, бекітілген (нақтыланған, түзетілген) бюджетті және олардың атқарылуы туралы есептерді, стратегиялық жоспарлар мен олардың іске асырылуы туралы есептерді, Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын қалыптастыру туралы және пайдалану туралы ақпаратты міндетті түрде жариялау;

5) дәйектілік принципі – мемлекеттік органдардың бюджеттік қатынастар саласында бұрын қабылданған шешімдерді сақтауы;

6) нәтижелілік принципі – мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларында көзделген тікелей және түпкілікті нәтижелерге қол жеткізуге бағдарланған бюджеттерді әзірлеу және атқару;

7) бюджеттердің дербестік принципі – түрлі деңгейдегі бюджеттер арасында түсімдердің тұрақты бөлінуін белгілеу және

осы кодекске сәйкес олардың жұмсалыу бағыттарын айқындау, осы кодекске сәйкес мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерінің бюджет процесін дербес жүзеге асыру құқығы, жергілікті бюджеттердің атқарылуы барысында қосымша алынған кірістерді және жергілікті бюджеттер қаражатының қалдықтарын жоғары тұрған бюджетке алып қоюға жол берілмеуі, төменгі бюджеттерге оларды тиісті өтеусіз, қосымша шығыстар жүктеуге жол берілмеуі және Қазақстан Республикасының бюджет кодексінде өзге да принциптер көрсетілген [35].

Ал биылғы 2013-2015 жылдары қабылданған республикалық бюджет халық арасында «әлеуметтік бюджет» деген атауға ие болғаны белгілі. Себебі осы жолғы жоспарланған бюджеттің жартысына жуығы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға бағытталған. Ең алдымен, алдағы үш жылға қарастырылған бюджет сомасын жариялай кетсек. 2013 жылға 6 триллион 200 миллиард теңге, 2014 жылға 6 триллион 466 миллиард, 2015 жылы жұмсалатын шығын 7 триллион теңгеден асып жығылмақ. Әрине, мұның барлығы әлемдік мұнайдың болжамдық бағасына сәйкес жасалған. Сонымен, аталған қаражат экономиканың сан саласына қажетінше бөлінген. Бірақ жалпы шығынның жартысына жуығы әлеуметтік салаға бағытталып отыр.

Мемлекетіміздегі бюджет саясатының дұрыс әрі сапалы жүргізілуі еліміздің экономикасы мен халықаралық деңгейдегі мәртебеміздің дәрежесін білдіретіні айғақ.

Салық саясаты шеңберінде мемлекеттің кірістерді қайта бөлу бойынша әділ құралы ретінде салықтардың әлеуметтік маңызы бар, ынталандырушы және фискалдык функциялары нығайтылатын болады.

Салық саясатының шаралары орта мерзімді кезеңде мыналарға:

- 1) экономиканың басым секторларын және инновацияларды ынталандыру мақсатында салық жеңілдіктерінің тиімділігін арттыруға;
- 2) табыстан салық алу және жерді пайдаланудың тиімділігін арттыру мақсатында агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне салық салуды реформалауға;
- 3) бизнестің әлеуметтік бағдарлануына қажетті қосымша салықты ынталандыруын енгізуге бағытталатын болады.

ЕАЭО шеңберінде Қазақстанда неғұрлым қолайлы салық режимін қалыптастыру маңызды болып табылады, бұл капитал қозғалысына шектеу болмаған кезде экономиканың одан әрі өсуі үшін қосымша ресурстар тарту мүмкіндік береді.

Инвестициялық қызмет саласындағы Қазақстанның заңнамалық базасы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымдарының стандарттарымен үндестірілетін болады. Ішкі және шетел инвесторларын тарту мақсатында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне инвестициялық ахуалды жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу іске асырылады, инвесторларды мемлекеттік қолдаудың қосымша шаралары 10 жылға КТС төлеуден босату, 10 жылға жер салығын төлеуден босату, 8 жылға жылжымайтын мүлікке салық төлеуден босату, объектіні пайдалануға берілгеннен кейін мемлекет тарапынан инвесторлардың күрделі шығындарын 30 %-ға дейін өтеу (инвестициялық субсидиялар) қарастырылды.

Инвесторлармен келісімшарт жасасқан сәттен бастап 10 жылдық мерзімді салық ставкаларының (ҚҚС және акциздерден басқа), экономикалық төлемдер мен алымдардың «тұрақтылығын» енгізу көзделіп отыр;

Жоғарыда аталған ынталандырулар пакеті ИИДМБ сәйкес экономиканың басым салаларындағы құны 20 млн АҚШ долларынан кем емес болуы керек.

«Нұрлы жолда» жаңа экономикалық саясатын Ұлттық қорсыз көзге елестеудің өзі қыйын. 13 жыл бұрын біз оны экономикалық қауіпсіздіктің маңызды тетігі ретінде қараған болатынбыз. Ол 2007-2009 жылдардағы жаһандық дағдарыстың салдарын жеңуде маңызды рөл атқарады. Ұлттық қор экономиканы әлемдік нарықтарда баға құлдыраған жағдайларда құтқарады», – деп елбасы дұрыс атап өткен еді.

Ұлттық қордың негізгі міндеттерінің бірі біздің экономикамыздың сыртқы естен тандырулар алдындағы орнықтылығын, оның ішінде табиғи ресурстарға баға төмендеген жағдайда да жоғарылату болып табылады.

Осы жылдардың бәрінде шикізат өндіру мен одан түскен табыстарды біз осы қорға салып келдік. 10 миллиард долларды біз 2007-2009 жылдардағы дағдарысқа қарсы күреске бағыттадық. Қалған ақшаны ішіп-жеп және жұмсап қойған жоқпыз,

сақтадық және көбейттік. Қазір біз осы резервтерді пайдалануға тиіс болатын кезең туындап келеді. Бұл қаржы қиын уақыттарды еңсеріп, экономикамыздың өсімін ынталандыруға көмектесетін болады. Бұл ресурстар қысқа мерзімдік шараларға арналмаған. Олар экономиканы әрі қарай қайта құрылымдауға бағытталатын болады. Нақты айтқанда, көлікті, энергетикалық, индустриялық және әлеуметтік инфрақұрылымдарды, шағын және орта бизнесті дамытуға бағытталады.

Қазақстан Республикасы – 2050 және Қазақстан Республикасы – 2020 стратегиясының қабылдануына байланысты қаржы саясатының алдында үлкен міндеттер тұр. Осы міндеттерді орындауда қаржы саясаты – бюджет саясатында, салық саясатында және инвестициялық саясатта қаржы нарығында көріністері осы заманауи талаптарға сәйкес болуы керек. Осыған байланысты қаржы саясатын жетілдірудің жолдары қарастырылып, іске асырылатын болады.

Жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс жаппай жалпы әлемдік ауқымдағы және сол сияқты ұлттық деңгейдегі қаржылық қатынастардың қолданыстағы модельдерінің кемшіліктерін көрсетті. Әлсіз жақтары мемлекеттік реттеу құрылымында және қаржы институттарының өздерінің қызметінде анықталды.

Қазіргі жағдайда қалыптасып отырған қаржы саясаты концепциясының мақсаты – шаруашылықты дамыту, қоғамдық өндіріс тиімділігін барынша арттыру негізінде халық тұрмысының неғұрлым жоғарғы дәрежесіне жету. Қаржы стратегиясының әлеуметтік бағыттылығы халықтың тұрмыс жағдайын арттыруға жұмсалатын қаржы ресурстарын көбейтудің мүмкіндіктерін іздестіруде ғана емес. Сонымен қатар экономикалық саясаттың басты мақсатына деген принципті жаңа көзқараста көрінеді. Тұрмыс дәрежесі өндіріс дамуын, қаржы ресурстарының бағыты мен оны пайдалану құрылымын анықтайтын көрсеткіш болып табылады.

Әлеуметтік бағдарламаның басты жоғары өнімді еңбектік дербестік пен ынтаны дамыту, шынайы кәсіпкерлік үшін жағдайлар жасау болып табылады. Сонымен қатар бір мақсатта бірінші кезекте аз қамтылған азаматтарды (зейнеткерлерді, көп балалы отбасыларын), сондай-ақ табысы тіркелген тұлғаларды

әлеуметтік қорғау жүйесі қарастырылады. Әлеуметтік қорғау ең алдымен табыстарды индексстеу арқылы, яғни оларды бюджетті қаржыландыру есебінен, жеке жағдайларда өтемдер есебінен де тұтыну бағыттарының индексіне сәйкес арттырып отыру жолымен қамтамасыз етіледі.

Жаңа қаржы стратегиясы меншіктің әр түрлі нысандарын, нарықтық қатынастардың дамуын, тауар нарқының толық құқықты жұмыс істеуін, жұмыс күшін, капиталдарды ескере отырып жасалған. Қоғам өмірінің экономикалық және әлеуметтік салаларына қаржымен ықпал етудің негізгі әдістеріне келесілерді жатқызуға болады:

- 1) қаржы ресурстарын тиімді пайдалану;
- 2) салық салу;
- 3) қаржыландыру;
- 4) қаржы нарқы және басқалары.

Қаржы саласындағы дағдарыстың дәлелі:

- 1) ақшаның ұдайы қалыптасып отырған эмиссиясы және онымен қосарланып отырған инфляция;
- 2) мемлекеттің ішкі және сыртқы борышының өсуі;
- 3) залал шегіп отырған және рентабельдігі аз кәсіпорындар санының көп болуы;
- 4) шаруашылықта тиімсіз шығындар сомасының артуы. Дағдарыс құбылыстары мемлекеттің қаржылары саласында да, шаруашылық жүргізуші субъектілер саласында да көрінуде.

Қаржы реттеуіштердің бір бөлігі (мысалы, салықтар) қоғамдағы қайта бөлу процестерінің негізгі ауқымын және соның негізінде мемлекетке қажет ақша қорларын қалыптастыруды қамтамасыз ете отырып, автоматтық режимде (оның негізгі параметрлерін мемлекет анықтайды) іс-қимылын жасауға қабілетті.

Күрделі экономикалық және қаржы ахуалы шаруашылықты жүргізудің тиімділігі төмендеп отырған жағдайда шаруашылықтың қаржысын сауықтыруға бағытталған шаралардың кешені жасалды. Басты бір жағдай кәсіпкерлік қызметінің бостандығын мойындау болып отыр. Шаруашылықты жүргізудің сан алуан нысандарын енгізу бәсекені дамытуда, қоғамдық қажеттіліктерді жақсы қанағаттандыруда, ресурстарды сақтауда, өнімнің асортименті мен техникалық базаны жаңартуда еңбек ұжымының әлеуметтік мәселелерді шешуде белсенділік көрсетуде жағдайлар жасайды.



Әлеуметтік басқа қызметтерге бағытталатын қаржы ресурстарын өсіру ең алдымен қорғанысқа, басқаруға және басқаларға жұмсалатын шығындарды шұғыл қысқарту, мемлекеттік қаражаттарды үнемдеу есебіне қарастырылуы керек. Алайда мемлекеттік шығындарды қысқарту тек қысқа мерзімді пайда беруі мүмкін. Саяси, экономикалық және әлеуметтік сипаттағы сан алуан себептердің ықпал жасауымен мемлекеттің шығындары үнемі өсіп отырады. Осыған байланысты қазіргі қаржы саясаты мемлекеттің қаржы ресурстарының үнемі өсіп отыруын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қарастырады.

Жалпы табысқа салық салуға көшу жұмыстың түпкі нәтижелері үшін кәсіпорындардың ынтасы мен жауапкершілігін арттыруға жәрдемдеседі. Мемлекет тарапынан барлық кәсіпорындарға бірдей талаптар белгілеу төлем көлемін анықтаудағы субъективизмді жою, қаржы ресурстарын қайта бөлу жолымен шаруашылықты тиімсіз жүргізуге тосқауыл қояды. Салық төлемдерінің жүйесін енгізуді мемлекеттік қаржының (мемлекеттік бюджеттің) жай-күйінің кәсіпорындардың тиімді қызметіне тікелей тәуелдігін белгілеу тұрғысынан да принципті маңызы бар. Бюджетке түсетін төлемдердің көлемі экономикадағы ағылып жатқан процестерді дәлелдейді, ал қалыптасып отырған жағдайға талдау жасау шаруашылық буындарының іскерлік белсенділігін жандандыруға бағытталатын қаржы саясаты саласында дер кезінде шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

Қаржы нарығының дамуымен байланысты халық шаруашылығын дамыту және жалпы мемлекеттік қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін халықтың, кәсіпорындар мен ұйымдардың ақшалай табыстары мен жинақтарын тартудың өркениетті әдістері кеңінен қолданылуда. Мемлекеттік облигациялар мен қазынашылық билеттерді шығару тәжірибесі кеңейе түсуде.

Экономиканы көтеру және осының негізінде елдің қаржы мүмкіндіктерін күшейте түсу үшін оның экономикасына шетелдік инвестицияларды тартудың үлкен маңызы бар. Олар түрлі нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін. Дүниежүзілік тәжірибе тура шетелдік инвестициялардың зор пәрменді болатындығын дәлелдеп отыр.

Қайсыбір қажеттіліктер болмасын қанағаттандыру тек қаржы ресурстары болған жағдайда ғана қамтамасыз етіледі. Бұл

қаржы саясаты нақты қаржы мүмкіндіктерін ескере отырып жасалынады және жүргізіледі дегенді білдіреді. Шығындар қаржы ресурстары көбейгенде ғана өсуі мүмкін. Сонымен, акцент тұтынуға жәрдем беруден өндірісті қаржыландыруға жылжиды. Экономикалық және қаржы саясатының бүкіл шаралары, біржағынан, халыққа өзінің табыстарын арттыруға мүмкіндік беруге, кәсіпкерлік қызметті дамыту үшін қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған.

Қаржы саясатын жүргізу, оны нақты шаруашылық өмірде ойдағыдай жүзеге асыру үшін қаржы механизмі қолданылады. Ол экономикалық және әлеуметтік даму үшін қолайлы жағдайлар жасау мақсатында қоғам қолданатын қаржы қатынастарын ұйымдастыру нысандарының, қаржы ресурстарын қалыптастырып, пайдалану әдістерінің жиынтығы. Қаржы механизмі қаржы қатынастарын ұйымдастырудың түрлерін, нысандарын және әдістерін, оларды сан жағынан анықтаудың амалдарын қамтиды.

Қаржы әдісін қаржы қатынастарының шаруашылық процеске ықпал жасауының тәсілі ретінде анықтауға болады.

Қаржы әдістері екі бағытта жұмыс істейді: қаржы ресурстары қозғалысын басқару желісі бойынша және нарықтық-коммерциялық есеп желісі бойынша. Қаржы әдістерінің іс-қимылын ақша қорларын жасап, пайдаланудан көрінеді.

Қаржы механизмінің жұмыс істеуін құқықтық жағынан қамтамасыз ету басқару органдарының заң актілерін, қаулыларын, бұйрықтарын, циркулярлық хаттарын және басқа құқықтық құжаттарды қамтиды.

Заң нормаларын енгізу қаржы байланыстарын ұйымдастырудың бірыңғай ережелерін белгілеуге, қоғамның, кәсіпорындар ұжымдарының және жеке азаматтардың экономикалық мүдделерін қорғауға мүмкіндік береді.

Құқықтық нормаларды сақтау қатаң қаржы тәртібін қамтамасыз етеді, қаржы саласында бірыңғай саясат жүргізуге жағдай жасайды. Сөйтіп, қаржы саясатын әзірлеп, жүргізудің құралы бола отырып, экономикалық дамуға қаржы саясаты мен қаржы механизмі арқылы белсенді ықпал жасайды.

Нарықтық экономикада өндірістік қорларды жақсы пайдалануда кәсіпорындардың ынталығын артыру үшін ерекше қаржы әдістерін қолданудың, олардың қаржы қызметін қатаң регла-

менттеудің қажеттілігі болмай қалады. Нарықтық бәсеке кәсіпорынды өндіріс тиімділігі, қаржыны жоспарлаудың сапасын арттыру, қаржы ресурстарын пайдалануға ішкі шаруашылықтық қаржылық бақылауды тереңдету туралы үнемі қамқорлық жасап отыруға итермелейді. Сонымен бірге мемлекет тарапынан нарықтық қатынастарды қаржылық реттеудің маңызы артады. Ол кәсіпорындар табысына салық салу (ставкаларды, салық жеңілдіктерін өзгерту, салық салу объектілерін саралау арқылы) қосымша салықтар енгізу.

Халыққа әлеуметтік қызмет көрсетуді жақсарту мақсатымен әлеуметтік сала мекемелері мен ұйымдарында жаңа шаруашылық механизмі енгізілді. Бюджеттен олардың қажеттіліктерін қаржыландыру бір тұрғыда жұмсалатын әлеуметтік шығындардың есебіне немесе басқа көрсеткіштерге қарай анықталатын ұзақ мерзімді тұрақты нормативтердің негізінде жүзеге асырылады. Әлеуметтік сала мекемелеріне ақылы қызмет көрсетуге, алған табыстарын өзгеше жұмсауға құқық берілген.

Нарықтық қатынастардың дамуы, басқарудың әдістерін жетілдіру мүлікті жеке сақтандыруды ұйымдастыру мен басқару саласына оң нәтижелерге жеткізді; кооперативті сақтандыру дамуда, акционерлік сақтандыру қоғамдары пайда болуда; сақтандырудың жаңа түрлері енгізілуде; сақтандырудың міндетті және ерікті нысандары арасындағы арақатынас өзгеруде. Сақтандыру механизмін жақсарту сақтанушыларға сапалы қызмет көрсетуге, сақтанушыларға ісінің тиімділігін арттыруға бағытталған.

Елдегі жүргізіліп жатқан реформаларға сәйкес мемлекеттің қаржы саясаты мен қаржы жүйесінің қызметі нарық жағдайында қажетті қаржы ресурстарын жұмылдыруға, оларды бюджетке толық және дер кезінде түсіріп отыруға, әлеуметтік-экономикалық дамудың мемлекеттік бағдарламаларында қаралған шараларды үздіксіз қаржыландыруға және материал, еңбек және ақша ресурстарын мақсатты әрі ұтымды пайдалануға бақылауды күшейтуге бағытталған. Бұл мақсаттар Қазақстан Республикасының әлеуметтік экономикалық дамуының, қоғамдық өмірдің барлық салаларын қайта құрудың стратегиясын қаржымен қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайды.

Қазіргі жағдайда жасалынған қаржы саясаты концепциясының мақсаты – шаруашылықты дамыту, қоғамдық өндіріс тиімділігі барынша арттыру негізінде халық тұрмысының неғұрлым жоғарғы дәрежесіне жету. Қаржы стратегиясының әлеуметтік бағыттылығы халықтың тұрмыс жағдайын арттыруға жұмсалатын қаржы ресурстарын көбейтудің мүмкіндіктерін іздестіруде ғана емес. Сонымен қатар экономикалық саясаттың басты мақсатына деген принципті жаңа көзқараста көрінеді.

Сайып келгенде, қаржы саясатының тиімділігін арттыру шаруашылық жүргізудің бүкіл жүйесімен және оның жоспарлау, болжау, экономикалық ынталандыру, ұйымдастыру, және басқару сияқты құрамды бөліктерімен етене байланысты. Оның үстіне қаржы қоғамдық қатынастар жүйесінің серпінін анықтаушы неғұрлым жалпы ұғым ретіндегі әлеуметтік механизмнің ұқсас құрамды бөліктерімен де өзара іс-әрекет етеді.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуде қаржы нарығының маңызы өте зор. Қаржы нарығы – жеке, ерекше, күрделі экономикалық категория. Бұл категорияның күрделілігін ескере отырып бірнеше дефиниция беруге болады, алайда олардың әрқайсысы толық емес болуы мүмкін. Мысалы, қаржы нарығы – ақша нарығы (қаржы активтерінің нарығы), қаржылық ресурстар нарығы немесе қаржы нарығы – ақша капиталының ауыспалылығымен тығыз байланысты экономикалық қатынастар мен институттар жиынтығы. Институционалды тұрғыдан қарастырғанда қаржы нарығының құрамына банктер мен басқа да қаржы-несие мекемелері кіреді: зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары, инвестициялық қорлар, қаржылық компаниялар, бағалы қағаздар бойынша компаниялар, қор биржалары, басқа да инфрақұрылымдық ұйымдар және т.б.

Қаржы нарығының құрамы көп жағдайларда келесідей нарықтарға бөлінеді: несие нарығы (банктік несиелер нарығы), бағалы қағаздар нарығы, туынды қаржы құралдары мен валюта (немесе ақша-валюта) нарығы. Сонымен қатар қаржы нарығының құрамына сақтандыру нарығы да жатады. Осы себептен де қаржы нарығына анықтама беру кезінде бір дефинициямен шектелу мүмкін емес.

Жоғарыда келтірілген анықтама шетел әдебиеттерінде көбіне қаржы жүйесінің анықтамасы ретінде де қолданылады.

Бірақ қаржы жүйесі қаржы нарығына қарағанда кең әрі ауқымды ұғымды білдіреді, себебі оның құрамына қаржы ресурстарын бөлу және қайта бөлуде нарықтық емес құралдар қолданылатын мемлекеттік қаржылар кіреді.

Қаржы жүйесі, қаржы нарығы заманауи экономикада бірнеше қызмет атқарады: қайта бөлу, ақпараттық, тәуекелдерді басқару, айналым шығындарын үнемдеу және т.б., осы аталғандардың ішінде ең маңыздысы капиталды қайта бөлу қызметі болып табылады. Ақша ресурстарына мұқтаж қарыз алушы мен оларды жинақтаушылар (қарыз беруші немесе кредитор) арасындағы капиталды қайта бөлу қызметін атқару жалпы мемлекеттің экономикалық тиімділігін сақтауда маңызды рөл атқарады.

Экономикалық даму барысында қаржы жүйесінің рөлі Й. Шумпетер, Е. Шоу, Р. Голдсмит, Р. Маккинон және т.б. жазған болатын. 1990-2000 жылдары ондаған мемлекеттің мысалында жасалған көптеген зерттеулер нәтижесінде экономикалық даму деңгейі мен қаржы жүйесінің даму деңгейі арасында оң байланыс орнайтыны анықталды [North 1990; Neal 1990; Rajan, Zingales 2000; Rousseau, Sylla 2001; Levine 2002, Rousseau 2002]. Аталған авторлардың ішінде ойын ең айқын түрде білдірген Нью-Йорк университетінің профессоры Ричард Силла болды. Ол XVII ғасырдағы Голландия мен Англия, XVIII ғасырдағы АҚШ, XIX ғасырдағы Германия, Жапония мен Ресей мысалында қаржы революциясы, нақтырақ айтқанда, банк жүйесін құру өнеркәсіп революциясының басталуына және жылдам экономикалық өсуге алып келетінін дәлелдеген.

Сонымен бірге қаржы нарықтарының экономикалық динамикаға теріс әсер ететін тұстары да кездеседі, бұл ретте қаржы нарығы өсуге ықпал ететін фактор емес, керісінше өндіріс процесіндегі қалыпты жағдайды бұзып, теріс, негативті нәтижелерге алып келетін факторға айналуы мүмкін. Аталған құбылысты қаржылық дағдарыс деп атайды.

Қаржылық дағдарыс ретінде көптеген қаржылық институттар немесе қаржылық активтердің өз құнының бір бөлігін жоғалтуы, осының нәтижесінде қаржы-несие мекемелерінің жаппай банкроттығы, қарыз қаражаттарын алудың қиындауы, экономикалық агенттер арасындағы қатынастардың бұзылуы, осыған сәйкес негізгі капиталға инвестициялардың азаюы, жұмыс-

бастылық пен өндірістің төмендеуі, демек, толыққанды экономикалық дағдарысты айтуға болады. Қаржы дағдарысы экономикалық дағдарыстан алдын ала экономикалық дағдарыспен қатар немесе экономикалық дағдарысты аяқтауы мүмкін (ал кейбір жағдайларда тіпті экономиканың нақты секторына әсер етпеуі мүмкін). Қаржылық дағдарыстың бірнеше формалары бар: банктік, бюджеттік, валюталық, қор (биржалық), дағдарыс немесе бірнеше формаларды бір мезетте қамтуы мүмкін.

2007 жылы АҚШ-та ипотекалық дағдарыс ретінде басталған қаржылық дағдарыс кейіннен АҚШ пен Еуропаның банк жүйесіне тарауы, ал бұл жағдай акция нарығында бағалардың төмендеуіне әсер етіп, кейіннен толық масштабты түрде жалпы өндіріс пен негізгі капиталға инвестициялардың азаюымен, жұмыссыздықтың өсуімен экономикалық дағдарысқа алып келді.

Аталған дағдарыстың ең шиеленіскен ортасында қаржы жүйесі мен қаржы нарығы болды. Осы тұрғыдан алғанда олардың (қаржы жүйесі мен қаржы нарығының) реформалау мен қайта құрылуы жайлы алдыңғы қатарлы 20 дамыған мемлекет басшыларының кездесуінде айтылған болатын. Бұл қаржы секторының заманауи экономикада алатын орны ерекше екенін көрсетеді. Осыған сәйкес, қазіргі таңда заманауи экономиканы қаржылық экономика деп те айтуға болады. Аталған қаржы институттары мен қаржы нарықтарының атқаратын қызметтерінің басты мәселелері мен қаржы жүйелерінің құрылымы жайлы көптеген еңбектер жазылған. Қаржы нарығы аясына байланысты көптеген ғалымдар оның ішінде М. Фридман, Д. Тобин, Р. Коуз, Д. Стиглер, М. Аллэ, Ф. Модильяни, М. Миллер, Г. Марковиц, Дж. Бьюкенен, У. Шарп, Р. Мертон, М. Шоулз, Р. Манделл, Д. Акерлоф, М. Спенс, Д. Стиглиц, Д. Канеман, П. Кругман өз еңбектерінде қаржы нарығының өзгермелілігі, оның экономикаға әсері өте жоғары екендігі туралы атап өтіп, бұл жерде пайда болатын мәселелердің салдары экономиканың құлдырауына алып келу мүмкіндігінің жоғары екенін көрсеткен.

2007-2009 жылдардағы әлемдік қаржы-экономикалық дағдарыс әлемдік қаржы жүйесін реформалау мен ұлттық реттеуші органдардың өзара байланысын нығайту қажеттігін туындатты. Әлемдік нарық көлемінде жоғарыдан бақылау мен реттеу органдары болмайды. Алайда халықаралық деңгейде көбіне үкімет-

аралық және жеке ұйымдар арқылы белгілі бір ережелер, стандарттар белгіленеді және бұлар өз кезегінде ұлттық деңгейде қабылданады (Халықаралық есеп банкінің капиталдың жеткіліктілігі туралы базельдік стандарттары, ОЭСР-дің корпоративтік басқару қағидалары, халықаралық қаржылық есептердің стандарттары және т.б.). Бұрын халықаралық қаржы ұйымдары дамушы мемлекеттерге соңғы инстанциядағы кредитор рөлін атқаратын, дегенмен қазіргі таңдағы жағдай бойынша бұл механизмдердің жеткілікті түрде талаптарға сай деп айтуға қиын. 20 мемлекет өкілдерінің кездесуінде әлемдік қаржы нарығын реформалаудың келесі негізгі қағидалары анықталды:

1) есеп берудің сапасын жоғарылату және оның ашықтығын арттыру;

2) реттеу жүйесінің тиімділігін арттыру;

3) ақиқат қаржы нарығын дамытуға ат салысу;

4) халықаралық бірігіп қызмет етуді дамыту;

5) халықаралық қаржы ұйымдарын реформалау.

Ал Қазақстан Республикасында бүгінде мемлекеттік қаржылардың қоғам мұқтаждықтары мен мемлекеттің өзіне тән әр алуан қызметін қаржыландыру, экономикалық қатынастарды түрлендіру, қаржы жүйесін нарықтық жағдайларға бейімдеу және инвестициялық белсенділікті ынталандыру, сондай-ақ әлеуметтік мәселелерді шешу, экономикалық тұрақтылықты және қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында атқаратын рөлі мен маңызы күн санап күшейе түсуде. Демек, мемлекет тарапынан ақша қаражаттарын шоғырландыру және ақшалай қорларды қалыптастыру, сондай-ақ қаржылық ресурстарды бөлу барысында пайдаланылатын мемлекеттік қаржылар мемлекеттің нарықтық өркендеуінің және егемендігінің экономикалық атрибуты болып танылады.

Басқарудың тиімді мемлекеттік аппаратын түсіндіруде мына төмендегідей бағыттармен келісуге болады:

1) мемлекеттік билік органдарының адекватты жүйесін құрудың маңыздылығы – бұл тиімді әрекет етуші мемлекеттік басқару аппаратын қалыптастыру, бұл кезде бірінші кезекті қарсылық көрсетуді басып тастауға қабілетті жүйе емес, азаматтарға қолдау көрсетуді біріктіруге қабілетті жүйе тиімді деп есептелінеді;

2) биліктің туралығын қалыптастыру мен нығайту – бұл басқарудың тиімді мемлекеттік аппаратын құру. Дәл осы міндетті сәтті шешуде Наполеон Бонапарт Францияның ұлттық күштерін бүкіл Еуропаны жаулап алу үшін және елдің экономикасын нығайту үшін жұмылдыра білді. Оның шешімінің сәттілігінен сол кезеңінің ұзақтығы, келесі кезеңнің сипаты байланысты болады.

Бүгінгі таңда мемлекеттік қаржылық бақылаудың негізгі міндеттері:

1) қаржылық құқықтың сақталуын қамтамасыз ету;

2) қаржы жүйесінің барлық буындарының ұтымды жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

3) ақша жүйесінің, соның ішінде ұлттық валюталық жүйенің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

4) қаржылық ресурстарға деген қажеттілік пен қолда бар мемлекеттік ақша қаражаттары қорлары мөлшерінің арасын теңдестіру;

5) міндетті субъектілердің мемлекет алдындағы өз қаржылық міндеттемелерін толығымен және уақытылы орындалуын қамтамасыз ету;

6) мемлекеттің қаржылық ресурстарын мақсатқа сай пайдалануын қамтамасыз ету.

Қазақстанда мемлекетпен қаржылық реттеуді жүзеге асыру, мемлекеттің қаржылық ресурстарын орталықтандыру, мемлекеттік ақшалай қорлардың түрлері мен пайдаланылу бағыттарын айқындау, республикалық бюджеттің кірісі мен шығысын бөлу және т.б. мемлекеттің қаржы жүйесі мен оның әрбір буынына олардың тиісінше жұмыс істеулерін қамтамасыз ету мақсатында ықпал ететін заң жүзінде рәсімделінген жүйе мемлекеттік қаржылық реттеу арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы мемлекетпен қаржылық реттеуінің басты мақсаты – қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге қол жеткізу. Демек, мемлекеттік қаржылық реттеу барысында мемлекеттің қаржы жүйесінің барлық буындарының кіріс базалары жоспарланған көлемдегі ақша қаражаттарымен қамтамасыз етіледі. Мемлекеттік қаржылық реттеу мына түрде жүзеге асырылу керек:

1) мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамын және экономикалық негізін қалыптастыру;

2) мемлекеттің қаржы жүйесін құрайтын ақшалай қорлардың түрлері мен мақсатты бағыттарын айқындау;

3) мемлекеттің кірістері мен шығыстарын қаржы жүйесінің нақты буындары арасында бөлу;

4) бағаларды және мемлекеттің инвестициялық қызметін қаржылық реттеу;

5) мемлекеттік қаржылық жоспарлау негізінде республикалық бюджеттің негізгі басымдықтарын айқындауға және есептеуге қажетті база ретінде әлеуметтік-экономикалық дамудың макроэкономикалық көрсеткіштерін болжамдау;

6) мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамына кіретін ақшалай қорлардың қаражаттарын қалыптастыруды және бөлуді жоспарлау;

7) мемлекеттің қаржы жүйесінің ресурстарын жұмсау басымдықтарын айқындау және қоғамдық мемлекеттік маңызы бар ақша қаражаттарын пайдалану аясында мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыру;

8) бюджеттік жүйенің кіріс базасын бюджеттік реттеу;

9) республикалық және жергілікті бюджеттердің кіріс және шығыс бөліктерін теңдестіру.

Мемлекеттік қаржылық реттеу мемлекеттің қаржы жүйесінің тиісінше жұмыс істеуін, сондай-ақ оның құрылымдық бөліктерінің өзара қарым-қатынастарын айтарлықтай деңгейде қамтамасыз ету мақсатында қаржы жүйесіне ұйымдастыру сипатында және бағытталған түрде қаржылық-экономикалық ықпал ету мемлекеттік қаржылық басқару арқылы іске асырылады.

Қорытындылай келе, келешекте қаржы жүйесінің тұрақтылығын қалыптастыру мақсатында мемлекеттік қаржылар саласындағы басқару мынаны қамтамасыз ету қажет:

1) қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;

2) мемлекеттік қаржыларды теңдестіруге ықпал жасау;

3) экономиканы қаржылық реттеуге өз үлесін қосу;

4) мемлекеттік инвестициялық-қаржылық кешеннің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету;

5) қаржы жүйесінің халықаралық стандарттарға өтуіне жағдай жасау;

6) қаржы жүйесінің қаржылық заңнамасын жетілдіру;

7) мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық орнықтылығын қамтамасыз ету;

8) бюджеттен тыс мемлекеттік мақсатты ақшалай қорлардың қалыптастырылуын және жұмсалуды қамтамасыз етеді.

### 1.3. Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыру жүйесін қалыптастыру мен дамытуды құқықтық реттеу мәселелері

Қазіргі кезеңде дамыған және дамушы елдер исламдық қаржыландыру жүйесін енгізуге белсене кірісуде. Оларды исламдық банкинг, исламдық құнды қағаздар, исламдық инвестиция тартудың ерекшеліктері мен артықшылықтары қызықтыруда.

Осы уақытқа дейін әлемдік экономика мен қаржылық жүйенің тірегі болып келген батыстық экономикалық үлгі бүгінде әлсірей бастап, дәрменсіз күй кешуде. Сарапшылар пікірінше, дағдарысқа төтеп бере алмай, төзімділігі сыр берген еуропалық үлгінің басты кемшілігі – несиелік пайыздық өлшемдер.

Алайда қаржылық жүйесі исламдық қағидаларға сай құрылған мемлекеттер дағдарыстан онша зиян шеккен жоқ. Сарапшылар қауымы мұны исламдық қаржыландыру жүйесінің артықшылықтарымен байланыстырады. Ең бастысы, мұсылман елдері инвесторлардың исламдық заңдарына сәйкес келмейтін жобаларды қаржыландыруға, сондай-ақ қару-жарак, арақ-шарап, темекі, шошқа өнімдері, көңіл көтеретін орындар, сақтандыру және келісімнен түсетін пайыздар есебінен қызмет ететін қаржылық компаниялардың акцияларын сатып алуға құқығы жоқ. Сондай-ақ «риба», яғни қарыздардың үстінен түсетін пайыздық ақыны алуға қатаң тыйым салынған. Исламдық құқықта «риба», яғни бостан-бос пайдаға кенелу болып саналады. Осы себепті ақшаның үстінен ақша табуға тыйым салынады. Демек, кез келген келісімнің негізінде белгілі бір меншік немесе инвестициялық жоба жатады.

Қазіргі дүниежүзілік дағдарыс кезінде исламдық қаржыландыру өзінің тұрақтылығы мен әлеуметтік өміршеңдігін көрсетті. Исламдық қаржы индустриясы өзінің жылдық даму кезеңінде дәстүрлі қаржы жүйесі алдында артықшылығын көрсетті. Өйткені ол дағдарысқа мейлінше бейімделген және экономиканың

нақты секторын тікелей инвестициялауға мүдделі, сонымен қатар халықтың жұмысбастылығы мен жағдайының деңгейін арттыруға әсер ете алады. Осы және тағы басқа жағдайлар исламдық қаржыландыруға деген сенімді арттырады, ал бұл индустриалды-инновациялық даму жағдайында экономиканың жаңғыруына алып келеді.

Исламдық қаржыландыру шығындар мен тәуекелдерді жинақтамай-ақ орналастырғаннан кейін оларды дұрыс пайдалану ерекшелігінің арқасында көптеген мүмкіндіктерге ие. Дәстүрлі банктерде жинақталған шығындардың көптігінен банкроттыққа ұшырау ықтималдығы өте жоғары, исламдық қаржыландырудың үлесі көп болған сайын экономика тұрақты болады, айналымдылық мерзімі артады да, ал ауытқу көлемі төмендейді.

Исламдық қаржыландыру жүйесінің артықшылықтарының бірі болып тәуекелдерді бөлу табылады. Алайда мұндай жағдайда дәстүрлі банкпен салыстырғанда, ислам банкінің меншігі болады және табыс алған жағдайда едәуір сыйақы алуға мүмкіндік туады.

Сарапшылардың айтуы бойынша негізгі артықшылығы дүниежүзілік қаржылық дағдарысқа қарсы исламдық қаржыландыру жүйесі тұрақты болып қалады. Сонымен қатар дағдарыстан кейінгі исламдық қаржыландыру институттары жоғары өтімділікті көрсетуде. Бұл жүйенің тұрақтылығының себебі болып мәмілеге қатысушылардың арасында тәуекелдер мен табыстың дұрыс бөлінуі табылады. Мұнда мәміленің екі жағы да жобаның табыстылығы мен инвестицияның қайтарымдылығына жауапты болады. Исламдық қаржыландырудың қағидалары сенім мен әділеттілікке, анықтылыққа және мәмілеге қатысушылар арасындағы шындыққа негізделген.

Сонымен бірге исламдық қаржыландыруда ақша-тауар ретінде емес, құнның мөлшері ретінде ғана қарастырылады, сол себепті валютаны алып-сатуға рұқсат берілмейді.

Біріншіден, исламдық қаржыландырудың негізгі қағидасына сәйкес пайыздық мөлшерлемеге шектеу қойылған, сол себепті дәстүрлі банк депозиттері мен несиелері болмайды.

Екіншіден, тәуекелдерді өзара бөлу болып табылады. Банк клиенттің жобасын қаржыландыра отырып, оның инвесторы болып табылады, осы жобадан түскен табысты тәуекелді бөледі.

Үшіншіден, алып-сату іс-әрекеттерге шектеу қойылған.

Тағы бір ерекшелігі – анықтылық, яғни мәмілеге тұрар алдында шарттардың барлығы нақты, анық болуы тиіс (қатысушылары, құралы, мерзімі). Сонымен қоса тағы бір шектеу – темекімен, алкогольмен, қару-жарақпен, көңіл көтеретін орындар, шошқа етімен, т.б. байланысты операцияларды қаржыландырмау.

Исламдық қаржыландыру дүниежүзінде соңғы жарты ғасырдың ішінде белсенді дамуда. ТМД елдері арасында Қазақстан Республикасы алғаш болып исламдық қаржыландыру үлгісін құрды. Сарапшылардың пайымдауынша, ол елдің дамуында үлкен рөлге ие, дүниежүзілік қаржылық дағдарыс кезінде қаржылық тұрақтылықты қамтамсыз етуде қосымша көздерді қарастырады.

Исламдық және дәстүрлі банктердің жүргізетін операцияларының арасында елеулі ерекшеліктер бар. Қазақстан Республикасында қолданылып жүрген заңдар мен ережелер тек дәстүрлі банктің қызметін ғана реттейді. Қазақстан Республикасындағы «Банк және банктік қызмет туралы», «Бағалы қағаздар нарығы туралы», «Инвестициялық қор туралы» заңдарға және т.б. нормативті-құқықтық актілерге өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Елбасы «Ислам банкі туралы» заңға қол қойды. Нормативті-құқықтық актілерге исламдық қаржыландыру жөнінде өзгертулер енгізгеннен кейін елімізде исламдық банкінгің дамуына жол ашылды. Сөйтіп, посткеңестік аумақты жылдық қаржыландырудың үлгісін ұсынумен қатар оның классикалық жүйемен үйлесімді дамуын қарастырды.

Елімізде исламдық қаржыландырудың қалыптасуы мен дамуына себеп болған алғышарттардың бірі индустриалды аймақтарды дамыту үшін сырттан ұзақ мерзімді инвестициялардың ұдайы ағынын тарту болып табылады. Екінші себеп тек дәстүрлі қаржыландыру көзіне тәуелділікті төмендету және инвестициялық ағынды ынталандыру. Үшінші себеп, қаржы жүйесін қалыптастыру көздерін реттеу арқылы экономикалық тұрақтылыққа қол жеткізу болып табылады.

Қазақстан Республикасында көптеген қаржылық институттар исламдық банкінгі бойынша қызығушылықтарын білдіруде, ал бұл үдеріс Еуропа және АҚШ-тағы қаржылық қиыншылықтарға байланысты өте баяу жүргізілуде. Қазіргі кезде кейбір

ислам банктері Қазақстан Республикасының нарығын зерттеп және нарыққа шығу мүмкіндіктерін қарастырып жатыр. Басқа елдер исламдық қаржыландырудың түрлі үлгілерін енгізуде.

Қазіргі көптеген дамыған елдерде исламды қаржыландырудың қағидаларына негізделіп отырып, дәстүрлі қызметтерді атқарып жатыр. 1975 жылы Дубайда алғашқы коммерциялық ислам банкі ашылды. Қазірде дүниежүзінде 850 млрд АҚШ доллары көлемінде активтері бар 50 елде 400 ислам банктері бар. Сарапшылардың бағалауы бойынша, соңғы жылдары исламдық банкинг орташа есеппен 10-15 %-ға артып, 2013 жылы олардың активтерінің көлемі 1 трлн АҚШ доллары болады деп күтілуде.

Дүниежүзілік барлық активтердің 2/3 бөлігі Таяу Шығыс елдерінің қаржы ұйымдарына тиесілі, ал қалғандары Оңтүстік-Шығыс елдерінің қаржы ұйымдарына тиесілі, ал қалғандары Оңтүстік-Шығыс Азия және Батыс елдерге (Ұлыбритания, Франция, Швейцария, АҚШ, Германия және т.б.) тиесілі. Мысалы, Ұлыбританияда исламдық қаржыландырумен айналысатын 22 банк жұмыс істейді, соның ішінде бесеуі толық ислам банкі болып табылады.

Қазіргі кезде дүниежүзінде исламдық бағалы қағаздың 20-дай түрі бар. Қазақстанда заңдастырылған исламдық бағалы қағаздар: сертификаттар (сукук аль-мушарака) және исламдық арендалық сертификаттар (сукук аль-иджара) нысанында ұсынылған.

Исламдық қаржыландыру мемлекеттің қолдауымен және қабылдаған заңдардың көмегімен Қазақстан Республикасында кейбір қаржылық институттарды қаржыландыруда. Осылайша, 100 % Абу-Дабиге тиесілі, 2010 жылы наурызда лицензия алған, Алматы, Астан және Шымкент қалаларында бөлімшелері бар «Al-Hilal» ислам банкі АҚ атты алғашқы ислам банк ашылды. «Исламдық қаржыны дамыту ассоциациясы» мен алғашқы исламдық сақтандыру компаниясы «Такафул» өзара сақтандыру қоғамы бірігуінен пайда болған заңды тұлғалар «Fittah Finance» атты алғашқы исламдық брокерлік компания және исламдық қаржыландыру бойынша консалтингтік қызмет көрсететін компаниялар тіркелді.

Ұлттық банк академиясы негізінде исламдық қаржы бойынша кадрларды дайындау мақсатында исламдық қаржының ерек-

шелігі мен қағидаларын айқындайтын семинарлар жүргізілді, сонымен қатар лондондық бағалы қағаздар мен инвестициялар бойынша аккредиттелген институтының (CISI) исламдық қаржыландыру квалификациясы (IFQ) бойынша оқыту жүргізілді.

Исламдық қаржыландыруды дамытуда елеулі оңды заңнамалық базаның одан әрі жетілдірілуі қажет. Қазір де егеменді исламдық бағалы қағаз сукукты шығару үшін заңдық негіз дайындалып, сонымен бірге исламдық арнайы қаржы компанияларының эмитенттерін заңды тұлғалар – Қазақстан Республикасы резидент арқылы кеңейту шаралары жүргізіліп жатыр.

Болашақта халық үшін исламдық сақтандыруды, лизингті және т.б. қызмет көрсетулерді енгізу қарастырылып, ислам банкі ұсынатын құралдар тізімін кеңейту көзделуде.

Сонымен қатар корпоративті эмитенттері үшін бенчмарк құру мақсатында егеменді исламдық бағалы қағазды (сукук) шығару жоспарлануда.

2010-2012 жылдары Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыруды дамыту бойынша біріккен іс-әрекеттері жоспарына 2012-2015 «Жол картасы» атты құжаттар пакетінде қарастырылуда.

«Жол картасы» шеңберінде жетекші дүниежүзілік исламдық ұйымдармен серіктестік орнатылады. Олар: Халықаралық исламдық қаржыландыру қаржы нарығы (International Islamic Financial Market); исламдық қаржыландыру институттарының бухгалтерлік есеп және аудит бойынша ұйымы (Accounting and Auditing Organization for Islamic Financial institutions); Халықаралық исламдық рейтингтік агенттік (International Islamic Rating Agency); Исламдық қаржы қызметтерін көрсету бойынша кеңес (International Islamic Services Board), т.б. Аталмыш институттармен байланыста болудың нәтижесінде исламдық қаржыландырудың көптеген бағыттары айқындалып дамитын болады. Аталған маңызды бағыттардың бірі болып Қазақстан Республикасында исламдық микронесиелік ұйымдарды ашуға және қызмет көрсетуге байланысты шарттарды құру, сонымен қатар лизинг және ипотека секторын дамыту да кіреді. Мұның барлығы 2020 жылдары Қазақстан Республикасының аймақтық исламдық орталығы болуына өзінің септігін тигізеді.

«Al-Hilal» банкі көмегімен 23 млн доллар көлемінде телекоммуникация, сауда, құрылыс, т.б. сфералардың бірнеше жобалары қаржыландырылды. Сонымен қатар «Самұрық Қазына» ҰӘҚ мен «Al-Hilal» банкі бірігіп ФИИР бағдарламасы шеңберінде бірнеше жобаларды қаржыландыру, банктің меншікті капиталын 70 млн долларға дейін өсіру қарастырылған.

Мысалы, «ҚазАгроФинанс» жабдықтар мен АӨК үшін техникаларды лизингке алу үшін ИДБ-ны 30 млн доллар көлемінде қарыз алды. ИДБ «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» атты транспорттық жоба шеңберінде 400 млн доллар көлемінде қаражат бөлінді. Жалпы 2011 жылы Қазақстан Республикасында Ислам банкі тарапынан (трансұлттық жобаларды есептегенде) 500 млн доллар қаражат тартылды.

«Al-Hilal» ислам банкінен басқа республика қағидаларға сәйкес басқа да исламдық қаржыландырумен айналысатын ұйымдар жұмыс істейді. Мысалы, «Amanah Raya» атты малайзиялық мемлекеттік компаниясымен бірігіп республикада инвестициялық қор түрінде исламдық қаржылық өнім «Хадж қоры» құрылды. Онда қажылыққа қажетті қаражат жинақталады. Мұндай қор арқылы халық бос ресурсын жұмылдыруға және исламдық қаржыландыру қағидаларына сәйкес жинақталуын қамтамасыз етуге мүмкіндік алады.

Болашақта Amanah Raya, «Fattah Finance» АҚ, Қазақстан Даму банкі секілді ұйымдармен бірігіп, ислам банктерін ашу жоспарлануда. Қазақстандық банк нарығына кіру үшін пайда болатын сұрақтарды қарастыру үшін Алматы қаласында өкілдігін ашу жоспарлануда. Қазақстандық банк нарығына кіру кезінде пайда болатын сұрақтарды қарастыру үшін Алматы қаласында өкілдігін ашқан кувейттік-түріктік банк-ислам қаржы нарығының жаңа қатысушысы болады деп күтілуде.

Қазіргі кезеңде ислам банкінің негізгі кемшілігі болып техникалық жобаның инвестициялық әдісті басқарумен сәйкес келмеуі болып табылады. Осыған орай, ислам банктерінің инвестициялық банктер ретінде сол жобаларды қаржыландыра отырып, өндірісті дамытуға бағыттауы керек. Алайда олар қазіргі кезде тек тәуекелден сақтана отырып, табысты жобаларды ғана қаржыландыруға бейім.

Сонымен қатар жоғары мамандандырылған кәсіби кадрлардың аздығы, халықтың исламдық қаржыландыру туралы сауатсыздығын да атап өткен жөн. Өйткені елімізде қаржыгерлер дәстүрлі қаржы жүйесін ғана үйреніп, исламдық банкинг, т.б. құрылымдар туралы білім алу қарастырылмаған. Осыған орай, исламдық қаржы жүйесі мен оның заңнамалық тетіктерін оқыту үшін жүйелі түрде кешенді шаралар қарастырылуда. Мысалы, Малайзия, Бахрейн, БАЭ елдерінде исламдық қаржыландыру мен құқығы туралы оқу орталықтары жұмыс істейді. Қазақстан Республикасында АӨҚО академиясында осындай орталық ашылып, яғни оқытушылар ретінде елімізден тыс елдерден жетекші мамандарды шақыруға болады.

Сондай-ақ әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Экономика және бизнес жоғары мектебінде осы бағытта тиісті шаралар жүргізілуде. Исламдық қаржыландыру жүйесінің қазіргі жағдайы мен даму перспективасы жайлы Ұлттық банк, «Al-Hilal» банктерінің мамандары мен ғалымдардың қатысуымен дөңгелек үстел өтті. Оқу бағдарламасына үстіміздегі оқу жылынан бастап магистратура мен бакалавриатураға «Исламдық қаржы негіздері» атты пән өткізіліп, дипломдық жұмыстар мен магистрлік диссертациялар тақырыптары қарастырылуда.

Сонымен бірге исламдық қаржыландыру сферасын реттеу барысында келесідей сұрақтардың шешілуі қажет. Әсіресе ислам банкінің депозитарларының мүддесін қорғау мақсатында талап етуге дейінгі пайызсыз депозиттерді мемлекеттік міндетті кешілдеме жүйесін енгізу, сонымен қатар исламдық және дәстүрлі банк шарттарының теңдігін қамтамасыз ету қажет. Исламдық банктерді, такафул-компанияларды, т.б. ашу үшін инвесторларды тартуда исламдық сақтандыру жүйесін енгізу керек. Себебі бұл өз кезегінде еліміздің шағын және орта бизнес саласының дамуына өзіндік ықпалын тигізери сөзсіз.

Исламдық банктердің ұйымдастырылуы мен қызметі және исламдық қаржыландыруды ұйымдастыру туралы заңға сәйкес исламдық банк екінші деңгейлі банк болып табылады және өз қызметін арнайы лицензияның негізінде жүзеге асырады. Әрбір исламдық банкте банк операцияларының Шариғат ұстанымдарына сәйкестігін бақылап отыратын арнайы Шариғат кеңесі құрылады. Заңда исламдық банктің келесідей операция түрлері қарастырылған:



1) банк шоттарын ашу және жүргізу, жеке және заңды тұлғалардың талап етуіне дейін пайызсыз депозиттерді қабылдау;

2) жеке және заңды тұлғалардың инвестициялық депозиттерін қабылдау;

3) қауырт, қайтарымдылық шарттары бойынша және сыйақыны ұстап қалмау арқылы ақшалай несие беру;

4) кәсіпкерлік қызметті сауда-саттық несиемен ұсынып және өнеркәсіптік пен сауда қызметтерін қаржыландыруды заңды тұлғалардың жарғылық капиталдарға қатысуы немесе серіктестік шартымен сауда дәнекершісі ретінде сауда қызметін қаржыландыру түрінде қаржыландыру;

5) лизинг шартымен жасалатын инвестициялық қызмет;

6) исламдық банктің банктік операцияларын жүргізу кезіндегі агенттік қызмет.

Сонымен қатар заңмен айналымда болатын исламның құнды қағаздарының түрлері бекітілді. Бұл – исламның инвестициялық қорларының акциялары мен пайлары, исламдық жал сертификаттары, исламдық қатысу сертификаттары.

Исламдық инвестициялық қорларды компанияның құнды қағаздарына және исламды қаржыландыру тәртібіне қайшы келмейтін жобаларға инвестициялайды. Бұл жерде инвестицияларды белгілі бір активтермен күшейтілген құралдарға жасап шығаратыны күшті тарап болып табылады.

Исламдық жал сертификаттары ірі нысандарды, мысалға, жылжымайтын мүлікті, құрал-жабдықтарды немесе жер телімдерін сатып алуды қаржыландыруға қатыстыру үшін шығарылады. Бұл үшін сертификаттарды орналастырудан алынған қаржыға мүліктерді сатып алатын исламдық арнайы қаржылық компания құрылады. Бұл мүліктер жалға беріледі және осылайша, жал шарты бойынша (қаржылық лизинг) табыс табады.

Исламдық қатысу сертификаттары арнайы исламдық қаржылық компаниямен жаңа инвестициялық жобаны, жұмыс істеп тұрған жобаны немесе кәсіпкерлік қызметтерді қаржыландыру мақсатында шығарылады. Мұндай сертификаттар инфрақұрылымдық, өндірістік, ауылшаруашылық жобаларды қаржыландыруды тартуға мүмкіндік береді. Оригинатор, яғни арнайы қаржылық компанияны жасап шығарушы мүлік енгізу немесе арнайы қаржылық компанияның акцияларымен сенімді басқару

арқылы жобаға қатысады. Инвестициялық жобаны сатудан түскен пайда оригинатор мен сертификаттардың иелері арасында бөлініске түседі. Заң оригинаторлардың шеңберін шектеуді алдын ала қарастырады. Қазақстан Республикасының заңына сай, Исламдық арнайы қаржылық компанияның оригинаторы Исламдық банк, «КазАгро» ҰБХ АҚ, «Самұрық-Қазына» ҰӨАҚ АҚ және оның 100 %-дық еншілес ұйымдары болу мүмкін. Әлемдік тәжірибеде исламдық құнды қағаздар заңды тұлғалар ретінде инфрақұрылымдық нысандардың, көп қызметті орталықтардың құрылысы, өндірісті қалпына келтіру үшін мемлекеттің үкіметтері де шығара алады. Көбіне жобаларды сату барысында исламдық жал сертификаттарының комбинациялары мен исламдық қатысу сертификаттары пайдаланылады.

Шариғат тәртібінің табысты кепілдеуге тыйым салатынына және тәуекелге қатыспауға байланысты исламдық банктер депозиттерді кепілдеу қорының қатысушылары болып табылмайды. Мысалы, егер исламдық банк өндірістік және сауда қызметтерін қаржыландырса, онда шартқа сай банк пен клиент серіктес болып табылады. Олар жобаға ақшалай қаржы немесе мүлік салады. Демек, банк пен клиент екеуі де жобаның табыстылығына мүдделі. Мейлі ол пайда немесе залал болсын, банк пен клиент оларды алдын ала уағдаластыққа сәйкес және ортақ мүлкінің үлесіне үйлесімді атқарады.

Мысалы, басқа бір исламдық банк тауарды жеке меншікке сатып алады да клиентке үстеме бағада мерзімін ұзартумен немесе бөліп төлеу арқылы сатады. Бұл жерде банк сауда делдалы ретінде әрекет етеді және сауда-саттық кредитін ұсынады. Бұл жағдайда тауардың атауын, санын, бағасы мен үстеме бағасын қамтитын сауда-саттық кредиті туралы бұрын белгілі болады. Осылайша, келісімшартқа тұрған кезде белгісіздік туындамайды.

Исламдық банкингтің тағы бір ерекшелігі активтерді қаржы құралдары болып табылатын Мухараба (Mudharaba – арнайы серіктестік) және Мурабаха (Murabaha – сауда-саттық қаржыландыру) кестесі бойынша инвестициялау болып есептеледі.

Мухараба – бұл сенімді қаржыландыру және ақша құралдарын пайдалану тұрғысынан әділ және тиімді мәмілені ұсынады. Банк салымшылардың қаражаттарымен жұмыс істеген кезде

бірде сенімгерлік басқарушы ретінде әрекет етеді, жобаны қаржыландыру кезінде кірістің бір бөлігін банктің кірістері құрауы тиіс болатын жобаны қаржыландырады, ал сол арқылы оның салымшыларын да қаржыландырады.

Мурабаха банктер және оның клиенттері арасында тауарды арнайы бағада сату туралы келісімді ұсынады. Бұл бағада банктің табысын құрайтын, келісілген «үстеме баға» – айырма кепілге алынған. Банк клиенттің талабы бойынша шетелден немесе ішкі нарықтан тауарды сатып алады да, содан кейін келісімшарттары бойынша оны бір уақытта немесе бөліп төлеу арқылы сатады.

Мухараб және Мурабах кестелеріне сәйкес қаржы қорлары қамтамасыз етілмеген депозиттердің есебінен құралады, яғни салымшылар банктің табыстары мен шығындарына қатысады.

Исламдық банкінгтің жоғарыда аталған құралдарынан басқа құралдары да бар екендігін айтып өткен жөн. Мысалы, Мушарақа (Musharaka) тұрақты серіктестікті білдіреді және барлық қатысушылар кірістер мен шығындарды бастапқы салынған капиталға үйлесімді түрде бөлісетін және мерзімдер мен қызметтің талаптарын келісетін бизнес серіктестер ретінде әрекет етеді.

Иджара (Ijara) – бұл лизинг. Бұл жерде банк клиентке өнеркәсіптік қажеттіліктер үшін қажетті қондырғыларды жалға беруші ретінде әрекет етеді. Сонымен қатар жалға беру мерзімінің аяқталуына қарай қондырғыны кейінгі сатып алу нұсқасы да қарастырылған. Истисна (Istisna) – өндіруші (немесе мердігер) техникалық сипаттамаға сәйкес жеткілікті толығымен сипатталған тауарды (немесе ғимаратты) белгіленген баға бойынша белгіленген мерзімде өндіруге (немесе құруға) және жеткізуге келісетін шартқа жатады.

Сонымен қатар исламдық банктер іс жүзінде барлық дәстүрлі банктік операцияларды: депозиттік, несиелік, аккредитивтік, есеп және вексельдерді қайта есептеу, басқа да есептік және төлем операцияларын жүзеге асырады, ауылшаруашылық сектордағы және өнеркәсіптегі қаражатты қаржыландырады, сауданы, қызмет аясын несиелейді, әлеуметтік жобаларды қаржыландырады.

Исламдық қаржыландырудың келесі артықшылығы – бұл қарыздық міндеттемелердің кіріктірілген нарығының болмауы. Кәдімгі қарыздық қаржыландыруда сәйкес келетін пайыздық жүктемемен қарыз міндеттемелерінің кіріктірілген бір нарығы

болады. Яғни қазір қандай да бір қаражат жиынтығын төлеу керек болады. Осыдан келіп мұндай қаржыландырудың нарығы тұрақсыздықтың көзі болып табылады. Тұрақсыздықтың мұндай көзі болып, бір нарықта пайда бола салып, басқа нарықтардағы инвестициялық жобаларда пайдаланылатын «ыстық ақша» деп аталатындар қызмет етеді. Осылайша, егер бір нарықта күрт төмендеу басқаларында да жүреді. Исламдық қаржыландыруда қарыздық міндеттемелердің кіріктірілген нарығы жоқ, ол бір нарықтан екіншісіне ақша ағынының өту мүмкіндігін болдырмайды. Демек, тұрақты жағдаяттың ықтималдығы аз. Әрбір өнім сату туралы форвард келісімі арқылы немесе Мурабаха арқылы қаржыландырылады. Бірақ сонымен бірге қарыздық міндеттемелер қайта сатылмайды.

«Заке» деп аталатын ереже исламдық банкінгтің ерекшелігі болып табылады. Осы ережеге сай исламдық банктер акционерлерден закені жинайды және алынған ақшаларды мұқтаждарға береді. Закені сатуды кедейлер мен мұқтаждардың пайдасына шешілетін микрожобаларды қаржыландыру үшін пайдалануға болады. Мұндай банктер әлеуметтік ортаны жақсарту мен кедейлікті төмендетуде үлкен рөл атқарады.

Сөз соңында ислам банкі Мурабаха шеңберінде қаржыландыруды жүзеге асырса, онда несие беру уақытындағы тіркелген қаражат жиынтығы қарыз алушының төлемді кешіктерген жағдайында да ұлғайтыла алмайтынын атап өткен маңызды. Осылайша, клиент ислам банкіне қарызын төлем мерзімін өткізіп алғаны үшін өсім қосумен байланысты қосымша шығынсыз ұзақ уақытта төлей алады.

Осыдан ислам банкінің қаржысы сенімдірек, қауіпсіздірек және біздің несиелеу тәртібіміздің тиімді ерекшеленетіндігі көрінеді. Осыған байланысты Қазақстан 500-700 млн долл қаражат жиынтығына еуробонд шығару орнына исламдық облигация – сукук шығаруды дайындайды. Исламдық бондтардың ерекшелігі сатып алушының кепілдірілген купонға емес, эмитент табысының белгілі бір үлесіне құқығы болады. Осы облигациялар капиталды тартудың пайызсыз құралы ретінде қаржылық нарықта алғаш рет 10 жылдан астам бұрын пайда болды және қазіргі уақытта исламдық қаржылар нарығы өсуінің «локомотивтерінің» бірі болып табылады. 2000 жылдың соңына қарай

236 млн долларға сукуктар 3 рет қана шығарылды, ал 2006 жылдың соңына қарай 77 орналастырылған шығарылымдардың есебінен қатыстырылған сукуктардың саны 27 млрд долларды құрады. Сукук құнды қағаздарының шығарылуы мұсылман құқықтарының талаптарын бұзбай капиталды жұмылдыру және салу мүмкіндіктерімен уағдаласылған. Сукук құнды қағаздарының шығарылуы орташа ұзақтықтағы уақытқа арналған инвестициялаудың тартымды механизмі ретінде қарастырылады. Қарыз алушылар қаржыландырудың дәстүрлі емес, исламдық әдістерін пайдалануы есебінен инвесторлар базасын және қаржыландыру көздерін кеңейту мүмкіндігіне ие болады.

Қазақстан нарығында сукук құнды қағаздарын шығаруды қамтамасыз етуге арналған активтер ретінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік комитетіне тиесілі жолдар пайдаланылатын болады.

Сукук құнды қағаздарын шығару Қазақстанда, Таяу Шығыстағы және Азиядағы әлеуеті салымшылардың қорын ұлғайтуға, сонымен қатар жекеменшік компанияларға исламдық қаржы нарығына шығуға көмектесетін нарықтық бағдарды (бенчмаркинг) қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Encore Management S.A-дің басқарушы директоры Дж. Сэгдвик сукук қазақстандық инвесторлар үшін қаржыны салудың жаңа құралы әбден болуы мүмкін деп есептейді. Сонымен қатар Дж. Сэндвик Darahim Sukuk Basket бондтарының эмитенті тіпті жалпы құлдыраудың осындай қиын мерзімінде де «AA+» оңды халықаралық рейтингін сақтап тұрған BNP Paribas компаниясы болып табылатындығын хабарлады.

Қазақстанда Al Hilal Bank исламдық банкінен басқа, құрылуы туралы келісімге 19.07.2010 жылы қол қойылған Amanah Raya малайзиялық банкі 2011 жылдан бастап өз жұмысын бастайды. Банк шағын және орта бизнесті қаржыландыруға мамандандырылады.

Исламдық қаржыландырудың ойдағыдай дамуы исламдық банкинг құралдарына деген сұраныстың жеткіліктілігіне ғана емес, сонымен қатар оның қызмет етуі үшін қажетті және қолайлы жағдайлардың бар болуына да байланысты. Бұл, сонымен қатар нормативтік қордың және қадағалау әдістерінің міндетті бейімделуі, исламдық қаржыландыруға пруденциялық реттеу,

нарық мүшелерінің берілген өнім туралы кеңінен хабардарлығы және оның артықшылықтарын нақты түсінуі, исламдық қаржыландыру жұмыстары бойынша жақсы қабілеттердің болуы, қаржыландырудың осы көзін пайдаланудың жинақталған жағымды тәжірибесінің болуы және т.б. мәселелерге де қатысты. Исламдық банкингтің дамуына жағымды жағдайларды қалыптастыру бір күннің ішінде жасалуы мүмкін еместігін, бұл іске едәуір ұзақ уақыт қажет екенін атап өту керек.

Қазақстан осы бағыттағы жұмысын заңнамалық негізге, оның ішінде ҚР президенті бекіткен исламдық банктердің ұйымдастырылуы мен қызметі жөніндегі және исламдық қаржыландырудың ұйымдастырылуы жөніндегі заңына өзгертулер енгізу арқылы жалғастырып келеді, сәйкесінше бухгалтерлік есепті жүргізуде де өзгертулер енгізу қажет болады. Исламдық банктің қызметін исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңес (Islamic Finance Standards Board-IFSB) бақылап отырады. Кеңес жоғары юриспруденциялық білім деңгейі бар білікті мамандардан, сонымен қатар исламдық қаржыландыру саласындағы шариғат ұстанымдарынан тұрады.

Исламдық құралдарды ұсынатын әрбір банкте банк қызметінің шариғат нормаларына сәйкестігін тексеріп отыратын Шариғат комитеті қалыптастырылуы тиіс. Қазақстанда бүкіл әлемдегі секілді шариғат нормалары бойынша мамандар жоқ. Осыған байланысты ең қысқа мерзімде исламдық қаржы құқығы саласында мамандарды дайындау қажет.

Сонымен қатар халықтың исламдық банк жұмыстарының ерекшеліктері туралы, атап айтқанда, банктердің кірістерді де, шығындарды да бөлісетіндігін, ал бұл салымшының қаржы операцияларының сәтсіздігінен өз ақшаларын жоғалтып алу мүмкіндігі туралы дұрыс ақпараттандырылу мәселесі де тұр. Салымшы салымдарды исламдық банктерге салудың тәуекелділіктері туралы, ал қарыз алушы исламдық банктің қайырымдылық қоры еместігін білуі тиіс.

Заңнамалардағы қайта құрулардың шын мәніндегі іске асырылуы үшін бізге мемлекеттік және сауда-саттық қорларды іске қосу қажет. Бұл үшін ислам елдерінің мемлекеттік реттеушілерімен тікелей ынтымақтастық жасау, біздің еліміздің басшылығы мен ислам елдерінің саяси элитасы арасында тығыз қарым-

қатынас орнату және бұл процеске ірі қазақстандық бірлестіктерді тарту қажет. Барлық бұл шаралар бізге жедел түрде заң шығарушылықтан тәжірибелік іске асыруға және исламдық қаржыландыруды біздің күнделікті ендіруге көмектеседі.

Қазақстандағы Al Hilal Bank басқармасының төрағасы П. Абрахам мырзаның пікірінше жуық арадағы 12-18 айдың ішінде бірінші кезекте үкіметтік және бірлестікті жобаларда жалпы ел экономикасының дамуына әсер ететін салаларға шоғырлануымыз қажет. Келесі кезекте банк өнімдері мен орта бизнеске арналған қызметтерді ұсыну болып табылады. Соңғы сатыда белгіленген мерзімнің аяқталуына қарай өнімдердің және жеке тұлғаларды, шағын және орта бизнесті исламдық қаржыландырудың толық спектрін көрсету жоспарлануда.

Осылайша, жоспарланып отырған қайта құрулар ел экономикасында жағымды рөл атқарады. Біріншіден, Қазақстанда исламдық қаржыландыруды ендіру қаржы қызметтерінің спектрін кеңейтуге мүмкіндік береді. Екіншіден, ол елге инвестициялық капиталды және исламдық қаржы индустриясындағы ірі әлемдік қатысушыларды тартудың құралы болып табылады. Үшіншіден, исламдық қаржыландыру дәстүрлі қаржыландыруға қарағанда тиімдірек, себебі ислам экономикасы сыйақы пайыздарына қарсы. Сондықтан да бизнесті, ауыл шаруашылығын және өнеркәсіптерді қаржыландыруда экономиканың тиімсіз болу мүмкіндігін жоятын дамушы елдерге риясыз көмектеседі.

Мамандар исламдық банкингті енгізудің тиімділігін бірнеше себептермен түсіндіреді.

Біріншіден, ислам қаржы жүйесі – ең жылдам өсуші сала. Жылына 15 пайызға өсетін исламдық негіздегі активтердің жиынтығы 800 миллиард АҚШ долларына тең.

Екіншіден, исламдық қаржы жүйесін енгізген негізгі елдер – Таяу Шығыста төлемпаздық (ликвид) аса жоғары деңгейде шоғырланған.

Үшіншіден, еліміздің қаржы жүйесінде исламдық банктің пайда болуы өз кезегінде қаржы нарығында жаңа ойыншылар мен мүлде жаңа банктік өнімдерді шығаруға септігін тигізеді.

Төртіншіден, исламдық жүйе банк саласында тұрақтандырушы ықпалға ие. Себебі салымшылар салымның қауіп-қатер тәуекелін бөліседі.

Исламдық банктің негізгі өнімдері мыналар: сауда-қаржыландыру (мурабаха), үлестік бірлескен қаржыландыру (мушарака), жалға беру (иджара), ақшаны сенімді басқару (мудароба), исламдық банк қызметінің ауқымында агенттік қызмет көрсету (уәкала), сыйақысыз банктік қарыз операцияларын жүзеге асыру (кард әл-хасан). Осы ақша операцияларының бәрінде шариғат талаптары қатаң сақталады. Яғни мұнда үстеме пайызбен өсім-ақысын алуға жол берілмейді. Ислам банкінде операциялардың шариғатқа сәйкес болуын қадағалайтын органдар бар. Олар – Шариғат кеңесі және Шариғат аудиті. Шариғат кеңесі банктің басты ережелерін бекітіп, күнделікті жүзеге асатын шағын операцияларына араласпайды. Тек үлкен бизнесті қаржыландыру, бағалы қағаздар шығару секілді істерді қадағалап, мақұлдайды. Шариғат аудитінің мақсаты – жасалған операцияларды тексеріп отыру және ережелердің сақталуын қадағалау.

Исламдық қаржы жүйесінде фьючерс, дериватив сияқты кейбір қаржылық құралдарға тыйым салынған. Экономист-ғалымдар осындай қаржылық құралдардың көптеп жүзеге асуы қаржылық «көпіршікке» себепкер болды деген тұжырымды алға тартады. Бүкіләлемдік банк өзінің бір зерттеуінде классикалық жүйеге қарағанда исламдық банкингтің тиімді әрі әділ жұмыс істейтіні туралы қорытынды жасапты. Классикалық банктердің көзқарасына жақын саналатын Бүкіләлемдік банк сарапшылары оны исламдық қаржы жүйесіндегі өсімге жол берілмеуімен байланыстырған.

#### Бакылау сұрақтары:

1. Қаржылардың маңызы мен атқаратын қызметі қандай?
2. Қаржы жүйесінің ұғымына түсінік беріңіз.
3. Қаржы мен қаржы жүйесінің арақатынасы қандай?
4. Қаржы жүйесінің негізгі буындарын атаңыз, оларға түсінік беріңіз.
5. Материалдық мағынадағы қаржы жүйесі дегеніміз не?
6. Экономикалық мағынадағы қаржы жүйесі дегеніміз не?
7. Ұйымдастыру мағынасындағы қаржы жүйесі дегеніміз не?
8. Қаржы саясаты дегеніміз не?
9. Қаржы саясатының негізгі бағыттары қандай?
10. Бюджет саясаты дегеніміз не?
11. Бюджет жүйесі дегеніміз не?
12. Бюджет жүйесінің принциптері қандай?
13. Исламдық қаржыландырудың мазмұны қандай?
14. Исламдық қаржыландыруға байланысты Қазақстан Республикасында қандай іс-шаралар жүргізілді?
15. Исламдық қаржыландырудың тиімділігі мен артықшылығы неде?

## 2

### МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

#### 2.1. Қазақстан Республикасының қаржылық қызметінің құқықтық негіздері

Материалдық мазмұны бойынша мемлекеттің қаржылық қызметі ақшаны жинау мен оны бөлу арқылы жұмсау процесін білдіреді. Ал бұл қызмет белгілі бір әдістер арқылы жүзеге асады. Мемлекеттің қаржылық қызметінің әдістері ретінде мемлекеттің нақтылы бір әдістер мен тәсілдер арқылы, осы мемлекеттің қаржы жүйесіне кіретін ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыруы екендігі белгілі.

Бұл әдістер:

Біріншіден, ақша қорларын қалыптастыру әдістері. Бұл әдісті қарастырған кезде мемлекеттің өзі құн жасамайтындығын ескеру қажет. Сондықтан ол ақшаны сырттан алуға әрекет жасайды, ал бұл жерде, өз кезегінде мынадай әдістер қолданылады: меншік иесінен ақша қорларын мәжбүрлі және қайтарымсыз негізде алу, мұның басты мысалы салықтар болып табылады. Сондай-ақ мемлекетпен бекітілген мемлекет меншік иесі болып табылатын шаруашылық субъектілерінен алынатын міндетті төлемдер де осы әдіспен алынады.

Мәжбүрлі-қайтарымды негізде алынатын ақша қорларын жиыстыру әдісі. Мұның айқын мысалы мемлекеттік заем болып табылады, негізінен, соғыс жағдайларында, сондай-ақ банктер мен сақтандыру компанияларының мемлекеттік банкте ақша қорларының бір бөлігін сақтауға міндеттеу негізінде болады.

Ал ерікті қайтарымсыз негізде жиналатын ақша қорлары, бұл мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыруда өте аз үлеске ие. Ол – негізінен, адамдардың және ұйымдардың қайырымдылық әрекеттері негізінде болатын жағдай.

Ерікті-қайтарылатын әдіспен ақша қорларын тарту. Мемлекеттік банктерде ақша қорларын сақтау әр түрлі нысандарды мемлекеттік қарыздарды тартудан көрініс табады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету негізінде ақша қорларын қалыптастыру. Негізінен белгілі бір қызмет көрсеткендігі үшін мемлекетке төлейтін мемлекеттік баж болып табылады; мемлекеттік меншікті сатудан және пайдаланудан түскен пайда арқылы ақша қорларын қалыптастыруға қатысу; айналымға қосымша ақша белгілерін шығару арқылы эмиссияны жатқызуға болады.

Екіншіден, ақша қорларын бөлу әдістері. Дәстүрлі қаржылық тәжірибеге сәйкес, ақша қорларын бөлу белгілі бір адамдар арасындағы ақшаны бөлуді білдірмейді, мемлекет немесе оның уәкілетті органының бөлуі негізінде ақшанының өз қорынан шығып, бөлінген субъектінің билік етуіне берілуін білдіреді. Әдетте ақша қорларын бөлудің келесідей әдістері қолданылады: қаржыландыру, яғни ақша қорларын қайтарымсыз беру. Қаржыландыру өз кезегінде дотация, субвенция және субсидия түрінде жүргізілетіндігі белгілі. Бұл жерде дотация (демеу қаржы) дегеніміз – мемлекеттік жәрдем (фирмалардың, кәсіпорындардың, мекемелердің белгілі бір шығындарын жабу үшін беріледі); қосымша төлем – мемлекеттік бюджеттен қайтарымсыз берілетін материалдық көмек. Субвенция деп халықты әлеуметтік қолдауды қамтамасыз ету шаралары мен басқа да мақсатты бағдарламаларға нысаналы мемлекеттік қаржылық көмек көрсетудің нысанын айтамыз. Субсидия дегеніміз – мемлекеттік басқару органдарының мемлекеттік және жеке мекемелерге беретін ағымдағы қайтарымсыз төлемдері болып табылады.

Несиелендіру бұл ақша қорларын қайтарымды негізде бөлу болып табылады. Несиелендіру жалпы және мақсатты негізде беріледі. Сондай-ақ оның пайызсыз несие түрі де кездеседі.

Үшіншіден, ақша қорларын пайдалануды ұйымдастыру әдістері. Мемлекет өз ақшасының тиімді және ұтымды пайдаланылуы үшін оның жұмсалынуын бағыттайды және оған бақылау жасайды. Мемлекеттің ақша қорларын пайдалануды ұйымдас-

тырудың негізгі әдістері: ақша қорларының пайдалану мақсатын анықтау. Мәселен, мемлекет мемлекеттік банк құрса, бұл банк қызметінің бағыттарын анықтайды; мемлекеттік ақша қорынан алынған қаржыны пайдалану тәртібін бекіту. Мемлекеттен алынған қаржы белгілі бір мақсатқа жұмсалуды тиіс. Мәселен, ол тұрғын үй салуға арналса, ол қаржыға үй салынуы тиіс; мемлекеттік кәсіпорындардың табыстарын бөлудің тәртібі мен нормативтерін бекіту; ақша қорларын бөлудің қаржылық нормативтері мен лимиттерін бекіту; ақша қорларын пайдалануды жоспарлау әдісі; ақша қорларын пайдалануға бақылау жүргізу әдісін атауға болады.

Мемлекеттік ақша қорлары, әрқашан да мемлекеттің қаржылық қызметінің түпкілікті объектісі болып есептелінеді. Қаржылық қызмет процесінде қаржылардың үш функциясы жүзеге асырылады. Олар мына төмендегідей болып келеді:

- 1) ақша қорларын жұмылдыру (жиыстыру) функциясы;
- 2) мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарды (материалдық өндіріс аясындағы және аясында емес) ақшалай қамтамасыз ету функциясы;
- 3) бақылау функциясы.

Бірінші функцияның мәні мынада: жаңа, қаржылар туралы сөз қозғағанымызда мемлекеттің өз меншігіндегі ақша қаражаттары болмай, мемлекет бола алмайды дегенбіз. Ендеше осы функция арқылы мемлекет өз мұқтаждықтарын өтеуге қажетті ақша қаражаттарын жиыстырады және осы қаражаттарды ақша қорларына қалыптастырады, яғни мемлекет өтеуге қажетті ақша қаражаттарын жұмылдырады.

Бірақ біз мемлекеттің алға қойған негізгі мақсаты – тек ақша қаражаттарын жиыстыру ғана емес екенін білеміз. Сондықтан екінші функция мемлекеттің өзіне және өз тарапынан жасалатын қызметтеріне жұмсалатын шығындарды өтеуге байланысты ақша қорларын пайдаланудан тұрады. Үшінші функция мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру және бөлу, сондай-ақ қандай да болмасын шаруашылық субъектілерінің осы қорлардан алған ақша қаражаттарын мақсатқа сай пайдаланулары кезіндегі барлық әрекеттерінің дұрыс және заңды болуын қамтамасыз етуге бағытталған. Аталған функциялар туралы айта кететін бір жай бар. Қаржылардың функциялары жөніндегі оқымысты ға-

лымдар әлі де пікірталас тудырып ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, қалыптасқан көзқарасқа келе алмай жатқан жайттар бар. Қазіргі қаржылардың функциялары турасында – білу және ұдайы өндіріс атты екі концепция өмірден орын алып отыр.

Бірінші концепцияны жақтаушылар қаржылар қоғамдық ұдайы өндірістің екінші, яғни бөлу сатысында, ақша түріндегі қоғамдық өнімнің құнын бөлу процесінде пайда болғандықтан, оларға тек бөлу функциясы ғана тән болады деп есептейді. Осы концепцияға сай қаржылар бөлу және бақылау функцияларын ғана атқарады. Бұл жердегі қателік бірден көзге түсіп тұр, өйткені қаржылардың басқа да бөлу процесіне қатысатын экономикалық (баға, ақша, жалақы төлеу, несие, т.б.) категориялар бар екенін білеміз.

Осы бөлу функциясының көмегімен жалпы қоғамдық өнімді және оның ең басты бөлу және қайта бөлу процестері жүзеге асырылады. Бөлу функциясы қаржылардың бөлу категориясы ретіндегі мағынасын ашып көрсетеді. Бақылау функциясы, осы бөлу және қайта бөлу процестері кезінде заңдылықтың, сондай-ақ мақсатқа сәйкестіліктің сақталуын қамтамасыз етеді.

Ал екінші ұдайы өндіріс концепциясы бойынша қаржылардың үстінде аталып, қарастырылған үш функциясы көрсетіледі.

Олар келтірген дәлелдер мына төмендегідей болып келеді:

- 1) қоғамдық ұдайы өндірістің сатылары бір-бірімен тығыз байланысқан;
- 2) қаржылар тек ұдайы өндіріс сатыларын ғана қамтамасыз етіп қоймай, қоғам өмірінің барлық аяларын қамтиды;
- 3) қаржылар қоғамдық өнім қозғалысының барлық сатыларында пайдаланылатын жан-жақты бақылау құралы болып табылады.

Мемлекетке қажетті ақша қаражаттарын жұмылдырудың (жиыстыру) тікелей түсім көзі материалдық өндіріс аясында жасалатын ұлттық табыс болып есептелінеді. Ұлттық табысты бөлу кезінде мемлекеттің, кәсіпорындар мен бірлестіктердің және азаматтардың кірістері құралады.

Мемлекеттің қарамағында ең мол ақша қаражаттары қорлары – бюджеттен бар екенін білеміз. Бюджет арқылы әр түрлі ақша қорларын құру нәтижесінде қоғамдық өндіріске қатысушылар тапқан кірістер басқа қатысушылардың мұқтаждықта-

рына пайдаланылады. Қаржылардың бақылау функциясы бар екенін бәрі мойындайды. Қаржылар белгілі жүйеден құрылатынын білеміз.

С.М. Найманбаев: «Қаржы жүйесі деп мемлекеттің ақшалай қорларын қалыптастыру, білу және пайдалануды ұйымдастыру барысында пайда болатын және әрқайсысы белгілі бір қаржылық құқықтық институттардың материалдық көрінісі (қорлары) болып табылатын қаржылық-экономикалық институттардың жиынтығын айтамыз», – дейді.

Ал қаржылық-экономикалық институттар дегеніміз – мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру барысында пайда болатын экономикалық қатынастардың жиынтығы. Орталықтандыру дәрежесі мен осы институттарға жататын ақша қорларының түрлері бойынша Қазақстан Республикасының қаржы жүйесінің институттары қаржылары орталықтандырылған және орталықтандырылмаған болып екіге бөлінеді.

Орталықтандырылған институттар (қаржылар) мына төмендегідей болып келеді:

1) жалпы мемлекеттік орталықтандырылған қаржылар республикалық бюджет арқылы көрсетіледі;

2) Жергілікті орталықтандырылған қаржылар. Жергілікті өкілді органдардың бюджеттері арқылы көрсетіледі. Жергілікті бюджеттерге мыналар жатады: облыстық бюджеттер; Астана және Алматы қалаларының қалалық бюджеттері; қаладағы аудандық бюджеттер; аудандық бюджеттер;

3) мемлекеттік банктердің қаржылары. Осы банктердің ақша қорлары мынадай көрініс табады: жарғылық қор; резервтік қор; өндірістік-әлеуметтік даму қоры; қысқа мерзімге несиелеу қоры; ұзақ мерзімге несиелеу қоры; валюталық аударым қоры; материалдық марапаттау қоры және т.б. Бұл қорлар мемлекеттің орталықтандырылған несиелеу қорларын қалыптастырады;

4) мемлекеттің мүлікті және жеке басты міндетті сақтандыру қаржылары, мынадай сақтандыру қорларымен көрсетіледі: жарғылық қор; сақтандыру резервтік қоры; ағымдағы түсімдер қоры; сақтандыруды дамыту қоры; әлеуметтік-мәдени шаралар қоры; алдын алу шараларын қаржыландыру қоры; сақтандырудың қалпына келтіру түрлері бойынша қор жүйесі; әлеуметтік

бағыттағы: мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры; жұмыспен қамтуға жәрдемдесу қоры және т.б. қорлар.

Мұнда айта кету керек, банк қаржыларының мәселесіне арналған оқулықтарда, көбінесе, банктік кредит деп айтатынын көріп жүрміз. Былайша айтқанда, банктік қызметтің кредит (несие) беру жағымен ғана шектелген. Бір жақты көзқараспен шектеліп қоймай, бұл қаржыларды қаржы жүйесінің институты деп алып қарасақ, онда олардың тек банктердің ссудалық қорларын кредит беру түрінде жұмсайтын институт ғана емес, сонымен қатар осы қорларды қалыптастыратын да институт екенін көреміз. Сондай-ақ бұл институт тек мемлекеттік банктердің қызметі мен солардың ақша қорларын қамтиды.

Ал мемлекеттік емес банктердің қызметтері қаржылық қызметке жатпайды. Жеке басты және мүлікті міндетті сақтандыру институты туралы да осыны айтуға болады. Бұл институт қаржы жүйесінің ерекше институты ретінде қалыптасады және оның әрекеттері мемлекеттің қаржылық қызметі болып есептелу себебі аталмыш қызмет мемлекеттік сипатта болады, сондай-ақ мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылады. Сақтандыру қызметімен айналысатын мемлекеттік емес заңды ұйымдар мен мекемелердің әрекеттері қаржылық қызметтің құрамына кірмейді, сондықтан бұл қызметтер қаржылық құқықтың пәніне жатпайды. Негізінде, мемлекеттік емес заңды ұйымдар мен мекемелердің және азаматтардың ақшалай қорлары мен қаражаттары қаржылар жүйесінің құрамына кірмесе де, олардың ақша жөніндегі қызметтері азаматтық-құқықтық нормалармен реттелетінін білуіміз керек. Азаматтық-құқықтық әдістермен реттеу арқылы өнім (тауар) өндірушілердің құқықтары мен мүдделері қорғалады. Ал егер құқықтық реттеу қаржылық құқықтық әдістері арқылы жүзеге асырылса, ол мемлекет мүддесін көздеу болып табылады.

Қаржылық қатынастардың тауар-ақша қатынастарынан туындайтынын және оларға қызмет ететінін білеміз. Сондықтан мемлекеттің қаржылық қызметінің мақсаты тек қаржыларды қалыптастыру емес екені белгілі.

Орталықтандырылмаған институттарға (қаржылар):

1) мемлекеттік басқару органдарының қаржылары. Министрліктердің, ведомстволардың және басқа да басқару орта-

лықтарының орталықтандырылған ақша қорларын білдіреді. Бұл салалық орталықтандырылған қорлар халық шаруашылығы саласының немесе басқа да шаруашылық жүйелерінің орталық басқару звенолары болғандықтан министр-ліктер мен ведомстволардың қарамағына берілген ақша қаражаттарынан тұрады;

2) мемлекеттік шаруашылық субъектілерінің қаржылары. Осы субъектілердің, яғни мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардың ақша қорларын білдіреді: жарғылық қор, өнеркәсіпті, ғылымды және техниканы дамыту қорлары; резервтік қорлар және т.б.;

3) мемлекеттік қазыналық ұйымдар мен мекемелердің қорлары. Осы субъектілердің ақша қорлары ретінде түсіндіріледі.

Мемлекеттің қаржылық қызметі мен ұлттық валютаның девальвацияға ұшырау процесі бір-бірімен өте тығыз байланысты. Біздің мемлекетімізде де жылдың басында қоғамымызды дүр сілкіндірген девальвация орын алды.

Девальвация дегеніміз – басқа елдердің валютасымен немесе алтынмен салыстырғанда ұлттық валюта құнының төмендеуі. Әдетте ол елдегі төмен балансы елеулі сәйкессіздікке ұшыраған кезде, яғни тауар мен қызмет бағасы экспортталатын тауарлар мен қызмет құнымен бірдей болған кезде пайда болады. Сыртқы экономикалық байланыстардың қалыптасқан нысанында ұлттық валютаны девальвациялау сыртқы сауданы теңестіруге жағдай жасайды және мемлекеттік органдардың шешімімен жүзеге асырылады.

Әлемде ерекше бой көрсетіп отырған ұлттық валюталардың құнсыздануы қазіргі мемлекеттің қаржы қызметі саласындағы басты тақырыптардың біріне айналууда. Сарапшылардың пікіріне қарағанда мұндай жағдайға қарқынды дамушы елдер тап болуда. Олардың арасында Үндістан, Бразилия, Ресей, Түркия секілді ірі елдер де бар. Бұл жағдай неден туындап отыр?

Бүкіләлемдік банктің басқарушы директоры Шри Мульяни Индраватидің осы тақырыпта жазған мақаласына қарағанда дамыған елдер басындағы дағдарыс бұлты біршама сөйліп, олардың экономикасы қалпына келе бастағанымен әлемнің дамушы және енді қалыптасушы экономикалары төтенше қиындықтарға тап болуда. Бұл экономикалар осының алдындағы бес жыл көлемінде өз дамуларында екпін танытып, басымдық көр-

сете бастаған болатын. Енді оларға қайта күшіне ене бастаған дамыған елдер экономикасы күшті бәсекелестік көрсете бастаған. Бірақ басты себептің өзі бұл емес.

Шри Мульяни Индраватидің жазуына қарағанда АҚШ-тың федералдық резерв жүйесі дамушы елдерді қаржыландыру тәртібін қатайтқан. Демек, ендігі жерде дамушы елдер де өз тәсілдерін өзгертіп, жедел түрде қосымша шаралар қабылдауы тиіс. Осы ретте АҚШ федералдық резерв жүйесінің несие қаржы саясатын қатайтуына байланысты Бүкіләлемдік банктің жасаған болжамы бойынша 2013 жылы дамушы елдерге келіп жатқан капитал көлемі олардың ішкі жалпы өнімімен есептегенде 4,6 пайызға азайған болса, енді 2016 жылға дейінгі аралықта тағы да 4 пайызға жуық азая түспек. Демек, дамушы елдерге, қалай алып қарағанда да, қиындықтың алдын алу үшін қосымша әрекеттерге бару қажет. Егер бұлай болмаған жағдайда капиталдың келуі мұнан да төмендеп, кейбір елдерде ол санаулы айлардың ішінде 50 пайызға дейін қысқарып кетуі ғажап емес.

АҚШ федералдық резерв жүйесінде енгізілген жаңа тәртіп, ең алдымен, осы уақытқа дейін экономикалары неғұрлым нәзік деп бағаланған Түркия, Бразилия, Индонезия, Үндістан және Оңтүстік Африка секілді елдерге жедел әсер еткен секілді. Енді осындай елдердің кейбіріндегі жағдайларға тоқталып көрейік.

Бразилияда осының алдындағы үш айдың ішінде әлемдегі ірі елдердің бірі деп саналатын Бразилияның ұлттық валютасы реал 15,5 пайыз құнсызданған. Соңғы төрт жылдың ішінде реал құны бұлайша күрт төмендеп көрген емес. Осы жағдайға байланысты ел үкіметі экономиканы қолдау мақсатында бірқатар шаралар қабылдағанымен бұл шаралардың басым көпшілігінің өзі жағдайды оңалтудың орнына кері әсер берген секілді. Осыған байланысты сарапшылар Бразилия экономикасы 2014 жылы жоспарланған 2,5 пайыздың орнына енді 2,2 пайыз ғана өсім көрсете алады деп отыр.

Ел экономикасында жұмыс істейтін ірі трейдерлер ендігі кезекте елдің қаржы саласында орын алып отырған инфляциямен күрес бастайды, осыған орай қаржы саясатында нарық үшін жағымсыздау тиетін төтенше шараларға барады деген қорқынышпен өз қолдарындағы осы елдің мемлекеттік құнды қағазда-



рын жеделдетіп сатуға кіріскен. Бұл жағдай Бразилияның қаржы министрі Гвидо Мантега тарапынан ескерусіз қалмады. Ол жуықта ғана елдегі инвесторларға егер олар жергілікті ұлттық валютаға қарсы күмәнді әрекеттерге баратын болса, онда олар өз капиталдарын жоғалтатындығын қатаң ескертті.

Әдетте, ұлттық валюта девальвациясының, яғни құнсыздануының екі түрі болатындығы белгілі. Олар – ресми ашық құнсыздандыру және жасырын құнсыздану. Билік қолымен жасалатын ұлттық валютаны ашық құнсыздандыру шарасы – халық алдында оншама абырой әпермейтін шара. Өйткені қоғамда мазасыздық пайда болып, осыған байланысты билікке қарсы саяси топтар ұпай жинауға кіріседі. Бірақ сарапшылардың пікірінше, не нәрсені болса да ашық мойындаған жақсы. Өйткені экономикалық түрлі кеселдер жағдайында ашық түрде дереу іске кіріспесе, жағдай біраздан кейін бақылаусыз кетіп, бұдан ұлттық экономикалар көп ұтылып қалуы әбден мүмкін. Осындай жағдайға қарамастан әзірге Бразилия үкіметі реалдың жасырын құнсыздану жағдайын қалап алған секілді. Бір есептен алғанда мұны да түсінуге болады. Өйткені реал үш айдың өзінде АҚШ долларына қатысты алғанда 15,5 пайыз құнсызданып кетті. Енді бір шекке жетіп тоқтауы мүмкін. Бразилия үкіметі осындай жағдайдан дәмтетін секілді. Бірақ елдегі бірқатар экономистердің соңғы кездері таратып отырған пікірлеріне қарағанда, реалдың құнсыздануы одан әрі жалғаса беретін секілді. Өйткені осы жылдың 24 қаңтарынан бастап елдегі экономикалық субъектілерде құнсызданудың екінші толқыны жүріп берді. Соған байланысты елдегі капитал сыртқа қаша бастады. Қаржы министрі Гвидо Мантеганың айтуына қарағанда бұл жағдай АҚШ федералдық резерв жүйесіндегі өзгерістердің тікелей салдары болып табылады.

Түркия еліне келетін болсақ, Сочиде өткен Қысқы олимпиаданың ашылу салтанатына Түркия премьер-министрі Режеп Тайип Эрдоғанның да қатысқандығы белгілі. Бірақ Түркия үкіметінің басшысы мұнда тек олимпиада салтанатын қызықтау үшін ғана келмегендігі артынан белгілі болды. Ол Ресей президенті Владимир Путинмен оңаша кездесіп, Ресейден Түркияға жеткізілетін газ бағасын төмендетуді сұраған. Эрдоған осындай мақсатпен Иранға да барып, жоғарыдағыдай келіссөздер жүргіз-

ген көрінеді. Халықаралық сарапшылардың пікіріне қарағанда, Түркияның газ сатып алу қабілеті соңғы уақыттары осы елдің ұлттық валютасы лирдің құнсыздануына байланысты көп төмендеп отыр. Жалпы, көгілдір отын мәселесі Мәскеу мен Анкара арасындағы стратегиялық қатынастарда ерекше орын алады. Осыған байланысты ендігі кезекте Ресейден газ сатып алатын басқа да еуропалық елдер бұл үдерістің аяғы қайда апарып соғатындығын мұқият бақылауда ұстап отырғандығы көрінеді. Егер Ресей Түркияға сатылатын газ бағасын төмендететін болса, онда еуропалықтардың да осындай қадамға баруы әбден мүмкін.

Түркияның қуат көздеріне жұмсаған шығыны өткен жылы 56 миллиард долларды құраған. Бұл аз шығын емес. Егер лир бағасы қайта қалпына келмесе немесе Ресей Түркияның газ бағасын төмендету жөніндегі өтінішін қабылдасамаса, онда бұл елдің үкіметіне халық пен компанияларға сатылатын көгілдір отын бағасын көтеруден басқа амал қалмайды.

Жыл басынан бері ғана түрік лирінің құны долларға қатысты алғанда 15 пайызға төмендеп кетті. Осыған байланысты түрік орталық банкі қаңтар айының соңында беретін несиесінің сыйақы ставкасын бұрынғы 7,5 пайыздан 12 пайызға дейін көтерді. Бұл шара банк үшін бір жағынан пайдалы болып көрінгенмен, екінші жағынан экономикадағы ахуалды одан әрі ушықтыра түсетіні белгілі. Бүкіләлемдік банктің болжамы бойынша, бұрын жыл сайын 8-9 пайызға дейін өсім көрсетіп келе жатқан елдің ішкі жалпы өніміне қосылатын кіріс көлемі күрт төмендейтін болады. Мұның алғашқы нышаны өткен жылдың өзінде сезілді. 2013 жылы түрік экономикасының дамуы бар болғаны 2 пайызды құрады. Сарапшылардың мәлімдеуінше, Түркия экономикасының дағдарысқа түсе бастауына АҚШ федералдық резерв жүйесіндегі қаржыландыру шараларының қатайтылуы ықпал еткен. Сөйтіп, Түркия экономикасынан Америка ақшасының кете бастауы күтпеген қиындықтарға алып келуде. Өйткені бұл елде қиын кезеңдер үшін жинақталып отырған қаржы қорының көлемі өте аз. Өткен жылы бюджет тапшылығы елдің ішкі жалпы өнімінің 8 пайызын құрады. Оның үстіне Түркия өткен жылы 3 миллиард доллардан астам тікелей инвестицияны жоғалтып алды. Осы жағдайлардың бәрі лирдің құнсыздануына тікелей әсер етіп отырған көрінеді.

Венесуэлада ұлттық валюта – боливарды девальвациялау 2010 жылдың қаңтар айында ғана жүзеге асқан болатын. Ол кезде ел үкіметі 1 АҚШ долларының бағасын 2,15 боливардан 4,3 боливарға дейін көтерген болатын. Яғни боливар тура екі есе құнсызданған еді. Венесуэла да – біздің Қазақстан секілді мұнайға бай елдердің бірі. Сарапшылардың пікіріне қарағанда осы байлық көзі орнымен пайдаланылмайтын секілді. Өйткені ел экономикасы қысталаң жағдайға жиі-жиі тап болып қалып жүр. Соның тағы бір көрінісі – осы елде боливарды девальвациялау шарасының 2013 жылы тағы да қолға алынуы. Осындай шараға бару қажеттігін ел басшысы Уго Чавес марқұм Кубада екі ай емделу кезінде тапсырған көрінеді. Бұл шараның мәні – мұнай сатудан түсетін қаржыдан Венесуэла үшін тағы да 13,4 миллиард қосымша кіріс алу. Сөйтіп, бұл ел соңғы он жыл ішінде өздерінің ұлттық валютасын бес рет құнсыздандырып үлгерген. Осы жолғы соңғы шараның нәтижесінде 1 доллардың құны бұл елде бұрын 4,3 боливар құрап келсе, ол енді 6,3 боливарға шарықтаған. Яғни боливар бағасы 30 пайыздай құлдыраған.

Боливар құнының төмендетілуі экспорттан түсетін түсімдерді арттырумен қатар келіп жатқан импорт көлемін азайтуға мүмкіндік береді деп есептелінеді. Венесуэла халқы негізінен импорттық тауарларға сүйеніп өмір сүреді. Мұндағы оның үлесі 70 пайызды құрайды. Елдің президенті Николас Мадуроның мәлімдеуінше, ұлттық валютаны құнсыздандыру үкіметке бюджет кірістерін арттыру үшін қажет. Елде әлеуметтік бағдарламалардың жүзеге асуына үлкен көңіл бөледі. Мұның өзі бір жақты дамып қана келе жатқан экономика үшін өте үлкен жүк екендігі түсінікті. Әлеуметтік саланы тұрақты түрде қаржыландырып отыру үшін қосымша кірістерді қайдан алуға болады? Әрине, ол үшін сыртқа сатылатын экспорт көлемін арттырып отыру қажет. Ал экспортты арттырудың төтенше бір жолы ұлттық валютаны құнсыздандыру екендігі түсінікті.

Біз жоғарыда әлемде көптеген дамушы елдердің ұлттық валюталары құнсыздану үстінде екенін айтып, солардың арасынан жекелеген елдер бойынша мысалдар келтірдік. Ал енді өз көршілерімізде, соның ішінде Қазақстанмен бірге Кеден одағын құрып отырған Ресей мен Беларусь елдерінде не болып жатыр?

Осы жағдай туралы да аздап сөз қозғай кеткендігіміз жөн секілді.

Ресейдегі жағдай белгілі. Рубльдің бағасы өткен жылы долларға қатысты алғанда 7 пайызға құлдырады. Бұл үдеріс үстіміздегі жылдың қаңтар айында одан әрі жалғаса түсті. Қазіргі күні елде халықаралық Қысқы олимпиада ойындары жүріп жатқан соң ел билігінің экономикалық мәселелерде төтенше шараларға бара алмайтындығы түсінікті. Сондықтан әзірге неде болса, артын күте тұру қажет. Дегенмен елдің бірқатар экономистерінің мәлімдеуінше, Ресейдің орталық банкі ұлттық валютаны құнсыздандырудың неғұрлым жұмсақтау жолын таңдап алған секілді. Бұдан Ресей экономикасы ұта ма, жоқ, әлде, ұтыла ма, оны уақыт көрсете жатар. Бірқатар сарапшылар пікіріне назар аударатын болсақ, ұлттық валютаны жасырын құнсыздандырудан ұтылыс жағы көбірек болатын секілді. Өйткені осындай шараларға бара отырып, орталық банк бір айдың өзінде ғана жинақталған алтын-валюта қорынан 5 миллиард долларды шығындап үлгерген.

Ал Белоруссияға келсек, бұл ел өздерінің ұлттық валютасы беларусь рублін 2009 жылдың 1 қаңтары күні 20,5 пайызға құнсыздандырған болатын. Сонымен қатар елдің ұлттық банкі беларусь рублінің бағамын есептеп шығаруда оны АҚШ доллары, еуро және Ресей рублі тең үлесті жағдайда жинақталатын валюталар қоржынымен тікелей байланыстыру тәсіліне кіріскен болатын.

2011 жылдың басында ұлттық банктің басшысы Петр Прокопович енді ұлттық валютаны құнсыздандыру үдерісінің болмайтындығын, ол қабылданған жаңа бағам дәлізі бойынша ұсталатындығын бірнеше рет мәлімдеген еді. Бірақ соған қарамастан ұлттық банк басқармасының 2011 жылғы 23 мамырдағы қаулысымен беларусь рублі долларға қатысты тағы да құнсыздандырылды. Бұл жолы құнсыздандыру деңгейі тіптен жоғарылап, 56 пайызды құрады. Егер 22 мамыр күні 1 доллардың бағасы 3155 беларусь рублі тұратын болса, келесі күні ол 4930 рубльге дейін шарықтап шыға келді. Мұнан кейін қазан айында тағы бір девальвациялық шара жүзеге асты. Ұлттық банктің ашық мәлімдеуімен беларусь рублі тағы да 52 пайызға дейін құнсыздандырылды. 20 қазан күні 1 доллар 5712 рубль тұрса, келесі күні 8680 рубльге шарықтап шыға келді.

Міне, осылайша елдегі ұлттық валюта соңғы жылдардың өзінде бірнеше девальвациялық шараны бастан өткергенімен, бұл үдеріс өзінің жаңа қырынан тағы да жалғасып келе жатқан секілді. Осындай жағдайға байланысты елдегі әлеуметтік-экономикалық және саяси зерттеулердің тәуелсіз институты мамандары жүргізген сауалдама қорытындысына қарағанда беларустердің 72 пайызы ұлттық валюта бағамы жуық арада тағы құлайды деп күтіп отырған секілді.

Сонымен, қазіргі уақытта әлем бойынша алғанда ұлттық валюталарды девальвациялау шеруі қызу жалғасып келе жатыр деуге болады. Сарапшылардың пікірінше, бұл үдеріс 22 дамушы елде етек алып отырса, енді бір елдерде жасырын түрде жүру үстінде. Әрине, мұндайда келетін қатерді үнсіз күтіп отырмай немесе әліптің артын бақпай оған ашық қарсы шығып, бірден бетін қайтарып тастаған жөн. Қазақстан, міне, осындай батыл қадамға бара алды. Мұның жағымды әсерлері көп өтпей-ақ экономикамыздан біліне бастайды деуге толық негіз бар.

Сайып келгенде, мемлекеттің қаржылық қызметі – бұл мемлекеттің ақша қорларын ұйымдастыру, бөлу және пайдаланумен байланысты қызметі болып табылады. Мемлекет өзінің қаржылық қызметін жүзеге асыра отырып, бір уақытта саяси жүйенің субъектісі ретінде және белгілі бір қорларға бағытталған ақша қорларының иегері ретінде көріне алады. Осыған сәйкес мемлекеттің меншік иесі ретінде атқаратын рөлі оның саяси субъект ретіндегі рөліне тәуелді болуы тиіс.

Қаржылық қызметтің басты мақсаты қоғамның әлеуметтік-экономикалық құрылымының қалыптасуына қолайлы жағдай жасау болып табылады. Мемлекеттің қаржылық қызметінің жүзеге асырылуы үш басты міндетті атқаруға мүмкіндік береді:

1) қаржылық инфрақұрылымды және оның қалыпты жүзеге асырылуын қамтамасыз ету;

2) қаржылық тетіктердің көмегімен қоғамда болып жатқан үрдістерге әсер ету. Осыған сәйкес мемлекеттің қаржылық қызметі қоғамның қалауына қатысты орын алуы тиіс.

Мемлекеттің қаржылық қызметі келесі қағидалар негізінде қалыптасуы тиіс:

1) қоғамның қажеттіліктерін ескеру және оның көзқарастарына икемделу;

2) мақсаттылық пен тиімділік;

3) айқындылық, қоғамның бақылауында болуы;

4) нормативтілік пен жоспарлылық;

5) тұрақтылық пен жүйелілік;

6) қоғамдық қабылдауға ие болу.

Мемлекеттің қаржылық қызметі әр түрлі әдіс арқылы жүзеге асырылады:

1) міндетті әдістер – салықтар, әлеуметтік сақтандыруға аударымдар, әлеуметтік бюджеттен тыс қорлар;

2) ерікті әдістер – жеке және мүліктік сақтандыру бойынша төлемдер, банктік салымдар;

3) қайтарымсыз қаржыландыру;

4) төлемділік, жеделділік және қайтарымдылық қағидалары негізінде несиелеу әдісі;

5) ақша қаражаттарымен нақты қолма-қол және нақтысыз есеп айырысу әдістері.

Сыртқы экономикалық қызметті мемлекет тарапынан реттеу әр түрлі әдістер мен нысандар арқылы жүзеге асырылады. Реттеудің негізгі нысанына: сыртқы экономикалық қызметті қаржыландыру; салық салу; инвестициялау; сыртқы заимдар; сыртқы қарыз; экспортты субсидиялауды жатқызуға болады.

Реттеу әдістеріне келесі әдістерді жатқызуға болады: тікелей (әкімшілдік) – лицензия, квоталар, мемлекеттік монополия әдістері; жанама (экономикалық) – салықтар, кедендік төлемдер, мөлшерлеме, валюта курсы, бағалы қағаздар курсы.

## 2.2. Қаржылық құқықтық қатынастардың ұғымы және пайда болу ерекшеліктері

Қазақстан Республикасының қаржылық құқығы мемлекеттік қаржылық қатынастарды реттейтін, Қазақстан Республикасы қаржылық құрылысының тиімді жұмыс істеуін, сондай-ақ әлеуметтік бағдарланған экономиканың қарқынды дамуын қамтамасыз ететін, яғни нарықтық сипаттағы экономикалық қатынастарға қызмет көрсететін негізгі әрі қуатты қаржылық құқықтық құрал болып табылады.

Ресейлік ғалым А.В. Мицкевич құқықтық қатынас ұғымының заңи ғылымдағы негізгі ұғым болып табылатыны, нормалар

жүйесі ретіндегі құқықтың қоғамдық қатынастарды реттеуінің объективті сипатта болатынын айта келіп, мінез-құлықтар мен іс-қимылдарды айқындап, белгілеу барысында субъективтік құқық пен заңи міндет орын алады деп пайымдаған, сондай-ақ «құқықтық қатынас құқық нормаларымен реттелген және құқықтық қатынас қатысушыларының субъективтік құқықтары мен заңи міндеттерінің өзара байланысынан тұратын, адамдардың және олардың ұйымдарының арасындағы қатынастар» деген ұғымды қалыптастырған. Сонымен қатар ол экономикалық, саяси, неке-отбасы, экологиялық, еңбек, әлеуметтік және т.б. қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуі нәтижесінде құқықтық қатынастар нысанында көрініс табады деп түсіндірген.

М.Н. Марченко «Құқықтық қатынас» ұғымының көптеген айқындамалары бар. Алайда кеңінен тараған айқындамаға сәйкес құқықтық қатынас қатысушылары мемлекет қорғайтын әрі кепілдендіретін субъективтік құқықтар мен заңи міндеттерге иелік ететін, құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынас деп түсіндіріледі. Құқықтық қатынастың өзіне тән белгілері немесе ерекшеліктері:

- 1) құқықтық қатынастар қоғамдық қатынастардың ерекше түрін көрсетеді;
- 2) құқықтық қатынастар мемлекеттің ерік-ықтиярын көрсететін және бекітетін құқықтық нормалар негізінде қалыптасады;
- 3) құқықтық қатынастар олардың қатысушыларының саналы-ерікті іс-әрекеттері нәтижесінде қалыптасатын қоғамдық қатынастар түрін білдіреді;
- 4) құқықтық қатынастар өздеріне жүктелген субъективтік құқықтардың әрі заңи міндеттердің көмегімен қатысушылары жүзеге асыратын көптеген және сан алуан байланыстарды білдіреді;
- 5) құқықтық қатынастың іске асырылуы мемлекеттік мәжбүрлеу мүмкіндігімен кепілдендіріледі.

Құқықтық қатынастар салалық нормаларға байланысты туындайды, өзгертіледі және доғарылады. Осындай критерийге орай барлық құқықтық қатынастар әкімшілік-құқықтық, қылмыстық құқықтық, азаматтық құқықтық, еңбек және т.б. құқықтық қатынастарға бөлінеді деп тұжырымдаған және құқықтық

қатынас субъектілері мен объектілеріне, заңи фактілерге байланысты мән-жайларды сипаттаған.

А.Г. Братко құқықтық қатынас – қоғамдық қатынастың бір түрі, ал қоғамдық қатынас – адамдар арасындағы әлеуметтік байланыстар мен құқықтық қатынастар осы қатынастар субъектілерінің арасындағы заңи байланыстар деген пікірін айта отырып, құқықтық қатынас белгілерін төмендегідей сипаттаған:

- 1) құқықтық қатынас – құқық нормасымен көзделген қоғамдық қатынас;
- 2) құқықтық қатынас зияткерлік және ерік-ықтияр элементтерінен тұрады;
- 3) құқықтық қатынастың негізгі мәні құқықтық қатынас субъектілері тараптардың құқықтары мен міндеттері болып табылады;
- 4) құқықтық қатынас субъектілер арасындағы заңи байланыс.

Сонымен қатар «құқықтық қатынастың негізгі мәні субъективтік құқық пен заңи міндеттер болып табылатын және нормада көзделген фактілер орын алған жағдайда құқықтық норма негізінде туындайтын, оның субъектілері арасындағы заңи байланыс» деген ұғымды айқындаған. Осындай пікірлер төңірегінде құқықтық қатынас тиісті құқық нормалары негізінде қатысушыларына жүктелінетін субъективтік құқықтар мен заңи міндеттер нақтылы белгіленген, субъектілерінің арасындағы заңи байланыстар мемлекеттің мәжбүрлеу күшімен қамтамасыз етілген, көбінесе бір тараптың мүддесіне – ықтиярына орай туындайтын, сонымен қатар екінші тараптың немесе бірнеше қатысушы тараптың мүддесі де көзделінетін қоғамдық қатынас ретінде сипатталады деп тұжырымдауға болады.

Қазақстандық ғалым А.С. Ибраева құқықтық қатынастар ұғымына, олардың айрықша белгілері мен түрлеріне байланысты мән-жайларға орай: «Құқықтық қатынастар – құқыққа байланысты құқық негізіндегі қатынастар.

1. Құқықтық қатынас – бұл қоғамдық қатынас, адамдардың арасындағы қатынас және олардың іс-әрекетімен, мінез-құлқымен тікелей байланысқан.

2. Адамның мінез-құлқына құқықтық норма әсер еткенде құқықтық қатынас пайда болады.

3. Құқықтық қатынас – бұл субъективтік құқықтар мен міндеттер арқылы пайда болатын адамдар арасындағы байланыс.

4. Құқықтық қатынас – ерікті қатынас.

5. Құқықтық қатынасты мемлекет қорғайды.

Құқықтық қатынастардың түрлері:

1. Реттейтін құқықтық қатынастар-субъектілердің заңға сәйкес мінез-құлқы, былайша айтқанда, құқықтық нормалар негізінде және соған сәйкес мінез-құлық.

2. Қорғайтын құқықтық қатынастар субъектілердің заңсыз әрекетінің салдарынан пайда болады.

3. Абсолютті құқықтық қатынастарда тек бір тарап белгілі (құқық иесі) болады.

4. Салыстырмалы құқықтық қатынастарда барлық оған қатысушылар белгілі болып келеді. Сонымен, құқықтық қатынастар дегеніміз – қатысушыларының субъективтік құқықтары мен заңда көрсетілген міндеттері болатын, құқық нормалары мен заңда көрсетілген айғақтарға (фактілерге) сәйкес туындайтын, ерік-ықтиярды білдіретін қоғамдық қатынастар», – деп пайымдаған.

Сонымен бірге F.C. Сапарғалиев пен A.C. Ибраева: «Құқықтық қатынастар мына белгілер арқылы сипатталады: жалпы – ерік-ықтияр сипаты болады, идеологиялық жаратылыста болады; арнайы құқық нормалары негізінде пайда болады, мемлекет арқылы қорғалады, субъектілерінің құқықтары мен міндеттері болады. Саралануы: салалық тиістілігі, субъектілері бойынша жалпы және нақты, абсолюттік және салыстырмалы; генетикалық және функционалдық байланысы бойынша материалдық іс жүргізу; ықпал жасау сипаты бойынша реттеуші және қорғаушы; мазмұны бойынша қарапайым және күрделі; ықпал жасау мақсаты бойынша қозғалмайтын және өзгермелі» деп схема жүзінде көрсете отырып: «Құқықтық қатынастардың құрамы бірнеше бөлшектерден: құқық субъектісінен, субъективтік құқықтан, заңи міндеттен, құқықтық қатынас объектісінен (затынан) тұрады», – деп түсіндірген.

Қаржылық құқық саласын зерттеуші ғалымдардың қаржылық құқықтық қатынастар жөніндегі ғылыми тұжырымдары қандай болмасын мемлекеттің даму кезеңдеріне, мемлекеттік құрылысына, қаржы жүйесінің экономикалық жай-күйіне және

нормативтік құқықтық қамтамасыз етілуіне қарай өзгешеленгенімен, жалпы құқықтық қатынас теориясында қалыптасқан мән-жайлар мен аталмыш қатынасқа тән белгілер тұрғысынан түйіндейтін пікірлері бірдей көрініс табатыны байқалады.

Мәселен, ресейлік ғалым О.Н. Горбунова: «Қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің қаржылық қызметі аясында туындайтын және қаржылық құқықтық нормалармен реттелетін қоғамдық қатынастардың бір түрі болып табылады. Қаржылық құқықтық қатынастардың ерекшеліктері:

а) мемлекеттің қаржылық қызметі үдерісінде туындайды;

ә) осындай құқықтық қатынастардағы субъектінің бірі әрқашан да уәкілетті мемлекеттік орган (қаржылық орган, несиелік мекеме) немесе жоғарғы не жергілікті мемлекеттік билік органы болып табылады;

б) әрқашан мемлекет кірісіне, мемлекеттік шығысқа және т.б. аударылатын ақшалай төлем – ақшалар жөнінде туындайды.

Қаржылық құқықтық қатынастарда әдетте:

1) мемлекеттік билік және 2) мүліктік сияқты екі құқықтық элемент айқын көрініс табады.

Өзінің материалдық мәні бойынша қаржылық құқықтық қатынастар:

1) бюджеттік;

2) салықтық;

3) сақтандыру саласындағы;

4) қаржылық құқықпен реттелінетін кредит (мемлекеттік және банктік), есеп айырысу;

5) ақша айналысын құқықтық реттеу және валюталық заңнама жөніндегі қаржылық құқықтық қатынас түрлері бойынша топталады», – деген пікірін білдірсе, Н.И. Химичева: «Қаржылық құқықтық қатынастар – қатысушылары заңи құқықтар мен міндеттерді иеленушілер ретінде көрініс табатын, осы нормалардың мемлекеттік және муниципалдық ақша қорлары мен кірістерді құру, бөлу және пайдалану жөніндегі нұсқамасын іске асыратын, қаржылық құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастар. Басқа да құқықтық қатынастарға тән жалпы белгілерге қоса қаржылық құқықтық қатынастар тек өздеріне байланысты ерекшеліктерімен өзгешеленеді. Олар мемлекеттік (сондай-ақ муниципалдық) ақшалай қорлар мен кірістерді жос-

парлы құру, бөлу және пайдалану үдерісінде мемлекеттің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық қызметі үдерісінде туындайды. Қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттік сипаттағы мүліктік қатынастардың бір түрі болып табылады. Қаржылық құқықтық қатынастардың бір тарапында мемлекет пен оның уәкілетті органы, муниципалдық құрылым және оның тиісті жергілікті өзін-өзі басқару органы тұрады. Белгілі бір нысанды және қызмет тәртібін пайдалануға байланысты қаржылық құқық нормаларымен реттелген ұйымдастыру сипатындағы қатынастар да қаржылық ресурстардың қозғалысын қамтамасыз етеді», – деп мәлімдеген.

Ресей ғалымы А.А. Жданов қаржылық құқықтың пәнін ашып көрсете отырып: «Қаржылық құқықтық қатынастардың міндетті субъектісі – әрқашан да мемлекеттік орган, әдетте, қаржылық-несиелік орган – РФ Қаржы министрлігі немесе оның жергілікті органы, Ресей мемлекеттік сақтандыру, қазынашылық және т.б. болып табылады. Қаржылық құқықтық қатынасқа қатысушы мемлекеттік орган билік ету өкілеттігімен қамтамасыз етілген, оның бұйрықтары мемлекеттің авторитеті арқылы қолдау табады, сонымен бірге қажет болған жағдайда құқық нормасын орындаудан бас тартқандарға мемлекеттік мәжбүрлеу шаралары қолданылады», – деген ойын айтқан.

Е.В. Платонова мен А. Новиков: «Қаржылық құқықтық қатынас қатысушылары тиісті заңи құқықтар мен міндеттерге ие болған, қаржылық құқық нормаларымен реттелген қоғамдық қатынастар ретінде айқындалады. Ерекше белгілері: мемлекеттің қаржылық қызметінің процесінде туындайды; осы қатынастың бір субъектісі тиісті мемлекеттік билік органы (не мемлекеттік немесе муниципалдық құрылыс) болуға тиіс; әрқашан ақша жөнінде мемлекет кірісіне, мемлекет шығысына түсетін ақшалай төлем жөнінде туындайды. Қаржылық құқықтық қатынастардың түрлері: бюджеттік құқықтық қатынастар; салықтық құқықтық қатынастар; мемлекеттік несие саласындағы қаржылық құқықтық қатынастар; сақтандыру саласындағы қаржылық құқықтық қатынастар; мемлекеттік шығысты жүзеге асыру, оның ішінде сметалық бюджеттік қаржыландыру кезінде туындайтын құқықтық қатынастар; банктік қызмет саласындағы қаржылық құқықтық қатынастар; есеп айырысу және ақша айналысы саласында

туындайтын қаржылық құқықтық қатынастар; валюталық қаржылық құқықтық қатынастар», – деген көзқарастарын білдірген.

Н.Д. Эриашвили: «... қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттік және қаржылық-несиелік органдарға тән билік өкілеттігінің бар екенін білдіреді», – деген ойын мемлекеттік қаржыларға, мемлекеттің қаржылық қызметіне, қаржылық құқықтық нормаларға байланысты мән-жайларды сипаттауымен жалғастырған.

Тағы бір авторлар ұжымы: «Мемлекет пен муниципалдық құрылыстардың қаржылық қызметі барысындағы қаржылық құқықтық қатынастардың маңызы аса зор. Қаржылық құқықтық қатынастардың мәні реттеуші құқықтық қатынастарда, ал басқа жағдайларда қорғаушы құқықтық қатынастар болып табылады. Осыған байланысты ескеретін жайт, (реттеуші) қаржылық құқықтық қатынастардың негізгі массасы қаржылық құқықтық реттеу ерекшелігімен шартталынған активті түрдегі қатынастар. Қаржылық құқықта пайдаланылатын билікті нұсқама әдісі қаржылық құқықтық реттеудің міндеттеу арқылы жүзеге асырылуымен сипатталады.

Демек, қаржылық құқықтық қатынастардың дамуы міндетті субъектінің (бұл жерде мемлекеттің, оның уәкілетті органдары, Қазақстан Ұлттық банкінің, Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және т.б.) белсенді іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады. Қаржылық құқықтық қатынастар билікті-мүліктік құқықтық қатынастар болып табылады», – деп тұжырымдаған.

Біздің ойымызша, жоғарыда аталған авторлардың қаржылық құқықтық қатынас жөніндегі ғылыми көзқарас, тұжырымдарын былайша түйіндеуімізге болады:

1) қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің немесе әкімшілік-аумақтық құрылыстың, олардың уәкілетті және қаржылық-несиелік органдарының қаржылық қызметі процесінде туындайтын, қаржылық құқық нормаларымен реттелінген қоғамдық қатынастар болып табылады;

2) қаржылық құқықтық қатынастар қоғам мен мемлекеттің, оның ішінде әкімшілік-аумақтық құрылыстардың қаржылық-экономикалық мүддесіне орай мүліктік және мемлекеттік-биліктік сипатта болатын, бір тарабында әрқашан да мемлекет пен әкімшілік-аумақтық бірлік не олардың уәкілетті органдары тұра-

тын, тиісті заңнамалық актіде көзделген жағдайлардың орын алу мүмкіндігіне орай мемлекеттік мәжбүрлеу тәсілдерімен қамтамасыз етілген құқықтық қатынастар түрінде көрініс табады;

3) экономикалық мәні бойынша қаржылық құқықтық қатынастар бюджеттік, салықтық, сақтандыру, банктік несие және есеп айырысу, ақша айналысын реттеу және валюталық реттеу жөніндегі құқықтық қатынастар және т.б. болып бөлінеді.

Қаржылық құқықтық қатынастар жөніндегі ғылыми еңбектерімен, оның ішінде «Финансовое правоотношение» (Воронеж, 1997) деген монографиясымен танымал болған М.В. Карасева: «Қаржылық құқық субъектілері өздерінің қаржылық міндеттерін атқарады және нақты қаржылық құқықтық қатынастарға қатысуы арқылы қаржылық құқықтарын жүзеге асырады. Қаржылық құқықтық қатынасқа қаржылық құқықтық реттеу пәні мен әдісінің ерекшеліктеріне сәйкес айрықша сипаттамалар тән болады. Біріншіден, қаржылық құқықтық қатынас тек мемлекет пен муниципалдық құрылыстың қаржылық қызметі аясында туындайды әрі дамиды. Екіншіден, қаржылық құқықтық қатынас қоғам мен мемлекет мүддесін іске асыру нысаны болып табылады, осыған байланысты ол мемлекеттік құқықтық қатынас ретінде қарастырылуға тиіс. Үшіншіден, қаржылық құқықтық қатынас экономикалық қатынас болып табылады. Төртіншіден, қаржылық құқықтық қатынастың өзіне тән белгісі оның мүліктік сипаты болып табылады. Бесіншіден, қаржылық құқықтық қатынас билік қатынасы болып табылады.

Осы айтқанымызды есепке ала отырып қаржылық құқықтық қатынасты басқа құқықтық қатынастардан ажырататын жіктеу белгілеріне: а) мемлекеттің немесе муниципалдық құрылыстың қаржылық қызметі аясында туындауы және дамуы; ә) билікті сипаты, осыған байланысты құқықтық қатынастың бір тарабы мемлекет, мемлекет уәкілеттік берген орган немесе муниципалдық құрылыс болып табылады; б) мүліктік сипаты сияқты 3 белгі (кешені) жатады», – деп пайымдаған.

О.Н. Горбунова кезіндегі көзқарас, пікірін арада төрт жыл өтсе де сол қалпында тек кейбір өзгерістерді енгізе отырып қайталаған: «Қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің қаржылық қызметі процесінде туындайды. Бұл қызмет мемлекеттік актілерге негізделеді. Сонымен бірге мемлекеттің ақша қаражат-

тарын жұмылдыруы және жұмсауы материалдық мүліктік сипатты қызметті көрсетеді. Сондықтан қаржылық құқықтық қатынастар билікті-мүліктік қатынастар болып табылады. Материалдық мәні бойынша қаржылық құқықтық қатынастар мынадай түрлері бойынша:

- 1) бюджеттік;
- 2) салықтық;
- 3) сақтандыру саласындағы;
- 4) несие (мемлекеттік және банктік);
- 5) қаржылық құқықпен реттелетін есеп айырысу;
- 6) ақша айналысын реттеуге және валюталық заңнамаға қатысты құқықтық қатынастар ретінде топтастырылады.

Ю.А. Крохина: «Қаржылық құқықтық қатынастар тек құқықтық нормалар негізінде туындайды, өзгереді және доғарылады; әрбір нақтылы құқықтық қатынастың қатысушылары жекелеп айқындалады; құқықтық қатынасқа қатысушылар арасындағы байланыс олардың субъективтік құқықтары мен заңи міндеттері арқылы көрініс табады; ерік-ықтиярлы сипатта болады; мемлекет тарапынан қорғалады. Қаржылық құқықтық қатынас ерекшеліктері қатарына мынадай белгілер жатады: мемлекеттік немесе муниципалдық ақша қорларын жоспарлы түрде құру, бөлу және пайдалану процесінде туындайды және дамиды; мемлекеттік сипаты бар мүліктік қатынастардың бір түрі болып табылады; мемлекет немесе муниципалдық құрылыс осындай құқықтық қатынастың міндетті субъектісі болып табылады; қаржылық құқықтық қатынас «басшылық бағыныс» схемасы бойынша құрылған. Сонымен, қаржылық құқықтық қатынастар – қаржылық құқық нормаларымен реттелінген, билікті-мүліктік сипаты бар және қоғам мен мемлекеттің мүддесін білдіретін қоғамдық қатынастар» деген сипаттама жасаған.

Тағы бір авторлар: «Қаржылық құқықтық нормалардың қаржылық қатынастарға тигізетін ықпалының нәтижесінде олар құқықтық қатынастар нысанында көрініс табады. Материалдық мәні бойынша қаржылық құқықтық қатынастар:

- 1) бюджеттік;
- 2) салықтық;
- 3) сақтандыру саласындағы;
- 4) кредит (мемлекеттік және банктік);

- 5) қаржылық құқықпен реттелінетін есеп айырысу;
- 6) ақша айналысын реттеуге және валюталық реттеуге қатысты;

7) бақылау құқықтық қатынастары сияқты түрлерге топталады», – деген ойларын айтқан.

Н.И. Химичева мемлекеттік немесе муниципалдық ақшалай қорды құруға, бөлуге және жұмсауға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастардың құқықтық реттелуі мемлекет пен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық қызметі саласында алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуге септігін тигізеді, сондай-ақ қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің қаржылық қызметінің негізгі мәнін көрсетеді және мақсатты бағыты мен мұқият ұйымдастырылуын білдіреді дей отырып қаржылық құқықтық қатынастардың негізгі ерекшелігі ретінде оның мемлекеттің және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қаржылық қызметі барысында туындауын, сондай-ақ қаржылық құқықтық қатынастың бір тарабы ретінде әрқашан да мемлекет пен оның уәкілетті органы және муниципалдық құрылыс пен тиісті жергілікті өзін-өзі басқару органы болып табылатынын және т.б. мән-жайларды атап көрсеткен.

Аталған және аталмаған авторлар тарапынан жасалған осындай тұжырымдарды талдай отырып, біздің ойымызша мынадай, қорытынды жасау қажет деп санаймыз:

1. Қаржылық құқықтық қатынастар қоғам мен мемлекеттің және әкімшілік-аумақтық құрылыстардың қаржылық қызметі барысында мемлекеттік қаржылық жоспарлар жүйесінің, сондай-ақ қаржылық заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің жұмыс істеуі негізінде туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

2. Мемлекеттің және оның әкімшілік-аумақтық құрылыстарының қаржылық қызметін олардың жоғарғы, орталық, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік билік органдарының жұмыс істеу аяларында, олардың өкілеттігі ауқымында, тиісті қаржылық жоспарлар мен қаржылық шарттарға сай жүзеге асыру барысында туындайтын биліктік-мүліктік қаржылық қатынастар материалдық және ұйымдастыру қаржылық құқықтық қатынастары болып табылады.

Қазақстан Республикасының қаржылық құқығы саласын зерттеуші ғылымдар А.И. Худяков, С.М. Найманбаев және т.б.

болып табылады. С.М. Найманбаев 1994 жылы жарық көрген «Қазақстан Республикасының қаржылық құқы» атты кітабында: «Мемлекеттің алға қойған мақсаттарын орындауға қажетті мемлекеттік ақша қаражаттары ресурстарын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру процесінде қоғамдық қатынастар хұқпен реттеуді талап етеді. Сонымен, қаржылық хұқылық қатынастар деп хұқылық нормалармен реттелген қаржылық-экономикалық қатынастарды айтамыз. Бұл қаржылық хұқылық қатынастар мемлекеттің қаржылық қызметінің нәтижесінде пайда болады және әрқашан да тек қаржылық хұқтың пәні ретінде есептелінеді.

Қаржылық хұқылық қатынастардың барлық хұқылық қатынастарға тән жалпы сипаттамасы бірдей болғанымен, өздеріне тән ерекшеліктері де болады:

1) ҚХҚ мемлекеттің қаржылық-экономикалық қатынастарды хұқпен реттеуінің нәтижесінде пайда болады, сондай-ақ олардың (ҚЭК) заңды формасы болып табылады;

2) ҚХҚ міндетті түрдегі субъектісі мемлекеттің біртұтас өзі немесе мемлекет мүддесін көздейтін өкілетті органдар болып табылады;

4) ҚХҚ материалдық объектісіне тауар немесе басқа да сатып алу, (айырбас) процесіне қатыспаған ақшалар ғана жатады;

5) ҚХҚ мемлекеттік-өктем түрде жүргізіледі, сондықтан қатысуы қатысушылардың заң жүзінде тең хұқылы емес екенін көрсетеді;

6) ҚХҚ маңызы бойынша қаржылық экономикалық қатынастар болып табылады», – деп пайымдаған, сондай-ақ қаржылық құқықтық қатынастардың материалдық және ұйымдастырушылық болып бөлінетінін айтып өткен.

Бүгінде Ресей Федерациясының басты қаласының бірі Санкт-Петербургте тұрса да Қазақстан қаржылық құқығы ғылымы үшін еңбек етіп жатқан А.И. Худяков: «Қаржылық құқықтық қатынастарға мынадай белгілер тән болады:

1. Олар қаржылық экономикалық қатынастарды мемлекеттің құқықтық реттеуі нәтижесінде туындайды және құқықтық нысаны болып табылады.

2. Қаржылық құқықтық қатынастардың пәні ретінде ақшалар немесе ақшалай міндеттемелер көрініс табады.



3. Қаржылық құқықтық қатынастардың міндетті субъектісі мемлекет болып табылады.

4. Қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттік-биліктік сипатта болады.

5. Қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттік ақшалай қорларды қалыптастыруға, бөлуге және пайдалануды ұйымдастыруға байланысты процесті білдіреді.

Ақшалай қорларға қатысты қаржылық құқықтық қатынастар:

- 1) бюджеттік;
- 2) қаржылық-банктік;
- 3) қаржылық-сақтандыру;

4) қаржылық-шаруашылық құқықтық қатынастары болып бөлінеді», – дей отырып, қаржылық құқықтық қатынастарға байланысты мән-жайлардың жан-жақты сипаттамасын берген.

Сондай-ақ ол кейіннен: «Қаржылық құқықтық қатынастарға мынадай белгілер тән болады:

1. Қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттің қаржылық қызметінің процесінде туындайды.

2. Қаржылық құқықтық қатынастың міндетті субъектісі ретінде мемлекет (біртұтас алғанда немесе уәкілетті органы арқылы) көрініс табады.

3. Қаржылық құқықтық қатынастар «билік-бағыныс» сипатында болады.

Материалдық қаржылық құқықтық қатынастарға мынадай айрықша белгілер тән болады:

1. Материалдық қаржылық құқықтық қатынастар мемлекеттік ақшалай қорды қалыптастыруға не оны бөлуге байланысты процесті білдіреді.

2. Материалдық қаржылық құқықтық қатынастың объектісіне ақшалар немесе ақшалай міндеттемелер жатады.

3. Материалдық қаржылық құқықтық қатынастың мәні ретінде экономикалық қаржылық қатынастар көрініс табады», – деп тұжырымдаған.

С.М. Найманбаев та қаржылық құқықтық қатынасқа тән белгілер жөніндегі және қаржылық құқықтық қатынастың ұғымын айқындауға байланысты көзқарастарын толықтырып (Заңтану: қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөз-

дігі. – Алматы: «Мектеп» баспасы, 2002. – 336 б., 155-156 беттерін қараңыз) былайша түсіндірген: «Қаржылық құқықтық қатынастар:

1. Олар тек мемлекеттің қаржылық қызметінің аясында, мемлекеттің қаржылық қатынастарды құқықтық реттеуінің нәтижесінде туындап, өркендейді.

2. Осы қатынастардың міндетті әрі тұрақты субъектілері қаржылық және басқа да өктем өкілеттіліктері бар мемлекеттік уәкілетті органдар болып табылады.

3. Осы қатынастардың объектісіне ақшалар немесе ақшалай міндеттемелер жатады.

4. Олар, негізінде, ұлттық табысты бөлу барысында туындайтындықтан әрқашан да бөлу сипатында болады.

5. Бұл қатынастар мемлекеттің ақша жүйесін, оның қаржылық құрылымдарын қалыптастыруды, мемлекеттің ақшалай қорларын қалыптастыру процесін жоспарлауды ұйымдастыруды, сол ақшалай қорларды пайдалануды ұйымдастыруды және осы пайдалану процесіне бақылау жүргізуді білдіреді.

6. Олар мемлекеттің материалдық базасын қалыптастыру барысында туындайтындықтан экономикалық сипатта болады.

7. Олар мәні-мағынасы бойынша экономикалық қаржылық құқықтық қатынастар ретінде көрініс табатын бірыңғай қоғамдық қатынастарды көрсетеді. Қаржылық құқықтық қатынастар деп мемлекет және қоғам мүддесін қамтамасыз етуге бағытталған, өктем-мүліктік сипатта болатын, қаржылық құқықтық нормаларға негізделген және сол нормалармен реттелетін, маңызы бойынша экономикалық болып табылатын, мемлекеттің және оның уәкілетті органдарының қаржылық қызметтерінің барысында туындайтын қоғамдық қатынастарды айтамыз».

Жоғарыда баяндалған қаржылық құқықтық қатынас мән-жайларына байланысты А.И. Худяков пен С.М. Найманбаевтың ғылыми сипаттамаларын ресейлік ғалымдардың қорытынды тұжырымдарымен салыстырсақ, қазақстандық ғалымдардың көзқарас пікірлерінің әлдеқайда ұтымды әрі толық мазмұндалғанына көз жеткізуге болады.

Сонымен, банктік құқықтық қатынастардың мемлекеттік қаржылық құқықтық аспектісін анықтап, айқындау әрі тұжырымдап, дәйектеу мақсатында жасалынған шолу нақтылы ерек-

шеліктері мен белгілерін зерделеу және салыстырмалы құқықтық сипаттау нәтижесінде қаржылық құқықтық қатынастар, олардың өзгешеліктері, қазіргі заманғы даму тенденциялары, бүгінгі таңдағы ерекшеліктері жөнінде мынадай тұжырым-түйіндерді қалыптастыруға болады деп есептейміз:

1. Қаржылық құқықтық қатынастар қоғам мен мемлекеттің мүддесіне орай, қандай болмасын уәкілетті мемлекеттік органның қаржылық қызметі аясында, Қазақстан Республикасының тиісті заңнамасында көзделген мемлекеттік кірісті, ақшалай қорларды, бюджеттен тыс мақсатты ақшалай қорларды, валюталық резервті, алтын валюта активін қалыптастыруға, мемлекеттік қарыз алуға, сондай-ақ ақшалай қорлардың қаражаттарын бөлуге, пайдалануға, қайта бөлуге мемлекеттік борышқа қызмет көрсетуге, мемлекеттік қаржылық жоспарлауды және мемлекеттік қаржылық бақылауды жүзеге асыруға байланысты туындайтын, қаржылық құқық нормаларымен реттелінген қоғамдық қатынастар, экономикалық және ұйымдастыру қаржылық қатынастары болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің және оның құрылымдық қаржылық-фискалдық, қаржылық-кедендік бақылау органдарының, Қазақстан Ұлттық банкінің және оның құрылымдық бөлімшелерінің, Қазақстанның Даму банкінің, Қазақстан Республикасының қаржылық және өзге де заңнамасына орай мемлекеттің қаржылық агенті болып табылатын коммерциялық банктердің, Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығы мен қаржылық ұйымдарды реттеу және қадағалау жөніндегі агенттігінің, Қазақстан Республикасының Салық жүйесі мен Бюджет жүйесінің, бюджеттен тыс қорлардың жұмыс істеу ауқымында олардың қоғам мен мемлекеттің экономикалық-қаржылық мүдделерін қамтамасыз етуге, мемлекет шығыстарын өтеуге бағдарланған қызметтері мен операцияларына сай туындайтын экономикалық және ұйымдастыру қаржылық қатынастары, олардың қызметтерін регламенттейтін және реттейтін нормативтік құқықтық актілер негізінде қаржылық құқықтық қатынастар ретінде сипат алады.

3. Қазақстан Республикасының банк жүйесін білдіретін Қазақстан Ұлттық банкінің, Қазақстан Даму банкінің, коммерция-

лық банктердің Қазақстан Республикасының «Ұлттық банкі туралы», «Даму банкі туралы» заңдарына, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне және Салық кодексіне, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылатын қызметі мен банктік операцияларына байланысты туындайтын банктік құқықтық қатынастары мәні-маңызы бойынша қаржылық құқықтық қатынастар болып табылады. Біздің ойымызша, қаржылық-несиелік айрықша өкілеттік берілген уәкілетті мемлекеттік органдар – мемлекеттік банктер Қазақстан Ұлттық банкінің, Қазақстан Даму банкінің және Қазақстан Республикасының қаржылық, валюталық, сондай-ақ салық заңнамасы негізінде мемлекеттің қаржылық агенті міндеті жүктелген коммерциялық банктердің банктік қызметі мемлекеттің қаржылық қызметі ретінде, ал туындайтын банктік құқықтық қатынастар өзара тығыз байланысқан ұйымдастыру және экономикалық мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастар сипатында көрініс табады. Осыған байланысты банк жүйесінің тиісінше жұмыс істеуі барысында Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі, Қазақстан Республикасының Салық кодексі, Қазақстан Республикасының Кеден кодексі және т.б. Қазақстан Республикасы заңнамалық актілерінің ережелері мен талаптарына сай туындайтын әрі қалыптасып дамитын, өзгертілетін немесе тоқтатылатын мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастарға бюджеттік құқықтық қатынастар, салықтық құқықтық қатынастар, мемлекеттік валюталық қаржылық құқықтық қатынастар, мемлекеттік сақтандыру қаржылық құқықтық қатынастары, кеден ісі саласындағы мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастар, Мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры және Мемлекеттік міндетті әлеуметтік сақтандыру қоры саласындағы қаржылық құқықтық қатынастар, мемлекеттік-шаруашылық құқықтық қатынастары, мемлекеттік қаржылық бақылау құқықтық қатынастары, мемлекеттік қаржылық жоспарлау құқықтық қатынастары жа-тады деп есептейміз.

Жоғарыда аталған қаржылық заңнама нормаларының сипатына орай Қазақстан Ұлттық банкінің, Қазақстанның Даму банкінің және коммерциялық банктердің банктік (мемлекеттің қаржылық қызметі ретіндегі) қызметі барысында туындайтын мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастар материалдық және ұйымдастыру қаржылық құқықтық қатынастары болып бөлінеді.

Осы жөнінде М.В. Карасева былай деп пайымдаған: «Материалдық қаржылық құқықтық қатынастар қаржылық құқықтың материалдық нормалары негізінде, ал процессуалдық қаржылық құқықтық қатынастар, тиісінше процессуалдық қаржылық құқықтық нормалардың негізінде туындайды. Материалдық қаржылық құқықтық қатынастар арқылы субъектілердің белгілі бір қаржылық ресурстарды алу, бөлу және пайдалану жөніндегі құқықтары мен міндеттері іске асырылады. Процессуалдық қаржылық құқықтық қатынастарда мемлекеттің қаржылық ресурстарды өз қарамағына алуының, оларды бөлуінің және пайдалануының заңи нысаны көрініс табады».

Біздің пікірімізше, банк жүйесінде туындаған банктік құқықтық қатынастардың ішінен мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастарды бөліп шығару кезіндегі маңызды элемент осындай құқықтық қатынастың субъектісі болып табылады. Мысалы, Қазақстан Ұлттық банкі, Қазақстанның Даму банкі және мемлекеттің қаржылық агенті – коммерциялық банктер қаржылық құқықтың басты субъектісі мемлекетпен тығыз байланыста болады. Мемлекет – Қазақстан Республикасы аталған қаржылық құқықтық қатынас субъектілері арқылы өзінің құқық субъектілігін іске асырып, тиісті қаржылық құқықтық қатынастың субъектісіне айналады.

Демек, мемлекеттің біртұтас алғанда, Қазақстан Республикасының қаржылық-экономикалық мүддесіне әрі қаржылық құқықтарына (құзыретіне) сай туындаған мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастар Қазақстан Ұлттық банкінің, Қазақстанның Даму банкінің және коммерциялық банктердің белсенді банктік қызметі мемлекеттің қаржылық қызметін жүзеге асыру жөніндегі белсенді іс-қимылдары, іс-әрекеттері, жүріп-тұрулары әрі тиісінше мінез-құлықтары арқасында дамиды деп түйіндеуге болады. Дегенмен бұл жерде Қазақстан Ұлттық банкі мен Қазақстанның Даму банкінің мемлекеттік қаржылық-несиелік органдар екенін, ал коммерциялық банктердің мемлекеттік емес заңды тұлғалар екенін назардан тыс қалдырмау қажет деп санаймыз.

Мәселен, қаржылық құқықтық қатынастардың негізгі әрі аса маңызды түрі бюджеттік құқықтық қатынастарды қарастырсақ, олардың мемлекеттің (оның уәкілетті органдарының) бюджеттік

қызметі барысында туындайтын және бюджеттік құқық нормаларымен реттелінген қоғамдық қатынастар болып табылатынына көз жеткізуге болады. Осыған байланысты кейбір авторлардың көзқарас, пікірлері бойынша: «Бюджеттік құқықтық қатынастардың өзге де субъектілеріне мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың органдары; бюджеттік қаражаттардың басты әкімшілері; бюджеттік мекемелер; мемлекеттік және муниципалдық кәсіпорындар және өзге де бюджет қаражаттын алушылар; ақшанесие реттеу органдары; бюджет қаражаттарымен операцияларды жүзеге асыратын кредиттік ұйымдар (бұл жерде банктер) жатады», «Бюджеттік құқықтық қатынастар субъектілерінің екінші тобына әр деңгейдегі өкілді билік органдары; РФ Үкіметі; РФ құрамындағы республикалардың үкіметтері; тиісті мемлекеттік әкімшілік-аумақтық құрылыс әкімшілігі; қаржылық органдар жүйесі; қаржылық басқармалар мен бөлімдер; РФ федералдық қазынашылығы; банктер жүйесі; мемлекеттік және жергілікті билік органдары жүйесіне кіретін басқа да органдар жатады», «Бюджеттік қаражаттарды құру және жұмсау процесінде мемлекеттің, Федерация субъектілерінің, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жеке және заңды тұлғалармен (бұл жерде банктер жүйесі де бар деп есептеу қажет – авт.) арасында қалыптасқан белгілі бір қаржылық қатынастар бюджеттік құқықтық қатынастар деп аталады».

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің баптарын зерделеп, талдау жүргізу барысында мынадай тұжырым жасауға болады: Қазақстан Ұлттық банкі өзінің Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын шарттық негізде басқаруы, аталған қордың инвестициялық кірістерін қалыптастыру, Ұлттық қордың қаржылық активтері мен мүліктерінің тізбесін айқындау, республикалық бюджет кірісіне таза табысының бөлігін түсіру, Қазақстан Республикасы үкіметінің депозиттері бойынша сыйақыны республикалық бюджет кірісіне түсіру, уақытша бос бюджеттік ақшаны депозитке қабылдау, бюджеттік қаражаттармен жасалатын аударым операцияларын орталықтандыру мақсатында бірыңғай қазынашылық шотты ашу және жүргізу, шетелдік валюталар бойынша банктік шотты ашу және жүргізу, бюджетке төленетін қаражаттарды бірыңғай қазынашылық шотына қабылдау және есепке алу, бюджеттік қаражаттарды өзіндегі бірыңғай

қазынашылық шоттан тиісті алушыға аудару, жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті жасау, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есеп жасаудың нысандары мен тәртібін айқындау, Қазақстан Республикасы Ұлттық қорының қалыптастырылуы мен пайдаланылуы туралы жылдық есепті Қазақстан Республикасының президентіне бекітуге табыс ету, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетіне республикалық бюджет қаражатының түсуі мен пайдаланылуының толықтығы туралы құжаттамалар мен ақпарат табыс ету, «Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасының заңына және осы Бюджет кодексіне сәйкес мемлекетті қарыз алу, алдағы орта мерзімде кезеңге арналған мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алу мен борыштың жай-күйі мен болжамын жыл сайынғы бағалауды дайындау, тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда көзделген бюджет қаражаты есебінен Қазақстан Республикасы үкіметінің мемлекеттік қарыздарын өтеу және оған қызмет көрсету, мемлекеттік бағалы қағаздарды ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алу жөніндегі функционалдық қызметін, мемлекет алдындағы міндетті мен банктік операцияларын мемлекеттің қаржылық-несиелік органы ретінде жүзеге асыруы барысында туындайтын қоғамдық қаржылық қатынастар бюджеттік құқықтық қатынастар болып табылады, сондай-ақ ол осындай материалдық және ұйымдастыру бюджеттік құқықтық қатынастардың субъектісі әрі мемлекеттің өкілі ретінде оның атынан, оның тапсырмасы бойынша және оның мүддесін көздей отырып Қазақстан Республикасының Бюджет кодексінің тиісті баптарына сай, өз құзыреті шегінде тиісті іс-әрекеттер жасайды.

Осындай тұжырымымызды дәйектеу мақсатында қаржылық құқық саласының белгілі ғалымы А.И. Худяковтың бірнеше көзқарас, пікірлерін қарастыралық: «Мемлекеттік орган мынадай шарттылықты сақтағанда ғана қаржылық құқықтық қатынастың субъектісі болып саналады:

1) осы органның қызметі мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамына кіретін ақшалай қорларды қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру процесін көрсетуге тиіс;

2) осы субъект тиісті билік өкілеттігі берілген мемлекеттік орган ретінде көрініс табады;

3) оның іс-әрекеттері жалпы мемлекеттік мүдделермен айқындалады;

4) осындай іс-әрекеттер барысында мемлекеттің функциясы іске асырылады;

5) осыған орай туындайтын қоғамдық қатынастар өздерінің экономикалық және құқықтық белгілері бойынша қаржылық қатынастар болып табылады».

«Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі де мемлекеттің қаржылық органдары қатарына жатады. Бірден айта кететін жайт, Ұлттық банкінің барлық функциясы мемлекеттің қаржылық қызметі болып табылмайды және ол ұдайы мемлекеттің қаржылық органы ретінде жұмыс істемейді. Дегенмен Ұлттық банктің мемлекеттік меншік нысанындағы ақшалай қорлары мемлекеттің қаржы жүйесінің құрамына кіретінін, Ұлттық банктің:

1) ақша жүйесін ұйымдастыруға және оның тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуге;

2) мемлекеттік кредит саласына;

3) мемлекеттік банк ретіндегі банктік қызметіне қатысты қаржылық функцияларды жүзеге асыратынын есепке алу қажет.

Осыған байланысты жасалатын шарттар қаржылық құқықтық шарттар сипатында көрініс табады. Ұлттық банк қаржы жүйесінің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуі барысында қаржылық заңнаманың сақталуына өз құзыреті шегінде мемлекеттік бақылау және қадағалау жүргізеді, сондай-ақ қаржылық құқықтық сипаттағы санкциялар қолданады».

«Мемлекет бюджеттік қатынасқа қатысушы өз өкілі тиісті органы арқылы бюджеттік қатынас субъектісі ретінде көрініс табады. Бюджеттік құқықтық қатынастардағы мемлекеттік органдар мемлекет атынан, оның тапсырмасы бойынша және оның мүддесіне орай іс-әрекет ете отырып, мемлекеттің өкілі рөлін атқарады. Осы өкілдік шартқа емес, заңға негізделген және мемлекеттің өкілі мемлекеттік органның бюджеттік құқықтық қатынас субъектісі ретінде өкілеттігі сенімхат арқылы емес, осы органның құзыретімен айқындалады».

Демек, Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі Қазақстан Республикасының Конституциясына (44-бабының 4-тармақшасы, 53-бабының 5-тармақшасы, 59-бабының 6-тармағы) және «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасы заңына (8-бабы) сай өзіне берілген билік өкілеттігі шегінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі мен кезекті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңның ереже, нұсқамалары негізінде жалпы мемлекеттік экономикалық-әлеуметтік мүддені көздеп мемлекет функциясын іске асыруға ат салысады. Қазақстан Ұлттық банкінің мемлекеттің қаржы жүйесіне байланысты қызметі мемлекеттің қаржылық қызметін жүзеге асыру тәсілі, сондай-ақ оның осындай қызметінің нәтижесінде туындаған қоғамдық қатынастар мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастар болып табылады деген қорытынды жасаймыз.

Енді Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің банктерге және банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қатысты баптарына байланысты ғылыми көзқарасымызды қалыптастырамыз: Қазақстан Республикасындағы коммерциялық банктер қаржылық агенттер және (немесе) Бюджет кодексінің 171-бабының 3-тармағына сәйкес сенім білдірілген өкілдер (агенттер) ретінде, мемлекеттің атынан, оның мүддесіне орай және тапсырмасы бойынша уақытша бос бюджет қаражатын депозитке қабылдау; депозиттегі уақытша бос ақша қаражаттарын пайдаланғаны үшін сыйақыны республикалық маңызы бар қала, астана және облыстық бюджет кірісіне түсіру; мемлекеттік сыртқы қарыздардың қаражаттарын сақтағаны (орналастырғаны) үшін республикалық бюджет кірісіне сыйақы қаражатын түсіру; Қазақстан Республикасы үкіметінің қарыздарына және мемлекеттік кепілдіктері бар мемлекеттік емес қарыздарға қызмет көрсету; мемлекетті мекемелерге тиісті банктік шот ашу және жүргізу; бюджеттік несиені қаражатының пайдаланылуын есепке алу және қарыз алушының несиелік шарт талаптарына сәйкес негізгі борышты, сыйақыны, төлемдерді өтеуге жасаған қаражаттарын аудару; бюджеттік несиеден қарыз алушының несиені мерзімінен бұрын өтеуіне келісім беру; қарыз алушы несиелік шарттың талаптарын бұзған жағдайда одан бюджеттік несиені мерзімінен бұрын өтеуді талап ету;

бюджеттік несиенің нысаналы пайдаланылуын және ол бойынша міндеттемелердің орындалуын бақылау; бюджеттік несиені нысаналы мақсат бойынша пайдаланбау фактілері анықталған жағдайда қарыз алушыдан несиенің заңсыз пайдаланылған сомасын несиелік шартта белгіленген мөлшерде айыппұл ала отырып өндіріп алу жөніндегі банктік қызметін жүзеге асыруы барысында қаржылық құқықтық қатынастың субъектісі болып табылады. Осыған орай, бірден ескеретін жайт, коммерциялық банктердің қызметі нәтижесінде туындайтын материалдық қаржылық құқықтық қатынастардың субъектісі мемлекет болып табылады, өйткені коммерциялық банктер мемлекеттің сенім білдірілген өкілі (агенті) функциясын ғана атқарады. Қаржылық құқықтық қатынасқа қатысушы коммерциялық банктердің мемлекет атынан жүзеге асыратын қаржылық қызметінің мән-жайларын айқындау үшін тағы да А.И. Худяковтың пікірлерін қарастырамыз: «Жеке меншік банктер мемлекеттің қаржылық органы болып табылмайды, олардың ақшалай қорлары мемлекет меншігіне жатпайды, сондықтан осындай банктердің қызметі «мемлекеттің қаржылық қызметі» ұғымымен қамтылмайды.

Осыған орай, осындай банктердің несиелік, есеп айырысу және басқа да операциялары процесінде туындайтын қатынастар қаржылық құқықтың пәні болып табылмайды, олар негізінен азаматтық құқық нормаларымен реттеледі. Әйтсе де қандай болмасын шаруашылық жүргізу субъектілері сияқты осындай банктер де мемлекеттің белгілі бар қаржылық қатынасына, мысалы, салықтық қатынасқа қатысады. Алайда осындай қатынастар олардың қызметінің емес, тек мемлекеттің қаржылық қызметінің өнімі болып табылады. Сонымен қатар мемлекет жеке меншік банкке өзінің кейбір қаржылық функцияларын іске асыру жөнінде тапсырма (біржақты ерік ықтияры бойынша шешімі не шарттық негізде) беруі мүмкін.

Осыған байланысты шетелдік тәжірибеде «мемлекеттің қаржылық агенті» термині қолданылады. Бұл жағдай, әдетте, мемлекеттік заем облигацияларын осы банктерге орналастыруға, осындай банктер арқылы қандай болмасын субъектілерге мемлекеттік несиені беруге, мемлекеттік борышқа (шетелдік несиені қоса) қызмет көрсетуге қатысты болады. Бұл жағдайда осындай банктер мемлекеттік орган рөлінде көрініс табады және

олардың осындай қызметі «мемлекеттің қаржылық қызметі» ұғымымен қамтылады».

«Мемлекет кейбір жағдайларда бюджеттік құқықтық қатынас субъектісі ретіндегі өз өкілінің міндетін мемлекеттік емес тұлғаға жүктеуі мүмкін. Бұл жағдайда осы тұлға мемлекеттің қаржылық агенті рөлінде көрініс табады. Мемлекеттің қаржылық агенті мемлекеттік орган болып табылмағанымен (тіптен мемлекеттік заңды тұлға да емес), іс-әрекеттерін мемлекеттің атынан, мемлекеттің тапсырмасы және мүддесі бойынша жүзеге асырады. Қаржылық агенттің өкілдігі заңға және шартқа негізделуі, ақысыз не ақылы болуы мүмкін. Мысалы, мемлекеттік емес (жеке меншік) банк мемлекеттік қарызды орналастыру жөніндегі функцияны жүзеге асыра алады. Материалдық бюджеттік қатынастың субъектісі ретіндегі мемлекеттің өкілдігі бюджеттік құқықтық қатынаста мемлекет (тиісті органы) пен оның өкілі арасында туындайтын ұйымдастыру бюджеттік құқықтық қатынаспен айқындалады».

«Кейбір жағдайларда қаржылық құқықтық қатынастың субъектісі болып табылатын мемлекеттің өкілі ретінде мемлекеттің қаржылық агенті болып табылатын мемлекеттік емес заңды тұлғалар және азаматтар болуы ықтимал Қаржылық агент функциясын орындау үшін мемлекет осы субъектілерге тиісті билік өкілеттігін береді. Қаржылық агенттер материалдық қаржылық қатынастарда мемлекеттің өкілі рөлін атқарады, оның атынан іс-әрекеттер жасайды. Осындай қатынастың субъектісі мемлекет болып табылады. Қаржылық агенттер «мемлекет – мемлекеттің қаржылық агенті функциясын орындайтын заңды немесе жеке тұлға» схемасы бойынша құрылған ұйымдастыру қаржылық қатынастарының субъектілері болып табылады».

Демек, коммерциялық банктер материалдық бюджеттік құқықтық қатынастағы мемлекеттің өкілі (бұл қатынастың субъектісі мемлекет немесе оның уәкілетті органы), ал ұйымдастыру бюджеттік құқықтық қатынастардың субъектісі болып табылады деп санаймыз. Жоғарыда баяндалған мән-жайларға орай бюджеттік құқықтық қатынастардың фискалдық жай-күйіне байланысты қаржылық құқықтық қатынастар түріне, салықтық құқықтық қатынастарға тән экономикалық және құқықтық ерекшелік-

терді банк жүйесіне (оның екінші деңгейіне) қатысты зерделеу әрі талдау қажет деп есептейміз.

С.М. Найманбаевтың пайымдауынша: «Салықтық құқықтық қатынастар өз экономикалық-құқықтық табиғатына орай, қаржылық құқықтық қатынастардың ерекше түріне жатады. Салықтық құқықтық қатынастар өздеріне тән мынадай белгілері арқылы сипатталады:

1) материалдық салықтық қатынастарды мемлекеттің құқықтық реттеуінің нәтижесінде және тек салық салу аясында ғана туындайды;

2) ұлттық табыстың мемлекетке тиесілі бөлігін заңды негізде алуға байланысты қайта бөлу процесінде туындайды;

3) мемлекет кірісін қалыптастыру барысында пайда болатындықтан экономикалық қатынастардың айрықша түріне – ба-зистік қатынастарға жатады;

4) осы құқықтық қатынастардың объектісі өздеріне жүктелген міндеттеме бойынша салықтың затын (сомасын) мемлекет кірісіне тікелей аудару жөніндегі салық төлеушілердің іс-әрекеттері болып табылады;

5) осы құқықтық қатынастардың субъектілері салықтық құқық қабілеттіктері бар, сондай-ақ әрекет қабілеттілігіне ие болған тұлғалар болып табылады;

6) осы құқықтық қатынастардың тұрақты әрі міндетті субъектілері ретінде мемлекеттің біртұтас өзі немесе өзі өктем салықтық өкілеттілік берген органы – салық органы көрініс табады;

7) осы құқықтық қатынастар материалдық және ұйымдастыру қатынастары болып бөлінеді;

8) ұйымдастыру салықтық құқықтық қатынастары мемлекеттің салықтық құрылымын қалыптастыруға және оның қызмет атқаруына жағдай жасауға, сондай-ақ салық салуға байланысты операцияларға қатысатын субъектілердің өзара қарым-қатынастары мен байланыстарын білдіреді».

А.А. Тедеев Ресей салық заңнамасының кемшілігі ретінде салықтық құқықтық қатынас қатысушыларының (субъектілерінің) толық тізбесінің ашық берілмегенін көрсете отырып, РФ Салық кодексінде (9-бабында) көрсетілген қатысушылар қатарына заңда тікелей көрсетілмесе де РФ Салық кодексінің кейбір

ережелерін талдау арқылы жасалған қорытынды бойынша: әділет органдарындағы тіркеушілерді, әлеуметтік мекемелерді, сарапшыларды, мамандарды, банктерді және т.б. жатқызған.

«Банктер салықтық құқықтық қатынастардың қатысушылары болып табылады. РФ Салық кодексімен салықтық құқықтық қатынастың қатысушысы ретінде банкке әр түрлі міндеттер мен жауаптылық жүктеледі», – деп көрсеткен тағы бірнеше автор.

Келесі бір топ автор салықтық құқықтық қатынас қатысушыларына жекелеп сипаттама бере отырып, банктердің (кітапта банктік ұйымдар деп көрсетілген – авт.) салықтық құқықтық қатынастардағы рөліне тоқталып өткен. Салықтық құқықтық қатынастар мемлекеттің салықтық қызметін жүзеге асыру процесінде туындайтын, салықтық құқық нормаларымен реттелетін қоғамдық қатынастар дей отырып А.И. Худяков: «Салықтық құқықтық қатынастар мынадай белгілерімен сипатталады:

1. Салықтық құқықтық қатынас мемлекеттің салықтық қызметін құқықтық қамтамасыз ету өнімі болып табылады.

2. Салықтық құқықтық қатынас мемлекеттің нормативтік актілер шығару сияқты салықтық қызметтің әдісін қолдануының өнімі болып табылады.

3. Салықтық құқықтық қатынас «билік және бағыныш» сипатында болады.

4. Салықтық құқықтық қатынас мемлекеттің біржақты белгілемесіне орай туындайды.

5. Салықтық құқықтық қатынастың міндетті субъектісі не мемлекет (өзінің уәкілетті органы немесе басқа субъектісі арқылы) не мемлекеттің тапсырмасы бойынша және мүддесіне орай іс-әрекеттенетін мемлекеттік орган болып табылады.

6. Салықтық құқықтық қатынас – мемлекет тарапынан қорғалынатын қатынас.

Салықтық құқықтық қатынастар материалдық және ұйымдастыру болып бөлінеді. Ұйымдастыру салықтық құқықтық қатынастарының айрықша субъектісі банктер және банктік қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асыратын басқа да ұйымдар болып саналады. Ұйымдастыру салықтық құқықтық қатынастарындағы банктің мемлекет алдындағы мемлекеттік құқықтық міндеті банк клиенті салық төлеушінің салық төлемі сомасын тиісті бюджеттің шотына аудару жөніндегі талабын орындау

кезінде туындайды. Осының нәтижесінде салық төлемінің сомасын банк арқылы тиісті мемлекеттік ақшалай қорға өткізуге байланысты есеп айырысу құқықтық қатынастары өте айқын салықтық құқықтық сипат алады. Салықтық қатынас ауқымындағы ақшалай аударымдар банкке мемлекет жүктеген міндетке орай жүзеге асырылады», – деген көзқарасын тиянақты сипаттап, баяндаған.

Сонымен қатар осындай мән-жайларға байланысты коммерциялық банктің салықтық құқықтық қатынастағы рөлін Қазақстан Республикасы Салық кодексінің де тиісті баптарының (19-баптың 4, 8, 9-тармақтары; 23-баптың 3-тармағы; 192-баптың 1-тармағы; 245-баптың 4-тармағы; 250-баптың 2-тармағы және т.б.) ережелері айқындай түседі деп санаймыз.

Жоғарыда аталған баптардың ережелеріне жүргізілген талдаулар Қазақстан Республикасы Салық кодексінің банктерге салық салу аясында олар жүзеге асыруға тиіс бірқатар мемлекеттік-құқықтық сипаттағы міндеттерді жүктейтіні белгілі болды. Осындай мән-жайға байланысты бірден ескеретін маңызды жайт, қандай болмасын банктің тарапынан салық төлеушінің салық және басқа да міндетті төлемдерін оны төлемдік тапсырмасы бойынша тиісті бюджет кірісіне (қазынашылық шотқа) аударуға орай жүзеге асыратын банктік операциясы нәтижесінде туындайтын салықтық құқықтық қатынастың субъектілеріне мемлекет (салықтық төлем қаражаттарын алушы) және салық төлеуші жатады. Салықтық құқықтық қатынастың қатысушысы банк мемлекеттің (Салық кодексінде көрініс тапқан) талабы бойынша өзінің клиенті салық төлеушінің (заңды тұлғаның немесе жеке кәсіпкердің) салық төлемі сомасын мемлекетке аудару жөніндегі төлемдік тапсырмасын орындауға салық төлеушінің алдында, сондай-ақ мемлекет алдында міндетті әрі жауапты болады.

Демек, банктер арқылы республикалық немесе жергілікті бюджет кірісіне қолма-қол ақшасыз аударылатын салық төлемінің сомаларына байланысты банктік есеп айырысу құқықтық қатынастары айқын салықтық құқықтық сипат алып, қаржылық құқықтық қатынастар ретінде көрініс табады. Осы қаржылық құқықтық (салықтық құқықтық) қатынастардың материалдық құқықтық қатынастарының субъектілері салық төлеуші және

мемлекет, ал ұйымдастыру құқықтық қатынастарының субъектілері мемлекет және банк болып табылады деп санаймыз. Банк жүйесінің екінші деңгейін қоғамдық және мемлекеттік, сондай-ақ жеке және корпоративтік мүдделерге сай құру арқылы оның тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған банктік қызметті мемлекеттік реттеу және қадағалау барысында туындайтын қоғамдық қатынастардың субъектілері уәкілетті орган Қазақстан Республикасының агенттігі мен коммерциялық банктер болып табылады.

Біздің ойымызша, бұл жердегі бірінші кезектегі басымды мақсат мемлекеттің қаржы жүйесінің тұрақтылығын, орнықтылығын қатамасыз етуге ат салысу және осы жүйеге деген сенімді арттыруға қолдау көрсету («Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 7-бабының 4-тармақшасына сәйкес Қазақстан Ұлттық банкі де «Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етуге жәрдемдеседі», авт.) болғандықтан уәкілетті орган мен коммерциялық банктер арасында туындайтын қоғамдық қатынастар ұйымдастыру мәні мен мазмұнындағы банктік құқықтық қатынастар, ұйымдастыру қаржылық құқықтық қатынастары сипатында көрініс табады.

Сонымен қатар уәкілетті орган Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалған өкілеттіктер шегінде банктік қызмет және банктерді тарату мәселелері жөнінде барлық банктер, сондай-ақ банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар мен олардың клиенттері үшін орындауға міндетті нормативтік құқықтық актілер шығарады. Осындай қаржылық құқықтық ықпалға ұшырайтын коммерциялық банктер мемлекеттік ұйымдастыру қаржылық құқықтық қатынастарының белсенді қатысушылары әрі субъектілері ретінде көрініс табады. Қазақстан Ұлттық банкінің, Қазақстанның Даму банкінің және коммерциялық банктердің Қазақстан Республикасының «Ұлттық банкі туралы», Қазақстанның «Даму Банкі туралы», «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы», «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының заңдары негізінде және қоғам мен мемлекеттің экономикалық-қаржылық мүдделерін қамтамасыз етуді көздеп, өз өкілеттіктері шегінде жүзеге асыратын функционалдық қызметі және түрлі банктік операциялары нәтиже-

сінде өзара тығыз байланысқан, ұйымдастыру және материалдық сипатты мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастар туындайды. Банктердің заңдық негіздегі қаржылық орнықты әрі тұрақты қызметі Қазақстан экономикасының дұрыс жұмыс істеуіне септігін тигізеді. Сөйтіп, қолма-қол ақшасыз есеп айырысуды жүзеге асыратын банктер елдегі ақша айналысының негізгі ұйымдастыру-құрылымдық элементі сипатында ерекшеленеді.

Мысалы, «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасы заңының 5, 28-баптарына сәйкес Қазақстан Ұлттық Банкі валюталық реттеу және валюталық бақылау органы, ал коммерциялық банктер валюталық бақылау агенті болып табылады. Қазақстан Ұлттық банкі, Қазақстанның Даму банкі және коммерциялық банктер мемлекеттің валюталық бақылау органдары мен агенттері ретінде, өз өкілеттіктері шегінде резиденттер мен резидент еместердің Қазақстан Республикасында жүргізетін валюталық операцияларына осы операциялардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, лицензиялардың шарттарына, тіркеу және хабарлама талаптарына сәйкес келуі бөлігінде бақылауды жүзеге асырады. Осы валюталық реттеу және валюталық бақылау ауқымымен қамтылатын Қазақстан Республикасының валюталық жүйесі мемлекеттің қаржы жүйесінің экономикалық қауіпсіздігін және тұрақтылығын қолдауға, сондай-ақ қатамасыз етуге септігін тигізеді. Қазақстан Республикасының валюталық жүйесі елдің ақша жүйесінің құрылымдық бөлігі болып табылатындықтан, оның ақша жүйесін тұрақтандыруға тікелей қатысы бар деп санаймыз. Демек, мемлекеттің ақша жүйесінің тиісінше жұмыс істеуін қамтамасыз етуге бағытталған белгілемелері мемлекеттің қаржылық қызметінің көрінісі болып табылатындықтан, осыған орай туындайтын қоғамдық қатынастар ұйымдастыру қаржылық қатынастарына жатады. Жоғарыда аталған банктік және өзге де заңнаманы, Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі мен Салық кодексінің тиісті баптарын, сондай-ақ банк жүйесінің тиісті бағыттарда жұмыс істеуін талдау банктік қызмет аясындағы мынадай мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастарды:

1) Қазақстан Республикасы үкіметі мен Қазақстан Ұлттық банкі арасындағы Қазақстан Республикасы үкіметінің қаржысын



өзіндегі шоттарға орналастыруға; осы шоттардағы қаражаттар бойынша төлемдер жүргізуге; келісім бойынша Қазақстан Республикасы үкіметінің мемлекеттік қарыздарына қызмет көрсетуге; оның шешімі бойынша шығарылған мемлекеттік бағалы қағаздармен операциялар жүргізуге; Қазақстан Республикасы үкіметінің мемлекеттік қарыз алу саясатын жасауға және мемлекеттің ақша-несие саясатымен байланысты мәселелер жөнінде бюджет саясатын қалыптастыруға және т.б. мән-жайларға байланысты туындайтын қаржылық құқықтық қатынастарды;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын басқару жөніндегі кеңестің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының үкіметі мен Қазақстан Ұлттық банкі арасында жасалған сенімгерлік басқару туралы шарттың негізінде Қазақстан Ұлттық банкінің өзіндегі шотқа шоғырландырылған Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құрайтын мемлекеттік қаржылық активтер мен мүлік түріндегі активтерді қалыптастыру және пайдалануды ұйымдастыру барысында туындайтын қаржылық құқықтық қатынастарды;

3) Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, басқа да тиісті уәкілетті мемлекеттік органдар мен Қазақстан Ұлттық банкі арасындағы республикалық бюджеттің атқаруы мән-жайларына байланысты туындайтын қаржылық құқықтық қатынастарды;

4) Қазақстанның Даму банкі мен бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің арасындағы инвестициялық жобаларды республикалық және жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен қаржыландыруға, тиісті инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін тартылатын мемлекет кепілдік берген мемлекеттік емес заемдар бойынша агенттің функциясын орындауға, республикалық және жергілікті бюджеттерден қарыз алуға байланысты Қазақстан Республикасы үкіметінің, Қазақстан Ұлттық банкінің және Қазақстанның Даму банкінің арасындағы қаржылық және өзге де мәселелерге байланысты туындайтын қаржылық құқықтық қатынастарды;

5) валюталық құндылықтарды пайдалануға байланысты операциялар аясындағы уәкілетті банктер, бюджеттен қарыз алушы банктер, тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атынан, оның есебінен және оның нұсқауларына сәйкес бюджеттік

кредит беруге байланысты тапсырмаларды жасайтын банктер, мемлекеттік сыртқы қарыздардың қаражатын және облыстық бюджет пен республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің уақытша бос ақшаларын өзіндегі шотқа депозитке орналастыратын және осыған байланысты сыйақылар (мүдделер) төлейтін банктер, Қазақстан Республикасындағы салық салуға, салық төлемі сомаларын тиісті бюджет кірісіне есептеуге (аударуға) байланысты қаржылық-құқықтық міндеттерін орындайтын банктер ретіндегі коммерциялық банктер мен мемлекеттің, оның уәкілетті мемлекеттік органдарының – Қазақстан Республикасы салық органдарының, тиісті бюджеттік бағдарлама әкімшілерінің, Қазақстан Ұлттық банкінің арасында туындайтын қаржылық құқықтық қатынастарды бөліп шығаруға мүмкіндік беріп отыр деп санаймыз.

Сонымен, Қазақстан Республикасының банк жүйесінде Қазақстан Ұлттық банкі, Қазақстанның Даму банкі және коммерциялық банктер қызметіне орай, қоғам мен мемлекеттің мүддесіне, мемлекеттің қаржыларын (қалыптастырылған немесе қарызға алынған) пайдалануға немесе қалыптастыруға байланысты туындайтын, бір тарапы мемлекеттік билік өкілеттігімен қамтамасыз етілген міндетті субъект болып табылатын банктік құқықтық қатынастар мемлекеттің қаржы-қаражаттары (ақшалары) мен мүліктеріне тікелей қатысы бар мемлекеттік қаржылық қатынастарға жатады. Демек, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қаржылық құқықтық сипаттағы банктік құқықтық қатынастарға:

1) Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі құзырындағы мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастар;

2) Қазақстанның Даму банкі қызметінің аясындағы мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастар;

3) Мемлекеттің қаржылық агенттері – коммерциялық банктер қызметіне байланысты мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастар жатады деп тұжырымдаймыз;

4) Қазақстан Республикасының қаржы нарығын және қаржылық ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі құзырындағы мемлекеттік қаржылық құқықтық қатынастарды жатқызуға болады.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Мемлекеттің қаржылық қызметі дегеніміз не?
2. Мемлекеттің қаржылық қызметінің әдістері қандай?
3. Мемлекеттің қаржылық қызметінің қағидалары қандай?
4. Қаржылық-экономикалық институттар дегеніміз не?
5. Орталықтандырылған қаржылар дегеніміз не?
6. Орталықтандырылмаған қаржыларды не құрайды?
7. Қаржылық құқықтық қатынас дегеніміз не?
8. Қаржылық құқықтық қатынастардың белгілері қандай?
9. Қаржылық құқықтық қатынастардың пайда болу ерекшеліктерін атаңыз.
10. Қаржылық құқықтық қатынас субъектілерінің аясы қандай?

## **3**

### **МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАСҚАРУ МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

#### **3.1. Мемлекеттік қаржылық басқарудың құқықтық негіздері**

Қаржыны басқару – адам қызметінің барлық аясына, соның ішінде қаржылық қызметке де тән нәрсе. Қаржыны басқару – бұл қаржыға және шектес экономикалық, әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру, дамыту мақсатымен ықпал жасау үдерісі әрі қаржылық қатынастардың бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді, мұның негізінде тиісті қаржылық саясатты жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет (қаржы органдары арқылы) шараларының жиынтығы. Бұл ретте белгілі бір нәтижеге жету үшін субъектінің объектіге нысаналы ықпал етуінің тәсілдері мен әдістері пайдаланылады. Қаржы жүйесінде басқару қаржылық механизм арқылы оның әдістері, тұтқалары, ынталандырмалары мен санкциялары көмегімен жүзеге асырылады. Сөйтіп, мемлекеттік қаржыны басқару – бұл тиісті қаржылық саясатқа жетудің мақсаты; қаржылық механизм – бұл мақсатқа жетудің құралы; қаржылық саясат қаржыны басқарудың тиісті үдерісінің түпкілікті қорытынды нәтижесі болып табылады.

Адамдардың саналы, мақсатты қызметі ретінде басқару экономикалық заңдардың объективті заңдылықтары мен талаптарына негізделген. Осы заңдардың талаптарын танып білуге сүйене отырып және оларды пайдаланудың нысандары мен әдістерін жасай отырып, мемлекеттік, шаруашылық және қоғамдық органдар арқылы қоғам қаржыны, бағаны, кредитті және тағы

басқаларын қоса өндірістік қатынастардың нысандарын саналы түрде басқарады. Қаржы жүйесінде оны басқаруды арнаулы аппарат ерекше тәсілдер мен әдістер, соның ішінде әр түрлі ынталандырмалардың және санкциялардың көмегімен жүзеге асырады.

Қаржыны басқарудың мақсаты макроэкономикалық теңгерімдікте, бюджет профицитінде, мемлекеттік борыштың азаюында, ұлттық валютаның беріктігінде, ақырында, мемлекет пен қоғамның барлық мүшелерінің экономикалық мүдделерінің үйлесуінде көрінетін қаржылық тұрақтылық пен қаржылық тәуелсіздік болып табылады.

Қаржыны басқарудың негізіне мына қағидаттар қойылған:

- 1) басқарудағы демократизм;
- 2) қаржылық мәселелерге саяси тәсілдеме;
- 3) басқаруда экономикалық және әкімшілік әдістердің оңтайлы үйлесуі;
- 4) басқарудың ғылымилығы;
- 5) орталықтандырылған, салалық және аумақтық басқарудың келісімдігі;
- 6) басқарудағы жауапкершілік;
- 7) шаруашылық шешімдерінің сабақтастығы.

Қазақстан өз тәуелсіздігін алған алғашқы күннен бастап экономикасын түбірлі реформалауға бағыт алғандығы белгілі. Мұнда нарықтық экономика мен сыртқы экономикалық байланыстарды либерализациялау халық шаруашылығын қайта құрудағы негізгі бағдар ретінде таңдап алынды.

Бүгінгі күнде қоғамымызда жан-жақты жүргізіліп жатқан реформалар мемлекеттік басқару мен реттеу аясына да айтарлықтай ықпалын тигізуде. Басқару қызметінің бағыт-бағдарлары және жаңаша сипатта дамуы мемлекетіміздегі әлеуметтік-экономикалық және саяси жүйедегі үдерістермен айқындалуда. Ал осы үдерістерде қаржылар саласындағы мемлекеттік реттеудің маңызы өте зор екендігі белгілі.

Қаржылар қоғам дамуының негізгі бір материалдық көзі болып отыр. Нарықтық қатынастардың кең етек жаюы жағдайында қаржылардың қоғам мен жекелеген адамдардың өмірінен елеулі орын алып, қаржылық құралдар арқылы мемлекеттің ел экономикасының өсіп дамуына белсенді де қарқынды түрде

ықпалын тигізіп отырғандығы белгілі. Сондықтан қаржылар мемлекет пен қоғамның материалдық тірегі, базасы болып табылады және базистің құрамына жатады. Алайда соңғы кездерде нарықтық қатынастарға көшуімізге байланысты экономика, қаржылар саласындағы мемлекеттік басқаруды жоққа шығару сияқты келеңсіз көзқарастар қоғамымызда орын алып отыр. Оған қоса Қазақстан Республикасының Конституциясында мемлекеттік басқару сияқты мемлекеттік-құқықтық категорияның орнына атқарушы органдар (атқарушы билік органдары) терминінің пайдалануы жаңағы көзқарастарға негіз болып отыр. Ал осы атқарушы билікті жүзеге асыру мемлекеттік-басқарушы қызметті жүзеге асыру болып табылатындығын білуге тиіспіз. Демек, мемлекеттік басқару атқарушы билікке қарағанда кең мағынада айтылады. Осыған орай, мемлекеттік басқаруға байланысты өз көзқарасымызды білдіріп өтсек.

Біріншіден, мемлекет бұрын да қазіргі кезеңде де өзінің табиғи құрылымына байланысты экономикалық және әлеуметтік-мәдени саясатты қаржылардың көмегімен жүзеге асыруға атсалысады. Бұл жерде ол әр алуан қоғам мүдделерін көздейтіндіктен осы аялардағы мемлекеттік басқаруларды жоққа шығаруға болмайды.

Екіншіден, мемлекеттің экономика, қаржылар, инвестициялар және әлеуметтік-мәдени салалардағы дәрежесі ұзақ жылдар бойындағы тәжірибелермен белгіленген. Әсіресе қазіргідей түбірлі реформалар кезеңінде мемлекеттің, мемлекеттік реттеудің рөлі күшейе бермек.

Үшіншіден, мемлекет ешқашанда нарықтық экономикаға қарсы тұрмайды, қайта біз оның қолында нарықтық қатынастардың тиімді дамуы мен жандануына септігін тигізетін зор мүмкіншіліктер бар екендігін ұмытпағанымыз жөн. Сонымен қатар нарықтық өзіндік реттеу стихиялық процестер туғызады және оны тежеу, реттеу тек мемлекеттің қолынан келеді.

Төртіншіден, жоғарыда айтқанымыздай, нарықтық өзіндік реттеу анархия мен ретсіздікке әкеліп соғатынын байқадық. Сондықтан нарықтық өзіндік реттеу мен мемлекеттік реттеуді барынша үйлестіріп отыру қажет. Ал бұл үдерістер өздігінен жүзеге асырылмайды, олар тек мемлекеттің тікелей қатысуымен жүргізіледі.

Бесіншіден, жеке меншік және оған байланысты қатынастар оның аясында, мемлекет аумағында өте қатал экономикалық билікті туғызады. Осы билікті шектеу ісі де мемлекеттің құзырында болады. Сондай-ақ мемлекет көлік, байланыс, энергетика салаларының монополист субъектілерінің халыққа ауыр тиетін іс-қимылдарын шектей отырып, осы нарықтық аялардағы қажетті режимдерді белгілейді, ішкі нарық пен ұлттық мүддені сыртқы ықпалдардан қорғаудың кепілі болып табылады.

Осы жерде айтып өтер жайт, мемлекеттік басқару ілімі, осы жайындағы әкімшілік-құқықтық ғылым айтарлықтай жетістіктерге жеткенмен, көптеген мәселелер, оның ішінде қаржылар саласындағы мемлекеттік реттеу жеткілікті деңгейде өз шешімін тапқан жоқ. Мемлекеттік басқару мына келесідей өте күрделі субъектілік тұрғыдағы элементтер жүйесінде, яғни «мұқтаждық – мүдделер – мақсаттар – ерік білдіру – нормалар – қағидалар – көзделген белестер – пайдалар – ынталандырулар» шеңберінде қалыптасып, дамығандықтан замана және нарықтық экономика талаптарына толығымен жауап беретін сияқты.

Сонымен бірге қазіргі кезеңдегі нарықтық қатынастар аясында жүзеге асырылып жатқан мемлекеттік реттеудің өзі де мемлекеттік басқару болып табылатынын білуге тиістіміз. Басқарудың көп қырлы аспектісімен қатар әлеуметтік, экономикалық, психологиялық, саяси және этикалық тұрғыдағы көзқарастары басқаруды қоғамдық құбылыс түрінде адамзат пен қоғамның өзара іс-қимыл механизміне ұтымды қосылған, көпқырлы категория ретінде танытады.

Мемлекеттік басқару мемлекеттің, оның органдары мен мекемелерінің қоғам жүйесіне немесе оның салаларына мақсатты бағытта ықпал етуі болып табылады. Сондықтан биліксіз әлеуметтік басқару болмайды деген тұжырымдардың негізі бар екендігін көреміз. Басқару биліктің қызмет атқаруы болып табылады. Өз кезегінде мемлекеттік басқару мынадай ерекшеліктерге ие:

1) мемлекеттік басқару саяси сипатта болғандықтан басқару жөніндегі негізгі салмақ мемлекетке түседі. Мемлекет мемлекеттік-құқықтық, техникалық-ұйымдастырушылық және басқа да басқару құралдарына арқа сүйей отырып қоғамды басқаруды ұйымдастырады;

2) мемлекеттік басқару құқықтық нысанда жүзеге асады;

3) мемлекеттік басқару ғылыми негіздерге сүйенеді.

С.С. Алексеев мемлекеттік басқару өзара тығыз байланысқан басқару сатыларынан тұратын ұдайы процесс деп айта келе, сондай-ақ осы аядағы органдардың басқару қызметтерінің ерекшеліктерін ескере отырып мына төмендегідей басқару сатыларын бөліп шығарған:

1) басқару шешімдерін қабылдауға қажетті ақпараттарды жинау, өңдеу және талдау;

2) басқару шешімін дайындау және қабылдау,

3) шешімді атқаруды ұйымдастыру;

4) есептеу және бақылау. Ал мемлекеттік құрылыс және құқық саласының белгілі ғалымы Г.В. Атаманчук мемлекеттік басқарудың мынадай анықтамасын берген: «Мемлекеттік басқару мемлекеттің ұйымдарға, адамдардың тәртіптері мен іс-қимылдарына, олардың ұжымдарына біртұтас қоғамға тікелей ықпал етуге бағытталған, ғылыми негізделген, жоспарланған, ұдайы және құқықтық нысанда жүзеге асатын қызмет».

Сонымен қатар ол мемлекеттік басқару жүйесінің мына әрекеттер мен элементтерді қамтитындығын көрсеткен:

1) басқару субъектісінің ұйымдастырылуы және қызмет атқаруы;

2) басқарушылар мен басқарылушы объектілердің өзара байланыстарының құрылымы, басқарушы іс-қимылдардың жиынтығы;

3) мемлекеттік басқарушы ықпалдарға тікелей бағынатын қоғам жүйесінің элементтері.

Осы жүйе басқаруға байланысты әрекеттерде, қатынастарда, актілерде міндетті үш элементтің болғанын қалайды:

1) басқару субъектісі немесе оның лауазымды адамы, органы;

2) құрылған және жүзеге асырылатын басқарушы ықпал;

3) жеке тұлғаның, кәсіпорынның, ұйымның және мекемелердің қызметтері түріндегі ықпал ету объектісі.

Латынның «администрация» сөзі басқару деген мағынада айтылады. Басқару қоғамдағы адамдар өмірінің маңызы ретінде көрініс табады. Себебі ол әлеуметтік сипатта болады. Сондықтан басқаруға әлеуметтік процесс тұрғысынан қарасақ оның

маңызы өте терең, ерікті және саналы бастамасы бар екендігін байқаймыз.

Ал өз кезегінде адамдардың бірігіп жасаған іс-қимылдары, әрекеттері ұйымдастыруға әкеліп саяды. Ұйымдастыру, біріншіден, адамдардың бірігіп жұмыс істеуіне қажетті бірлесу болып табылады. Басқаша сипаттасақ, басқаруды біріккен адамдардың өздеріне тиісті жұмыс, қызметтерін атқаруыларымен байланыстырамыз. Демек, ұйымдастыру (басқару) тек адамдардың бірігуімен ғана шектеліп қалмай, сонымен қатар олардың өз қызметтерін жүзеге асыру тәртібін де қамтиды. Басқарудың негізгі міндеттері адамдардың бірлескен қызметтерін ұйымдастырумен байланысты болғандықтан, олардың өзара іс-қимылдарын әр түрлі бірлестіктермен және қызметтерінің бағыттарымен нысаналай отырып қамтамасыз ету мәселесі туындайды. Бұл туралы К. Маркс: «Әкімшіліктік – мемлекеттің ұйымдастырушылық қызметі» деп айтқан болатын. Демек, басқаруға әлеуметтік функция ретінде ұйымдастырушылық сипат тән. Ұйымдастырудың бұл маңызды көрінісі бірлесіп қызмет атқарушылардың өз функцияларын орындаумен қатар дербес жұмыстардың арасындағы ауыз бірліктен, келісімнен тұрады.

Іс жүзінде басқару өзінің мәні бойынша жұмыс істеу бағдарламасын жасау, оны қажетті материалдармен қамтамасыз ету, бірлесіп қызметтер атқарушылардың арасында жалпы міндеттерді бөлу, ұжымдардың әрекеттері мен күштерін біріктіруге атсалысу, олардың күнделікті қызметтерін реттеп отыру, сондай-ақ барлық атқарылатын қызметтердің алға қойған міндеттерге сай болуына қадағалау жүргізу болып табылады. Осы бағыттар бойынша барлық бірлескен қызметке қатысушылардың жалпы нысаналы мақсатқа жетуді көздеп бағындыруды қамтамасыз ету жүзеге асырылады. Бүгінгі таңда инвестициялық қызметке қатысушылардың қызметін реттеу мен басқару мемлекеттік басқарудағы осындай маңызды нысаналы бағыттардың бірі болып отыр. Осы процесте тұлғаларды басқару қамтамасыз етіледі, олардың өзара қатынастары ұйымдастырылады. Жұмыс атқару кезінде адамдардың жүріп-тұруы, іс-қимылы оның еркіне, санасезіміне байланысты болады. Демек, басқару адамдардың әр түрлі ерікті қатынастары арқылы жүзеге асырылады. Әлеуметтік басқарудың субъектісі адамдар болып табылады, яғни басқару

дегеніміз – адамдардың адамдарды басқаруын жүзеге асыру. Басқарудың нақты субъектісі ретінде адамдардың ұйымдастырылған ұжымдары, қоғамдық немесе мемлекеттік органдар немесе жеке тұлғалар (басқарушылар) есептеледі. Онымен, басқару субъектісі мен объектісінің арасындағы белгілі бір байланыс басқару ретінде көрініс табады. Оның мәні – субъектінің қоғамдық үдерістің басқарылушы адамдарға ұйымдастырылған ықпал етуі. Осы ықпал ету мемлекеттік органдар арқылы жүзеге асырылады. Белгілі құқықтанушы ғалымдар С. Өзбекұлы мен Ө. Қопабаевтың пікірінше: «Мемлекеттік органдар дегеніміз – мемлекет механизмінің құрамдас бөлігі ретінде құқықтық негізде басқару, билік жүргізу мақсатында құрылған жүйе», сонымен бірге олар мемлекеттік органдардың өзіне тән мынадай ерекшеліктерін атап көрсетеді:

- 1) мемлекеттік орган өмір қажеттілігіне байланысты құқықтық негізде арнайы функцияларды атқару үшін құрылады;
- 2) мемлекеттің басқа органдармен тығыз байланыста қызметін іс жүзіне асырады;
- 3) билік жүргізу барысында күш қолдануға құзыры бар;
- 4) мемлекеттік орган – мемлекеттің функцияларын, саясатын іске асыратын мекеме;
- 5) мемлекеттік орган арнайы дайындықтан өткен, қолдарында билік жүргізу құқығы бар арнайы адамдар тобы;
- 6) құрылған органдар заңдылық негізде қызмет атқарады;
- 7) мемлекеттік орган материалдық база және қаржымен қамтамасыз етіледі.

Қорыта келе, мемлекеттік басқару дегеніміз – шаруашылық, әлеуметтік-мәдени және әкімшілік-саяси құрылыстарды тікелей және күнделікті басқару процесінде заңдарды орындау шеңберіндегі заңға сәйкес, мемлекеттік өктем, ұйымдастырушы қызмет. Бұл қызметтерді жүзеге асыру басқару органдарының іс-қимылдарымен жүргізіледі. Басқару функцияларына байланысты басқару теориясы басқарушы ықпал жасау әдістерін алға шығарады. Ал мемлекеттік басқару процесінде бұл әдістер мемлекет атынан, оның тапсырмасы мен мүддесін көздей отырып пайдаланылады. Бұл әдістерден мемлекеттік басқару органдарының мемлекеттік өктем өкілеттіліктері көрініс табады.

Мемлекеттік басқарудың нақты әдістері мынадай екі топқа бөлінеді:

1) экономикадан тыс ықпал ету әдістері, яғни басқарылушы объектілерге міндетті шешімдерді қабылдау арқылы басқару функциясын жүзеге асыру;

2) экономикалық ықпал жасау әдістері, басқарылушы объектілердің материалдық жағдайларына тиісті мөлшерде әсер ету арқылы басқару функциясын жүзеге асыру.

Біз қазіргі кезде мемлекеттік басқарудың экономика саласы ықпалының кемуіне куә болып отырмыз. Алайда мұндай жағдай мемлекеттік басқарушы қызмет пен атқару билігінің рөлдерін тұтасымен алғанда төмендетпейді. Бұл жерде мемлекеттік реттеу мен басқару арасында мақсат бағыттары бойынша айтарлықтай айырмашылықтар жоқ. Мемлекеттік реттеу өзінің мәні бойынша мемлекеттік басқарушы қызметтің тұрақты элементі, яғни оның функцияларының бірі деуге болады. Мемлекет басқара отырып реттейді, сонымен бірге реттей отырып басқарады. Мемлекеттік басқару субъектілерінің бағынышты субъектілері болса, ал мемлекеттік реттеудің ықпалы бағынышты емес объектілерге де бағытталып жүргізіледі.

Мемлекеттік басқарудың жоғарыда атап өтілген, қоғамдағы рөлі мен қағидаларын, ерекшелектерін ескере отырып, біз енді мемлекеттің қаржылық саясатты жүргізуі мен қаржылық қызметті реттеуде маңызды орын алатын қаржылар саласындағы мемлекеттік органдардың қызметін қарастырып өткенді жөн көріп отырмыз.

Қаржылар саласындағы басқарудың маңызы зор екендігі белгілі. Қаржылар мемлекеттің өсіп дамуының, өзіне жүктелген функцияларын жүзеге асырудың материалдық базасы, негізі болғандықтан базистің құрамына жататындығын білдік. Қаржылар саласындағы мемлекеттік басқару ісіне қатысатын өкілетті органдардың жүйесі ауқымды болып келеді. Бұл саладағы басқаруды жүзеге асыратын органдар қатарына басқару (атқару) органдарымен қоса өкімет органдары да атсалысады. Сондықтан бұл жерде басқару термині кең мағынада түсінілуі қажет. Демек, мұнда мемлекеттік органдардың ұйымдастырушылық қызметі мен атқарушылық-билікші қызметі бірдей қамтылады. Сондай-ақ бұл саладағы басқаруды мемлекеттік өкілді органдар да,

мемлекеттік атқарушы-билікші органдар да жүзеге асырады. Сондықтан қарастырып отырған институтымыз барлық мемлекеттік органдардың қаржылық қызметі саласындағы мәселелерді қамтиды.

Қазақстандық ғалымдардың пікірінше, заң құжаттарында көрсетілгендей қаржылар саласын (бұл жерде кең мағынада түсінуге тиіспіз) басқаратын органдар арнайы құзыретті, мамандандырылған басқару (атқару) болып табылады. Мысалы, Қаржы министрлігі, Ұлттық банк және тағы басқалары. Ал мемлекеттік басқару кезінде осы арнайы құзыретті органдар қатарына өкімет органдары, яғни Парламент, жергілікті мәслихаттар қосылады. Олар қаржылар саласындағы басқаруды өз құзыретіне жататын бағыттар бойынша жүзеге асырады, сондықтан осы іс-қимылдар басқару сипатында көрініс табады. Қаржылық қатынастардың әрбір сферасы мен әрбір буынында басқару субъектілері қаржыға мақсатты ықпал етудің өзіндік әдістері мен нысандарын пайдаланады. Қаржыны басқаруда мынадай бірнеше өзара байланысты нақтылы функциялық элементтерді бөліп көрсетуге болады:

- 1) ақпарат;
- 2) жоспарлау (болжау);
- 3) ұйымдастыру;
- 4) реттеу;
- 5) бақылау.

Қаржылық ақпараттың ғылыми негізделген жоспарлау мақсаты үшін де, сондай-ақ бүкіл қаржылық үдерісті оперативті басқару үшін де зор маңызы бар. Жоспарлау үдерісінде басқару шешімдері қаржылық ақпаратқа талдау жасау негізінде қабылданады, ол осыған байланысты жеткілікті толық әрі ақиқат болуы тиіс. Ақпаратты алудың ақиқаттығы негізделген шешімдер қабылдауды қамтамасыз етеді. Қаржылық ақпарат бухгалтерлік, статистикалық және оперативтік есеп беруге негізделген.

Жоспарлау (болжау) қаржыны басқарудың жүйесінде маңызды орын алады. Бұл – жоспарлы тапсырмаларды орындауға қажетті ақшаның мөлшерін және оның көздерін анықтау; орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақшалай қорлар арасында, ұлттық шаруашылықтың салалары мен әкімшілік-аумақтық бөліктері арасында қаражаттарды бөлудің оңтайлы

үйлесімін белгілеу; ресурстарды пайдаланудың нақты бағыттарын анықтау және т.б. болып табылады.

Ұйымдастыру – басқарудың барлық буындарының жөнге салынғандығын, айқындығын, қаржылық ақпараттың жоғары нәтижелігін, басқару жұмыскерлерінің жауапкершілігі мен тәртіптілігін білдіреді.

Қаржылық реттеу – бұл жоспарлы тапсырмалардың орындалуы үшін қаржылық ресурстарды икемді, шебер жұмсау, белгіленген нәтижеден теріс ауытқулардың барлық түрін алдын алуға және жоюға бағытталған; бұл резервтік (сақтық) қорлар, жоспардан тыс қаржылық ресурстар, пайдаланылмаған қаржылар есебінен қызметтердің барлық түрлерінде арақатынаспен үйлесімділікті қамтамасыз етуді білдіреді.

Бақылау басқарудың элементі ретінде жоспарлау үдерісінде де, сонымен бірге оперативтік басқару стысында да жүзеге асырылады. Ол қоғамда барлық қаржылық үдерістерді (операцияларды) жүргізудің дұрыстығы мен заңдылығын тексеру және қамтамасыз ету жөніндегі қаржылық құқықтың нормаларын басшылыққа алып отыратын қаржылық аппараттың қызметін қамтиды. Бақылау қаржылық ресурстарды пайдаланудың нақты нәтижелерін жоспарлық көрсеткіштермен салыстыруға, қаржылық ресурстарды өсірудің резервтерін айқындауға, шаруашылықты неғұрлым тиімді жүргізудің жолдарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Қаржыларды басқарудың стратегиялық және жедел түрін бөліп көрсетуге болады. Қаржыларды стратегиялық басқару Қазақстан Республикасының Конституциясының негізінде басқару мен биліктің жоғарғы органдары арқылы жүзеге асырылады: парламент, президент аппараты, үкімет, Қаржы министрлігі, Қазақстан Республикасының экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі.

Қазақстан Республикасының Президенті қаржылық басқаруда үлкен өкілділікке ие болып, оны президент аппараты арқылы жүзеге асырады.

Парламенттің құзырына қаржылық мәселелерді талқылап, дауыс беру негізінде Қазақстан Республикасының заң актілері мен парламенттің өкімі арқылы шешім қабылдайды. Парламент нормалар мен қағидалар негізінде қоғамды реттейтін келесі бағытар бойынша заңдарды шығарады:

1) салық салу, алымдар мен басқа да міндетті төлемдерді қамтамасыз ету;

2) білім, денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;

3) мемлекеттік қорғаныс саласын қамтамасыз ету;

4) мемлекеттік және жергілікті билік органдарын қамтамасыз ету;

5) қоршаған ортаны қорғау;

6) заттық және құқықтық меншікті режимді қамтамасыз ету.

Үкімет Қазақстан Республикасының қаржыларын басқаруда атқарушы орган ретінде қатынасады. Жалпы мемлекеттік қаржылар Қаржы министрлігі мен оның өкілдіктері арқылы жүзеге асырылады. Қаржы министрлігі мемлекеттің қаржы саясатын жүзеге асырады. Сонымен қатар оның құзыретіне келесілер кіреді:

1) қаржы заңдылығының жобаларын дайындау;

2) кәсіпорын мен мемлекет арасындағы қаржылық қатынастардың нысандарын жетілдіру;

3) мемлекеттің қаржы ресурстарын бөлістіріп, мемлекеттің бюджеттің кірістері мен шығыстарын жоспарлайды;

4) мемлекеттің резервтерін қалыптастырудың мүмкіндіктерін қалыптастырады;

5) мемлекеттің қаржы тәртібінің дұрыс жүзеге асырылуына бақылау жасайды;

6) қаржы есебі мен бухгалтерлік есептің жүйесін реттейді.

Мемлекеттік қаржыларды басқаруда өзінің атқаратын функцияларына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі де қатынасады.

Қазақстан Республикасы индустрия және жаңа технология министрлігінің Инвестиция жөніндегі комитеті басым инвестициялық жобалар бойынша инвесторлардың ұсыныстарын қарайды, оларды сараптау, тиімділігін анықтау, салықтық және кедендік преференциялардың мөлшерлері, іске асыру ұсыныстары, контрактілерді дайындау жөнінде басқа мүдделі ұйымдармен жұмысты үйлестіреді. Сөйтіп, инвестициялық жобалар қаржылық ілеспемен, оларды іске асыру, жүзеге асыруға бақылаумен қамтамасыз етіледі. Қазақстан Республикасында қаржыны бас-

қару негізінен бюджет жүйесін және салық жүйесін ұйымдастыру бағыттарында жүзеге асырылады.

Жалпы мемлекеттік қаржыны мемлекеттік уәкілетті органдар – Қаржы министрлігі мен Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі басқарды. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі туралы қағидаға сәйкес министрлік басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шекте өзінің құзырына жатқызылған қызмет саласында салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органы болып табылады. Министрліктің негізгі міндеттерін және функцияларын жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен Қаржы министрлігіне үлкен құқықтар берілген. Министрліктің мынадай ведомстволары бар: Қазынашылық комитеті, Кедендік бақылау комитеті, Қаржылық бақылау комитеті, Салық комитеті, Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті, Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитеті, Қаржы мониторингі комитеті. Қаржы министрлігінің орталық аппаратында департаменттер маңызды орын алады.

Департаменттер мен комитеттер өз кезегінде нақтылы функциялық міндеттерді орындайтын басқармалардан, ал олар бөлімдерден тұрады. Бөлімдер басқармалар орындайтын функцияларды нақтылайды. Министрліктің құрылымында, сондай-ақ мемлекеттік сатып алуды үйлестіру басқарамасы және Ақпарат пен жұмылдыру жұмысын қорғау бөлімі бөлінген.

Қазынашылық комитетінің ұйымдық құрылымы Қаржы министрлігі құрамындағы Қазынашылықтың орталық аппаратынан және облыстар, қалалар бойынша оған бағынышты аумақтық бөлімшелерден тұрады.

Қазынашылық комитеті Қаржы министрлігінің құзыры шектерінде арнайы атқарушы және бақылау қадағалау функцияларын, сонымен бірге республикалық бюджеттің атқарылуына қызмет көрсету, мемлекеттік бюджетке, мемлекеттік мекемелерге есеп-қисаптық-кассалық қызмет көрсету және мемлекеттік бюджеттің қаражаттарын мақсатты пайдаланылуына алдын ала және ағымдағы бақылау жасау жөніндегі салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын ведомство болып табылады. Қазынашылық жұмыскерлерінің мемлекеттің қаражаттарын пайдаланатын мемлекеттік кәсіпорындардың, мемлекеттік билік пен басқару

органдарының, мемлекеттік банктердің қаржылық-бухгалтерлік службаларды тексеруге құқы бар. Олардың лауазымды адамдардан қаржы заңнамасын бұзуды жоюды талап етуге құқы бар. Қазынашылық қызметтеріне қазынашылық төлем операцияларының орындалуын тоқтата тұруға, бюджет ақшасын мақсатсыз пайдалану фактілері анықталған жағдайда оны қайтарып алуға және жұмсауға тыйым салуға, ақшаны бюджетке өндіріп алуға (қайтарып алуға) құқық берілген, сонымен бірге қазынашылық бюджеттік қаражаттарды үнемді жұмсауға мүмкіндік туғызуы тиіс.

Кеден органдарының құрылымы облыстық кеден басқармаларын, кедендерді, кеден бекеттерін кіріктіреді. Қаржылық бақылау комитеті бақылау саласындағы ұйымдық-әдіснамалық және талдамалық жұмыстарды жүзеге асырады. Оның органдары ұлттық шаруашылықтың барлық салалары мен қызметтер сферасының мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдарына, әлеуметтік сфера мен халықты қорғаудың бюджеттік ұйымдары мен мекемелеріне, басқару органдарына, қорғаныс кәсіпорындары мен ұйымдарына және құқық тәртібін қорғауға тексеріс жүргізеді. Олар, сонымен қатар кредиттік және валюталық ресурстарды пайдалануды, бағалы қағаздар бойынша заңнамалардың орындалуын бақылайды.

Мемлекеттің кірістерін жұмылдыру бойынша аса маңызды функцияларды Салық қызметі орындайды. Салық қызметі органдары уәкілетті мемлекеттік органнан – Салық комитетінен және органдарынан – облыстардың, қалалардың, аудандардың комитетінен тұрады. Салық комитетінде салық және бюджетке төленетін басқа міндетті төлемдердің толық түсуін, міндетті зейнетақы жарналарының және Әлеуметтік сақтандырудың мемлекеттік қорына аударылатын әлеуметтік аударымдардың толық және дер кезінде аударылуын қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ салық төлеушілердің салықтық міндеттемелерін орындауына салықтық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі негізгі міндеттер жүктеледі.

Салық комитетінің аппараты мынадай басқармаларды біріктіреді: салық салу әдіснамасы, салық апелляциялары, ұйымдық қамтамасыз ету, ірі салық төлеушілердің әкімшілігі мен мониторингі, кірістерді талдау және ағымдағы болжау, салық тө-



леушілер мониторингі, халықаралық салық салу, ақпараттық технологиялар, ұйымдық-қаржылық қамтамасыз ету, заң және т.б. басқармалары.

Облыс, қала Салық комитеттері: комитет төрағасын, оның орынбасарларын; салықтық тіркеу; ақпараттық технологиялар; салықтық әкімшілік ету; есеп және талдау; салық аудиті; қосылған құн салығы; акциздер; өндірістік емес төлемдер; салықтық берешекпен жұмыс жөніндегі; ішкі жұмыс; қаржылық-шаруашылық қызмет басқармаларын; заң; салық шағымдары бөлімдерін біріктіреді. Басқармалар бөлімдерден, соңғылар секторлардан (басқару функцияларының нақтылануына қарай) тұрады. Шоғырланумен немесе әртараптанумен байланысты комитеттер бөлімшелері атауларының түрленуі мүмкін, мысалы, қаржылық шаруашылықты қамтамасыз ету басқармасы, бухгалтерлік есеп және есептеме басқармасы, ұйымдық басқарма және басқалары болуы мүмкін.

Аудан бойынша Салық комитеті: комитет төрағасын, оның орынбасарларын; заң және жеке тұлғалар аудиті; есеп, жиынтық талдау және мониторинг; ақпараттық қамтамасыз ету; өндірістік емес төлемдер; өндіріп алу; жанама салықтар; заңи тұлғалардың, жеке тұлғалардың, дара кәсіпкерлердің салықтық есептемесін қабылдау және өңдеу; салықтық тіркеу; ұйымдық-кадрлық жұмыс және құжат айналымы бөлімдерін кіріктіреді.

Басқарудың бұл буынында бөлімдер мен секторлар атауларының да түрленуі мүмкін: салықтық әкімшілік ету, ұйымдық-құқықтық жұмыс және өндіріп алу және т.б. бөлімі. Бөлімдер бас мамандар, жетекші мамандар мен мамандар жұмыс істейтін секторларды біріктіруі мүмкін. Елімізде республикалық бюджеттің атқарылуын сыртқы бақылаумен байланысты мәселелермен Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті айналысады, ол президентке тікелей бағынатын және есеп беретін республикалық бюджеттің атқарылуын сыртқы бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган болып табылады. Есеп комитетінің құқықтық жағдайы Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен, Қазақстан Республикасы президентінің актілерімен, сондай-ақ осы комитет туралы қағидамен де айқындалған.

Қорытындылай келе, біздің ойымызша, қаржылар саласындағы басқару дегеніміз – қаржылық қызметті жүзеге асырушы субъектілердің жүріс-тұрысына мемлекеттік уәкілетті органдар тигізетін ұйымдастырушылық ықпалы, екіншіден, қаржыларды басқару мемлекет меншігіндегі ақша қаражаттарын тиісті бағыттарға бөлу, жұмсау болып табылады. Бұл жерде басқарушының өктем өкілеттілігі оның меншік жөніндегі өкілеттілігіне, яғни шаруашылықты жүргізу құқығына байланысты туындайды. Үшіншіден, қаржылар саласындағы басқару деп мемлекет атынан немесе мемлекеттің тапсыруымен және мемлекеттің мүддесін көздей отырып өз атынан мемлекеттің қаржылық қызметін жүзеге асыратын мемлекеттік уәкілетті органдар жүйесін айтамыз.

### 3.2. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың құқықтық мәселелері

Әлемдік озық тәжірибені ескере отырып, қаржылық бақылаудың қазіргі және тиімді жүйесін қалыптастыруға бағытталған жан-жақты шаралар қабылдау қажеттігі туралы да дүркін-дүркін сөз болып келеді. Мұны қаржы саласындағы нақ осы бақылау қызметінің нарықтық қатынастар жағдайында мемлекеттік қаржы ресурстарын тиімді басқару үдерісін қамтамасыз етуге тиіс неғұрлым пәрменді тетіктердің бірі болып табылатынымен түсіндіруге болады. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері республикамызда нарықтық экономика талаптарына сай келетін мемлекеттік қаржы бақылау жүйесін құру жөнінде жүйелі жұмыс жүргізілуде. Осы орайда, біршама тәжірибе жинақталды, алайда бірқатар кемшіліктерге де жол берілді. Сондықтан қазіргі уақытта мемлекеттік қаржы бақылау органдары қызметінің тиімділігін арттыруға, олардың ойдағыдай жұмыс істеуінің құқықтық және әдістемелік негіздерін нығайтып, одан әрі жетілдіре түсуге байланысты бірқатар мәселелер біздің алдымызда тұр.

«Мемлекеттік қаржылық бақылау деп мемлекеттік органдардың, қаржылық қызметке қатысушыларды олардың қаржылық міндеттемелерін орындауын тексеру әрекеттері ретінде анықтауға болады».

Қаржылық бақылау әр түрлі негіздерге байланысты бөлінеді:

Біріншіден, өткізілетін уақыты бойынша: алдын ала, ағымдағы және кейінгі қаржылық бақылау.

Екіншіден, қаржылық қатынас субъектілерінің бастамасы бойынша міндетті және ерікті қаржылық бақылау.

Үшіншіден, қаржылық бақылауды жүргізетін органдарға байланысты мемлекеттік, ішкі шаруашылық және аудиторлық.

Бұл ретте саны көп тексерушілердің жұмысында белгілі бір мүдделердің қақтығысы бар екенін жоққа шығаруға болмайды, өкінішке қарай, мұны бәрі бірдей көрсе де көрмегенсіп, жанай өткенді қалайды. Бұл неге байланысты деген мәселеге келетін болсақ, үкіметтің бюджет қаражаттарын өзі бөлетіндігімен және олардың жұмсалуды да Қаржы министрлігінің Қаржылық бақылау және мемлекеттік сатып алу комитетінің атынан өзі бақылайтындығымен байланысты екенін айтуға тиіспіз. Сыртқы және ішкі бақылауды жүзеге асыру жөніндегі өкілеттіктерді заңнамалық бөлудің әлсіздігі салдарынан жұмыс барысында бірінбірі қайталау элементтері орын алып отыр. Атап айтқанда, Қаржы бақылау комитеті заң бойынша ішкі бақылау қызметі бола отырып, іс жүзінде жергілікті бюджеттердің орындалуының ішкі бақылауын да жүзеге асырады, сөйтіп, мәслихаттардың тексеру комиссияларының функцияларын алмастырумен айналысады.

Оның үстіне бүгінде мемлекеттік қаржы бақылау органдарында қалыптасып отырған штаттық құрылымы мен саны да бір-біріне бара-бар емес. Мәселен, Есеп комитеті қызметкерлерінің саны 70 адамды, яғни барлық бақылаушы қызметкерлер санының 4,7 пайызын құрайды. Барлық деңгейдегі мәслихаттардың тексеру комиссиялары мүшелерінің саны – 287 адам (19,3 %). Қаржылық бақылау комитетінде – 1051 адам (70,8 %), орталық мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметінде – 77 адам (5,2 %). Міне, сыртқы және ішкі бақылау органдарында қызмет істейтіндер санының нақ осылайша қалыптасуы ішкі бақылаудың заңнамамен өзіне берілген өкілеттіктерді толыққанды жүзеге асыруына мүмкіндік бермей келеді.

Мына бір фактінің өзі назар аударуға тұрады. Тек қана 2005 жылдың өзінде қаржы бақылау органдары бетін ашқан заң

бұзушылықтар саны 2004 жылмен салыстырғанда үш еседен астам дерлік, яғни 28,7 миллиард теңгеден 87,2 миллиард теңгеге дейін ұлғайды. Ал осы орайда Қаржы министрлігінің Қаржы бақылау және мемлекеттік сатып алу комитеті саны жағынан ең ірі мемлекеттік бақылау органдарының бірі бола тұра, Есеп комитетіне қарағанда заң бұзушылықтарды 1,7 есе кем ашты.

Жоғары қаржы бақылау органдарының халықаралық ұйымына (ЖҚБОХҰ) мүше елдердің тәжірибесін зерделеу мемлекеттік қаржы бақылаудың олардың басым көпшілігінде сыртқы және ішкі болып бөлінетінін көрсетіп отыр. Халықаралық тәжірибеде бюджеттік үдерісті сыртқы қаржылық бақылау құзыретіне кіретін мемлекеттік органды белгілеу үшін қаржылық бақылаудың жоғары органы (ҚБЖО) деген бір ізге түсірілген атау пайдаланылады. ҚБЖО-ның қызметі кейбір елдерде арнайы заңнамамен, тіпті, конституциялық заңдармен реттеледі. Көптеген дамыған елдерде мемлекеттік қаражаттарды жұмсау аудитімен қатар, кірістерді есептеу, жинау және жұмсаудың барлық аспектілерінің аудиті де жүзеге асырылады. Бұл орайда олардың бюджетке қосылған-қосылмағанына қарамастан мемлекеттің барлық кірістері мен шығыстары аудиттік тексеруге жатады.

Мемлекет басшысы ең озық әлемдік тәжірибеге сүйенген мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құрудың қажеттігін атап көрсеткен еді. Мемлекеттік қаржылық бақылау – бюджет үдерісін бақылап отыратын тетік қана емес, сонымен бірге экономиканың жай-күйіне мониторинг жүргізу, яғни бөлінген қаражатты мемлекеттің қалай пайдаланып жатқанын бағалауға бағытталған іс-шаралар кешені. Өкінішке орай, Есеп комитеті қаржылық бұзушылықтардың жылдан-жылға артып келе жатқандығын атап өтуге мәжбүр. Бұл бұзушылықтар көп жағдайда мемлекеттік қаржылық бақылау саласында кездесетін елеулі кемшіліктер мен заңнамалық олқылықтарға байланысты екенін айта кету керек. Сондықтан мемлекет басшысы қойған міндеттерді тиімді орындау үшін мемлекеттік қаржылық бақылаудың тетіктерін де жаңғырту қажет.

Мәселен, «2013 жылдың бірінші жартыжылдығына бекітілген жоспарға сәйкес, Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясымен 15 бақылау іс-шарасы өткізілді, ол өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 2,4 есеге артты. Ағымдағы жылдың

бірінші жарты жылдығында бақылау шарасымен 68 705,8 млн теңге сомасында бюджет қаражатын қамтитын 73 бақылау объектісінде бақылау іс-шаралары өткізілді. Бұл ретте бақылаумен қамтылған қаражаттың қомақты бөлігі Астана қаласын дамыту мақсатына арналған, нақты 22 853,7 млн теңге сомасында.

Нәтижесінде анықталған бұзушылықтар сомасының жалпы көлемі 12 509,7 млн теңгені құрады, ол бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлемінің 18,2 %-ын құрайды. Өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда анықталған бұзушылықтар көлемі 51 % өскенін атап өту керек. Бұзушылықтардың негізгі бөлігін 74,9 % көлемінде бюджет қаражатының шығыстары алып отыр. Аталған бұзушылықтар бюджет қаражатын алушы болып табылатын мемлекеттік органдарға, сондай-ақ барлық бақылау нысандарына да тән. Бұл ретте бюджетке өтелуге тиісті соманың көлемі 281,6 млн теңге, ал 1 905,0 млн теңге сомасындағы қаражаттар қалпына келтірілуге тиісті».

Мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесінің мемлекеттік аудитке көшуі Есеп комитетіне өз қызметін озық халықаралық стандарттарға сай, әлдеқайда тиімді әрі сапалы жүзеге асыруға мүмкіндік беретін болады. Мемлекет басшысының ең озық әлемдік тәжірибеге негізделген мемлекеттік аудиттің кешенді жүйесін құру жөніндегі тапсырмаларын іске асыру мақсатында елімізде Мемлекеттік аудитті енгізу тұжырымдамасы қабылданды. Аталған тұжырымдаманың мақсаты – қолданыстағы мемлекеттік қаржылық бақылау жүйесін реформалаудың негізгі бағыттарын және мемлекеттік аудитті енгізуге тұжырымдамалық ұстанымдарды айқындау болып табылады.

Тұжырымдамаға сәйкес мемлекеттік аудитті енгізу кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын болады. Бірінші кезеңі – 2013-2014 жылдарға, екінші кезеңі 2015-2017 жылдарға есептелген.

Біздің еліміздің жоғары қаржы бақылау органының тәуелсіздігін күшейту тиіс. Осы мақсатпен таяудағы уақыттың өзінде Есеп комитетінің функциялық, ұйымдастырушылық және қаржылық тәуелсіздігін қамтамасыз ету орынды болады деп ойлаймыз, бұл – құқықтық және демократиялық мемлекеттің басты қағидаларының бірі.

Қаржылық бақылау – қаржы жүйесінің барлық буындарының ресурстарын жасау, бөлу және оларды пайдаланудың негіз-

ділігін тексеруге бағытталған айрықша қызмет. Қаржылық бақылау – қаржыны басқарудың функциялық элементтерінің бірі. Ол басқарудың қаржылық жоспарлау, қаржыны оперативті басқару сияқты басқа элементтерімен тығыз байланысты және бір мезгілде жүзеге асырылады.

Қаржылық бақылаудың болуы экономикалық категория ретінде қаржыға бақылау функциясының тән болуымен объективті түрде шарттастырылған. Бұл функция арқылы қаржы бөлудің қалыптасып отырған үйлесімі, қорлардың ара салмағы, оларды қалыптастырудың көздері, пайдаланылуы туралы ескертіп отырады. Қаржының бақылау функциясы – материалдық игіліктерді өндіру, айырбастау, бөлу және тұтыну үдерісіне қоғам, ең алдымен, мемлекет тарапынан ықпал жасауға мүмкіндік береді. Бірақ бұл мүмкіндік тек қоғамдық қатынастарда ғана адамдардың қатысуымен, мынадай белгілі бір шарттардың кезінде: бақылаудың айрықша органдарын құрғанда; оларды білікті мамандармен толықтырғанда; бұл органдардың құқықтарын реттегенде шындыққа айналады.

Сөйтіп, бақылау функциясы қаржыны бақылаудың құралы ретінде пайдалану үшін объективті жағдай жасайды, ал оны саналы түрде қолдану қоғамдық өндірісте қаржының іс-әрекет ету барысында жүзеге асырылады. Егер қаржы экономикалық базистік қатынастарды, яғни өндірістік қатынастардың бір бөлігін білдірсе, қаржыны басқару элементтерінің бірі ретіндегі қаржылық бақылау қондырмалық категория болып табылады. Практикада қаржының бақылау функциясы қаржылық бақылау нысанында жүзеге асырылады, бірақ бұл ұғымдарды бірдей деуге болмайды.

Бақылау функциясы – қаржының ішкі қасиеті, ал қаржылық бақылау қаржыға тән объективті мазмұн ретіндегі бақылау функциясын практикалық қолдану болып табылады. Ғылыми негізделген қаржы саясатын, тиімді қаржы механизмін қалыптастыруға жәрдемдесу қаржылық бақылаудың мақсаты болып табылады. Қаржылық бақылаудың көмегімен қаржы жоспарларының орындалуы, қаржы-шаруашылық қызметінің ұйымдастырылуы тексеріледі. Басқа жағынан, қаржылық бақылаудың нәтижелігі қаржылық жоспарлауда, оперативті басқаруда пайдаланылады.

Қаржылық бақылаудың өзгешелігі – оның ақша нысанында жүзеге асырылатындығында.

Қаржылық бақылау мыналарды тексереді: экономикалық заңдар талабының сақталуы; жалпы қоғамдық өнім мен ұлттық табыстың құнын бөлу және қайта бөлу үйлесімдерінің оңтайлылығы; бюджетті жасау және оның атқарылуы (бюджеттік бақылау); шаруашылық жүргізуші субъектілердің, мемлекеттік мекемелердің, қоғамдық ұйымдар мен қорлардың, басқа заңды тұлғалардың еңбек, материал және қаржы ресурстарының қаржылық жай-күйі және оларды тиімді пайдалану. Қаржылық бақылау сонымен қатар салықтық бақылауды да біріктіреді.

Қаржылық бақылаудың іс-әрекетінің сферасы бақылаудың басқа түрлерімен: әкімшілік, құқықтық, әлеуметтік, техникалық, саяси бақылаумен жиі тура келуі мүмкін. Шаруашылық ұйымдардың қаржы жағы шаруашылық қызметпен тығыз байланысты болатындықтан қаржылық бақылауды шаруашылық бақылаудан бөліп алу қиынға түседі, ал кейде мүмкін болмайды, өйткені қаржы операцияларының көбінде шаруашылық қызметтің басқа процестері қамтып көрсетіледі.

Қаржылық бақылаудың функциялары:

1) қаражаттардың жұмсалуды тексеру (шығыстардың сұралған сомаларға сәйкестігі және мемлекет қаражаттарының тиімділігі);

2) қаржы жүйесінің барлық буындары бойынша мемлекеттік ресурстарға қаражаттарды жұмылдырудың уақыттылығы мен толымдылығын тексеру;

3) есеп және есептеме қағидаларының сақталуын тексеру.

Бақылауды жүзеге асырудың негізгі қағидаттары:

1) бақылаудың реттілігі, әмбебаптылығы;

2) бақылаудың превентивтілігі, яғни оның алдын алу сипаты;

3) әрекеттілік, нақтылық, жариялылық, бұларға бақылау жұмысын дұрыс ұйымдастырғанда, негізделген әдістерді қолданғанда, істі ұқыпты зерделегенде, нақты ұсыныстар енгізгенде ғана жетуге болады;

4) бақылаудың алаламаушылығы (біреуге тартпаушылық);

5) бақылау органдары қызметкерлерінің тәуелсіздігі.

Қаржылық тәртіп – бұл белгіленген ұйғарымдардың және мемлекеттің, оның шаруашылық жүргізуші субъектілерінің ақ-

ша қорларын жасаудың, бөлудің және пайдаланудың тәртібін айқын сақтау.

Қаржылық бақылаудың міндеттерін, олардың түрлерін, нысандары мен әдістерін, субъектілері мен объектілерін бақылауды жүзеге асырудың деңгейіне қарай қарастырған жөн, яғни ол микро немесе макродеңгейде жүргізіледі.

Шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметі бұл деңгейде бақылаудың объектісі, ал қаржылық көрсеткіштер (табыс, пайда, өзіндік құн, аударымдар, салықтар және басқалар) оның пәні болып табылады. Қаржылық бақылауды кәсіпорындардың экономикалық қызметін оның жеке мамандары жүзеге асырады. Бұл мақсатқа тәуелсіз аудиторлық ұйымдар да тартылады.

Кейінгі (келесі) қаржылық бақылау қаржы операцияларын жасағаннан кейін (бюджеттің кірісі мен шығыс бөліктерінің орындалуынан, шаруашылық органдардың ақшаны пайдаланғаннан кейін және т.б.) жүргізілетін бақылау және алдын ала бақылау мен ағымдағы бақылау кезінде анықталмаған бұзушылықтарды ашуға жетелейді.

Қаржылық бақылаудың сыныптамасы субъектілердегі айырмашылықтарға, бақылау іс-қимылдарын жүргізудің уақытына, бақылауды жүргізудің тәсілдеріне (әдістеріне) негізделген. Осы белгілерге қарай, қаржылық бақылау үш бағыт бойынша: түрлері, нысандары, оны жүзеге асырудың әдістері бойынша жіктеледі.

Қазақстан Республикасының қазіргі қаржылық бақылау жүйесі оны жүзеге асыратын субъектілерге (бақылауды жүзеге асыратын органдарға немесе ұйымдарға) қарай мемлекеттік, қоғамдық және аудиторлық бақылау болып ажыратылады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау объектілері – Қазақстан Республикасының үкімет, жергілікті атқарушы органдар, бюджетке түсетін түсімдерді алуға және бақылауға жауапты мемлекеттік органдар, республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер, олардың ведомстволық бағыныштағы ұйымдары, бюджет қаражаттарын алушылар, мемлекеттің гранттарын, активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті және ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті орган.

Мемлекеттік қаржылық бақылау мынадай типтерге бөлінеді:

1) сәйкестікке бақылау жасау – мемлекеттік қаржылық бақылау объектісі қызметінің Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына сәйкестігін бағалау;

2) қаржылық есептемені бақылау – мемлекеттік қаржылық бақылау объектісінің қаржылық есептемені жасауының және табыс етуінің анықтығын, негізділігін және уақыттылығын бағалау;

3) тиімділікті бақылау – мемлекеттік қаржылық бақылау объектісінің республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаттарын, мемлекет активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды, мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстарды, көрсетілген қызметтерді) өткізуінен түскен ақшаны үнемділікпен, нәтижелілікпен және өнімділікпен пайдалануын тексеру мен бағалау.

Мемлекеттік қаржылық бақылау мынадай түрлерде жүзеге асырылады:

1) кешенді бақылау – мемлекеттік қаржылық бақылау объектісінің нақты кезеңдегі қызметін жаппай әдіспен тексеру және бағалау;

2) тақырыптық бақылау – мемлекеттік қаржылық бақылау объектісінің нақты кезеңдегі қызметін жекелеген мәселелер бойынша жаппай әдіспен тексеру және бағалау;

3) үстеме бақылау – мемлекеттік қаржылық бақылау объектісіне қатысты ақпарат алу қажеттігіне байланысты үшінші тұлғаларды бақылау, ол операциялардың бірдейлігіне қарай бір-бірімен өзара байланысты құжаттарды салыстырып қарауды білдіреді. Үстеме бақылау тек қана мемлекеттік қаржылық бақылаудың негізгі объектісімен өзара қатынастар мәселелері бойынша және тексеріліп отырған мәселе шеңберінде жүргізіледі.

Мемлекеттік қаржылық бақылауды жүргізу құпиялылық режимін қамтамасыз ету ескеріле отырып, тәуелсіздік, объективтілік, анықтық, ашықтық, құзырлылық, жариялылық қағидаттары міндетті түрде сақталып жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қаржылық бақылауға қойылатын бірыңғай талаптар мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарымен айқындалады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарын мемлекеттік қаржылық бақылау органдары, мәслихаттардың тексеру комиссиялары, ішкі бақылау қызметтері, олардың қызметкерлері мен мүшелері орындауға міндетті.

Бақылау нәтижелері бойынша мынадай актілер қабылданады:

1. Қорытынды – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің және мәслихаттың тексеру комиссиясының бақылау актілері негізінде жасайтын құжаты.

2. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің қаулысы – Республикалық бюджеттің атқарылуы жөніндегі есеп комитетінің отырысында алқалы негізінде қабылданатын және оның бақылау нәтижелері бойынша барлық актілерінің қолданылуын растайтын құжат. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің қаулысын ол арналған барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар мен лауазымды адамдар орындауға міндетті. Қаулыны қабылдаудың тәртібі Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің қағидасымен және оның регламентімен айқындалады.

3. Мәслихаттың тексеру комиссиясының қаулысы – белгіленген тәртіппен қабылданған және тиісті жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын барлық атқарушы органдар мен тиісті жергілікті бюджеттер қаражаттарын пайдаланатын немесе жергілікті бюджеттер қаражаттарын игерудің барлық сатысында қаржылық қызмет көрсететін ұйымдар орындауға міндетті құжат.

4. Ұсыным – Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мемлекеттік органдарға, ұйымдар мен лауазымды адамдарға жұмыстағы кемшіліктерді жою үшін, сондай-ақ құқық қорғау органдарына Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылыққа тарту мәселелері бойынша жіберетін құжаты.

5. Нұсқама – ішкі бақылау жөніндегі орталық уәкілетті органның басшысы өз құзыры шегінде қабылдаған және бұзушы-

лықтар мен жұмыстағы кемшіліктерді жою туралы мемлекеттік органдар мен басқа да ұйымдардың лауазымды адамдарына міндетті түрде басқа да ұйымдардың лауазымды адамдарына міндетті түрде орындау үшін жіберілген белгіленген нысандағы құжат.

6. Бақылау актісі – мемлекеттік қаржылық бақылау органдары, мәслихаттардың тексеру комиссиялары, ішкі бақылау қызметінің бақылау нәтижелері бойынша жасалған құжат.

7. Бақылау жүргізу туралы есеп – белгілі бір уақыт кезеңі ішіндегі бақылау бойынша жүргізілген жұмыс нәтижелері туралы құжат.

Сыртқы бақылауды республикалық деңгейде Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті, жергілікті деңгейде мәслихаттардың тексеру комиссиялары жүзеге асырады.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Қазақстан Республикасының президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік қаржылық бақылаудың жоғарғы органы болып табылады. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті туралы қағиданы Қазақстан Республикасының президенті бекітеді.

Мемлекеттік қаржылық бақылау жалпымемлекеттік және ведомстволық бақылау арқылы жүзеге асырылады.

Жалпы мемлекеттік қаржылық бақылау ведомстволық бағыныштылығы мен меншік нысанына қарамастан бақылаудың кез келген объектісіне қолданылады. Бақылаудың бұл түрін мемлекеттік билік пен басқару органдары жүргізіледі.

Мемлекеттік қаржылар жүйесінде бақылау салықтық, бюджеттік бақылау, сақтық және банктік қадағалау, кедендік бақылау және т.б. болып ажыратылады.

Салықтық бақылау салық заңнамасының атқарылуы, бюджетке салық және басқа төлемдердің, жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарының толық және дер кезінде аударылуын қамтамасыз етеді. Салықтық бақылаумен меншік нысандарына қарамастан барлық шаруашылық жүргізуші субъектілер, сондай-ақ табыс табатын азаматтар қамтылған.

Бюджеттік бақылау тексерістік және таңдамалық қызметтің мынандай түрлерін кіріктіреді:

1) елдің негізгі қаржы жоспарының – мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстары бойынша орындалуын бақылау;

2) қаржылық ақпаратты, соның ішінде салықтық бақылаудың нәтижесін жинау, бұл ақпаратты талдау және бюджетке қаржы ресурстарын қосымша тарту жөніндегі ұсыныстар жасау;

3) шығындардың белгіленген нормалары мен нормативтерін бақылау арқылы мемлекеттік бюджет қаражаттарын тиімді, ұтымды жұмсалуын қамтамасыз ету;

4) өндірістік емес, мақсатсыз шығындарды, иесіздікті, ысыраптар мен ұрлықтарды жою және одан сақтандыру.

Бюджеттік бақылау бюджеттен қаржыланатын мемлекеттік кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда, сондай-ақ мемлекеттік емес сектордың жұмыс істейтін, қызмет көрсететін, шаралар жүргізетін кәсіпорындарында жүзеге асырылады.

Банктік қадағалау кредит ресурстарын қалыптастыру және олардың қозғалысы барысында, күрделі құрылыс үдерісінде, кәсіпорындардың кассалық тәртіпті сақтауын тексеру кезінде, қолма-қол ақшасыз есеп айырысқанда және басқа жағдайларда жүргізіледі. Банктік қадағалаумен, бақылаумен кредит-есеп-қисап қатынастарына қатысты барлық шаруашылық субъектілер қамтылған.

Сақтандыру сферасындағы қаржылық бақылау, қадағалау сақтық қорлар қаражаттарының дер кезінде, толық қалыптасуын, мақсатты жұмсалуын, сақтық операцияларының дұрыс жүргізілуін, сақтандыру туралы заңманың талаптарын сақтық қатынастарға қатынасушылардың барлығының орындауын жүзеге асырады.

Кеден органдары тауарлар мен көлік құралдарын, оларды есепке алуды кедендік рәсімдеу кезінде де, сондай-ақ кедендік тексермеде де құжаттар мен мәліметтерді тексеру нысанында кедендік бақылауды жүргізеді; олардың тауарлар мен көлік құралдарын кеден шекарасы арқылы орналастыратын субъектілердің қаржы және сыртқы экономикалық қызметін тексеруді белгілеуге немесе жүргізуге құқы бар.

Барлық өкілетті органдар қаржылық бақылауды тиісті бюджеттің жобасын және оның атқарылуы туралы есепті жыл сайын сессияларда қараған кезде жүзеге асырады. Өкілетті органдардың жоспар-бюджет және салалық тұрақты комиссиялары ма-

ңызды бақылау функцияларын орындайды, олар алдын ала, сессияға дейін бюджеттің жобасы мен оның атқарылуы туралы есепті қарайды.

Үкімет, жергілікті әкімшіліктің аппараты оларға қарасты органдардың бақылаушылық, соның ішінде қаржы-кредиттік қызметін ғана бағалап қоймайды, сонымен бірге өздері де тікелей қаржылық бақылауды жүзеге асырады. Республика үкіметі мемлекеттің бюджеттің жасалуы мен атқарылуын бақылап отырады, мемлекеттің қаржылық саясатын жүзеге асырады. Өздерінің өкілеттіліктеріне қарай бақылау функцияларын жергілікті жердегі атқарушы органдары орындайды.

Ведомстволық қаржылық бақылау жеке министрліктің, ведомствоның өкілдіктері шегінде олардың жүйесіне кіретін шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметіне жүргізіледі. Оның негізгі міндеттері – жоспарлы тапсырмалардың орындалуын, материал және қаржы ресурстарын үнемді пайдалануын, меншіктің сақталымдылығын, бухгалтерлік есептің дұрыс қойылуын, бақылау-тексеріс жұмысының мән-жайын бақылау, қарызсыздық, ысырапқорлық фактілерін бұлтартпау.

Ведомстволық бақылау шеңберінде ішкі шаруашылықтық бақылау, яғни нақтылы шаруашылық жүргізуші субъектілерде (фирмаларда, компанияларда, ұйымдар мен мекемелерде) жүзеге асырылатын бақылау жүргізіледі. Бақылау функциялары бұл жағдайда қаржы-шаруашылық қызметінің қажетті шарты ретіндегі оның күн сайынғы үдерісімен байланысты. Бақылаудың бұл түрі өндірістің бастапқы буындарының өндірістік капиталды, қаржы ресурстарын тиімді пайдалануға жауаптылығын арттыруға жәрдемдеседі, ысыраптарды, қаржы тәртібінің әр түрлі бұзылуларын азайтуға бағытталған.

Ішкі шаруашылықтық бақылаудың мақсаты есеп саясатын да қоса алғанда субъектінің экономикалық саясатының сақталуына сарапшылық баға беру, оның барлық құрылымдары жүзеге асырып келген ішкі бақылаудың жұмысына баға беру болып табылады. Таза бақылау сипатындағы міндеттерден өзге ішкі шаруашылықтық диагностика, маркетингтік зерттеулер, басқарушылық кеңестер міндеттерін және басқаларын шешеді.

Нарықтық қатынастар жағдайында ішкі шаруашылықтық бақылау оның бұрынғы ұғымындағы өзінің мағынасын жоғал-

тып барады: оның орнын мемлекеттік кәсіпорындарда шаруашылық есеп ынталандырмалы және меншіктің басқа нысандарының кәсіпорындарында коммерциялық ынталандырмалар басуы тиіс. Шаруашылық есеп, коммерциялық есеп әр түрлі бұзулардан сақтануға көбірек кепілдік береді, өйткені жетістіктердегі қызметкердің, кәсіпкердің жеке ынталылығы өзін-өзі бақылаудың қажеттігін керек қылмайды.

Қоғамдық қаржылық бақылау – бұл түрлі қоғамдық ұйымдардың бақылауы. Бақылаудың объектісі тексерушілер алдына қойылған нақтылы міндеттерге байланысты болады.

Аудиторлық бақылау – ведомстводан тыс тәуелсіз қаржылық бақылау. Оны біліктілік комиссиясы аттестаттаған «аудитор біліктілігінің берілуі» туралы куәлік алған жеке тұлға да, сондай-ақ үлгідегі акционерлік қоғамды, өндірістік кооператив пен мемлекеттік кәсіпорынды қоспағанда аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін кез келген ұйымдық-құқықтық нысанда құрылған коммерциялық аудиторлық ұйым да жүргізе алады.

Шетелдік аудиторлық ұйымдар Қазақстан Республикасында аудиторлық қызметті тиісті аудиторлық ұйымдарды – Қазақстан Республикасының резиденттерін құрған жағдайда ғана жүзеге асыра алады.

Жүргізу нысандары мен уақытына қарай қаржылық бақылау алдын ала бақылау, ағымдағы және кейінгі бақылау болып бөлінеді. Бақылаудың мұндай нысандары бақылаушы органдардың көбісінің қызметіне тән.

Қаржылық алдын ала бақылау ақша қорларын жасау, бөлу және пайдалану жөніндегі операциялар істелінгенге дейін жүргізіледі, сондықтан оның қаржылық тәртіпті бұзуды алдын ала ескертуде зор маңызы бар. Бұл жағдайда бекітуге және орындауға жататын қаржы қызметін жүзеге асырудың негізі болып табылатын құжаттар – бюджеттердің, қаржы жоспарлары мен сметалардың жобалары, кредит және касса өтінімдері және т.б. тексеріледі.

Ағымдағы қаржылық бақылау қаржы жоспарларының атқарылу үдерісінде, шаруашылық-қаржы операцияларын жүзеге асыру барысында тауар-материал құндылықтары мен ақшаны жұмсаудың нормалары мен нормативтерінің сақталуын қадағалайды, қаражаттарды жіберу шығындарының орындалуына,

бұрын берілген ресурстардың пайдалануына сай келуін тексереді. Сөйтіп, бұл бақылау шаруашылық-қаржы операцияларының жасалу үдерісінде жүзеге асырылады.

Қаржылық бақылау әр түрлі әдістермен (тәсілдермен немесе амалдармен, оны жүзеге асырудың құралдарымен) жүргізіледі. Нақтылы әдісті қолдану қаржылық бақылауды жүзеге асырушы органдар қызметі нысандарының ерекшеліктері, бақылаудың объектісі мен мақсаты, бақылау іс-қимылының пайда болуының негізі сияқты бірқатар факторларға байланысты болады.

Қазіргі кезде қаржылық бақылаудың мынадай әдістері пайдаланылады:

- 1) тексеріс (барлық құжаттар бойынша барлық бөлімшелердің қызметін тексеру);
- 2) инспекция (кәсіпорынның қаржылық жай-күйін орнында дүркіндік тексеру);
- 3) қадағалау (кәсіпорынның қаржы-қаражаттың жай-күйімен жалпы танысу);
- 4) тексеру (құжаттаманы, есепке алуды және есептемені шоттық тексеру);
- 5) қарап шығу;
- 6) қаржы жоспарларының жобалары;
- 7) өтінімдері;
- 8) қаржы-шаруашылық қызметі туралы есептерді қарау;
- 9) баяндамаларды тыңдау;
- 10) лауазымды адамдардың ақпараттары және басқалары.

Бұл әдістердің әрқайсысы аралық міндеттерді шешуге жағдай жасайтын тым көп жекеленген әдістерге бөлінеді. Мысалы, құжаттық тексерісте құжаттарды ыңғайласпа тексеру, ақша қаражаттары мен материалдық құндылықтарды түгендеу, сандық есепке алуды қалпына келтіру, бақылау мақсатында салыстыру және басқалары.

Аталған жалпы әдістер түрлі объектілерге бақылау жүргізудің әдістемелерінде, ережелерінде нақтыланады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары өзінің жұмысын жоспарлау бойынша жүргізеді. Жоспарлар тексерулер мен тексерістердің белгіленген мезгілін ескере отырып құрылады. Жоспарларда бақылаудың объектілері, тексерудің немесе тексерістің тақырыбы, бастау мен аяқтаудың уақыты, атқарушы-

лардың саны мен олардың құрамы және тағы басқалары белгіленеді. Аудит органдары өзінің жұмысын келісімшарттар негізінде жүргізеді.

Алдын ала және ағымдағы бақылауды жүзеге асырудың негізгі әдісі көзбен шолып тексеру болып табылады. Мұндай тексерулерге актілер, анықтамалар жасалынбайды. Бүкіл іс тыйым салу және тоқтату туралы жазбаша немесе ауызша жарлық, бұйрық беруге саяды.

Кейінгі қаржылық бақылау бірнеше әдіспен жүзеге асырылады. Оларға жататындары: тексеру, экономикалық талдау және тексеріс ревизия.

Шоттық тексеру – бұл бухгалтерлік есептердің, баланстардың, салық есеп-қисаптарының ақиқаттығын тексеру.

Тақырыптық тексеру – бұл бақылауға жататын объектінің шаруашылық-қаржы жұмысының жеке жақтары мен учаскелерін зерделеу, мысалы, жалақыдан ұстап қалудың дұрыстығын тексеру; шығындарды өнімнің өзіндік құнына жатқызудың дұрыстығын тексеру және тағы басқалары.

Экономикалық талдау – бұл объектінің шаруашылық-қаржы қызметіне баға беру; қызметтің түрлі нәтижелерін анықтау және осының негізінде экономикалық жағдайды жақсартудың жолдары мен факторларын негіздеу. Экономикалық талдауды шаруашылық органдардың өздері де, сонымен бірге бақылаудың сыртқы органдары – банктер, қаржы, аудит фирмалары да жүргізеді.

Тексерулер мен қарап шығуды бақылау органдары шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің белгілі бір мәселелері бойынша немесе жұмыс орнында қаржылық қызметтің жеке жағымен учаскесімен танысу жолымен бір мәселе тақырып бойынша жүргізеді. Сондықтан тексерулер негізінен тақырыптық болып келеді.

Қаржылық бақылаудың негізгі әдісі – тексеріс – кейінгі келесі бақылаудың кешенді әдісі және өткен белгілі бір кезеңдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржы-шаруашылық қызметінің барлық жақтары мен учаскелерін мұқият зерделеу, терең тексеру, оны неғұрлым толық қарап шығу. Тексерісті әр түрлі органдар жүргізеді. Тексеріс бұл органдардың жоспары бойынша да сондай-ақ басқа құзырлы органдар – жоғарғы, тергеу органдарының нұсқауы бойынша да жүргізілуі мүмкін.



Тексеру объектісі бойынша құжаттық, нақтылы, толық жаппай, іріктемелі ішінара тексеріс болып ажыратылады. Ұйымдық белгісі бойынша олар жоспарлы және жоспардан тыс, кешенді болуы мүмкін.

Құжаттық тексерісті жүргізген кезде есептер, сметалар ғана емес, сондай-ақ құжаттар, әсіресе бастапқы ақша құжаттары (шоттар, төлем тізімдемелері, ордерлер, чектер, бағалы қағаздар) тексеріледі.

Нақтылы тексеріс құжаттарды ғана емес, сонымен бірге қолда бар ақшаны, материалдық құндылықтарды да тексереді.

Толық тексеріс деп белгілі бір кезеңдегі шаруашылық жүргізуші субъектілердің бүкіл қызметін тексеруді айтады.

Іріктемелі тексеріс кезінде бақылау қаржы-шаруашылық қызметінің әйтеуір бір жағына (мысалы, іссапардың шығындарын, әр түрлі нысаналы шығындар мен шығыстарды тексеру) бағытталады.

Тақырыптық тексерістер бір үлгідегі бірнеше кәсіпорындарда, мекемелерде немесе бірнеше министрліктер мен ведомстволарда қаржы-шаруашылық қызметінің жеке мәселелері бойынша жүргізіледі. Олар сонымен бірге шаруашылық жүргізуші субъектілердің белгілі бір учаскелерінің мән-жайын тексеруге және бұл мәселе бойынша көлемді материал алуға, оны талдауға, тұжырым жасауға, жұмысты жақсарту жөнінде ұсыныстар әзірлеуге мүмкіндік береді.

Әрбір тексеріс пен тексеру мұқият әзірленуі тиіс, өйткені олардың сапасы осыған байланысты болады. Бұл үшін қажетті заңдарды, қаулыларды, жарлықтарды оқып-біліп, зерделейді; бұларға тексеріс пен тексерудің материалдарымен, анықталған бұзушылықты жоюдың нәтижелерімен танысады; ақпарат органдарының сын материалдарын, өндірістік қызметтердің ерекшеліктерін зерделейді және тағы басқалары.

Әзірлік жұмысының негізінде тексеріс немесе тексерудің бағдарламасы, оның негізінде тексеріс пен тексерудің жұмыс жоспары жасалады.

Тексеріс немесе тексеруді жүргізудің бүкіл үдерісі бірнеше кезеңдерден тұрады: өкілділіктерді көрсету; тексерілетін объектінің жауапты қызметкерлерімен ұйымдық кеңес өткізу; түгендеуді жүргізу; тексерілетін объектімен, оның қызметінің техно-

логиясымен жеке өзінің танысуы; шаруашылық қызметті алдын ала талдау; тікелей құжаттық тексеріс немесе тексеру; тексеріс немесе тексерудің материалдарын жүйеге келтіру; акт немесе анықтама жасау; ашылған кемшіліктердің жойылуын тексеру.

Тексеріс немесе тексеруді жүргізудің нәтижелігі көбінесе жасалынған актінің сапасына байланысты болады. Тексеріс актісі анықтамасы – бұл қаржы-шаруашылық қызметінде жіберілген бұзушылықтың жай тізбесі емес, бұл – тексерілетін объект жұмысының сапасы, заңдылығы, мақсаты, сәйкестігі туралы дұрыс түйіндердің жинағы болып табылатын құжат. Оның негізінде ашылған бұзушылықты жою мақсатында нақтылы ұсыныстар, ұйғарымдар жасалынады, кінәлі адамдарға шара қолданылады.

Сайып келгенде, мемлекеттік қаржылық бақылау (сыртқы және ішкі) – мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінің республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, олардың атқарылуы бойынша есепке алу мен есептемені жүргізу, олардың атқарылуын бағалау, мемлекеттің гранттарын, активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді) өткізуден түсетін өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану бөлігіндегі қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін тексеру болып табылады.

### 3.3. Қаржылық бақылаудың халықаралық тәжірибесі

Қаржылық бақылау – мемлекеттің қаржылық қызметінің бөлінбейтін құрамдас бөлігі, экономиканың және қаржылық жүйенің қалыпты қызмет етуінің қажетті шарты. Экономиканы басқарудың өзіндік қызметі бола отырып, бақылау басқарушылық циклдің маңызды кезеңі болады, онда басқарушылық объектіге әсер етудің нақты нәтижелері қабылданған шешімдер мен нормативтік жазбалардың талаптарымен салыстырылады, ал оларды бұзу анықталғанда осындай ауытқуларды жою бойынша қажетті шаралар қабылданады.

Әрбір мемлекет қаржылық қызметтің ұйымдастырылуы мен жүзеге асуына қатысты барлық талаптары нақты және мүлтіксіз

орындалатынына мүдделі. Бұл өз ұйымдары мен олардың құзырлы тұлғаларына да, сонымен қатар қаржылық қызмет аясындағы барлық басқа субъектілерге – жеке және заңды тұлғаларға да қатысты. Сонымен қоса мемлекет мемлекеттік ақшалар үнемді, ұтымды және тиімді жұмсалуына мүдделі. Әрбір мемлекет өз шығындарын азайтуға ұмтылуы керек, өйткені шығындар көп болған сайын кірістер көбірек талап етіледі, яғни салықтар, қарыздар, алымдар және т.б. көп болады. Бұл халықтың мойнына жатады.

Мемлекет әрқашан өз ақшаларын әр түрлі ұрлықтардан сақтауға, сонымен бірге паракорлық сияқты өзіне жағымсыз құбылысты болдырмауға ұмтылады.

Сондықтан қаржылық бақылаудың болуы экономикалық категория ретіндегі қаржыға тек үлестіру қызметі ғана емес бақылау қызметі де тән болуымен объективті түрде шартталады. Осыған байланысты мемлекеттің өз міндеттерін шешу үшін қаржыны қолдану олардың көмегімен осы міндеттерді орындау барысында бақылауды жүргізуді қажет етеді. Басқаша айтқанда, қаржылық бақылау мемлекеттің қаржылық қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Бұдан басқа ол бұл қызметті шола отырып, оның әрбір элементін қамтиды.

Қаржылық бақылаудың халықаралық тәжірибесіне келетін болсақ, әрбір елдің тарихи дәстүрлермен, әлеуметтік және экономикалық ерекшеліктермен шартталған мемлекеттік қаржылық бақылауды ұйымдастыруда белгілі бір ерекшеліктері бар.

1977 жылы қабылданған лимдік бақылауды басшылыққа алатын қағидалары, декларациясы, сонымен қатар жоғары бақылау органдары халықаралық ұйымдарының (INTOSAI) тиімді әрекеті арқасында барлығына бірдей жалпы және бірыңғай тәсілдерді жасауға, мемлекеттік басқару жүйесінде қаржылық бақылау органдарының ролін жоғарылатуға, ең жақсы тәжірибені кеңінен қолдануға мүмкіндік туды.

Барлық мемлекеттерде олардың құрылымындағы ерекшеліктеріне байланысты қаржылық бақылаудың өз жүйелері қалыптасқан.

Шетелдердегі бақылау ревизиялық жүйені ұйымдастыру мен оның қызметі көп жылдық халықаралық тәжірибеге сүйенетін жалпы қағидаларға негізделеді.

Мысалы, қандай да бір ірі бағдарламаны жүзеге асырғанда міндетті түрде бақылаудың жүйе іштері (подсистема) болады.

Барлық демократиялық елдердегі мемлекеттік қаржылық бақылаудың маңызды буыны болып заңдық үкімет жүйесі бойынша бақылау органы есептеледі.

Барлық елдерде мемлекеттік қаржыны жұмсауға парламенттік бақылаудың арнайы институттары бар.

Ресейде Ресей Федерациясының шоттық палатасы, АҚШ-та Конгрестің басты бюджеттік бақылау басқармасы, Ұлыбританияда Ұлттық бақылау ревизиялық басқармасы, Канадада Бас ревизор ведомствосы, Францияда Шоттар соты, Швецияда Ұлттық ревизиялық бюро және т.б.

Парламенттік бақылау институттарынан басқа көптеген елдерде орындаушы үкімет жүйесі бойынша бақылау, сонымен қатар мемлекет басшысы жанындағы қаржылық бақылау органдары әрекет етеді.

Ресейде – бұл министрліктер, ведомстволардағы бақылау ревизиялық қызметтер жүйесі. Оларға Ресей Қаржы министрлігінің Мемлекеттік қаржылық бақылау мен аудит департаменті, Ресей Қаржы министрлігінің федералдық қаржылық басқармасы, салықтар мен алымдар бойынша министрлік салық полициясының федералдық қызметі, Ресей Федерациясының мемлекеттік Кедендік комитеті, Валюталық және экспорттық бақылау бойынша федералдық комитет, Ресей банктік бақылау департаменті және салалық немесе ведомстволық қаржылық бақылауды жүзеге асыратын әр түрлі мемлекеттік органдар, Ресей Федерациясы президентінің Бас бақылау басқармасы (президенттік бақылау).

АҚШ-та бұл федералдық министрліктер мен ведомстводағы инспекторлық қызмет жүйесі, президент жанындағы әкімшілік-бюджеттік басқарма, үкіметтегі тиімділік пен адалдықтың президенттік кеңесі және т.б. бақылау органдары. Ұлыбританияда үкіметтік қаржылық бақылаудың орталық органдары – Үкімет жанындағы қоғамдық шоттар комитеті. Германияда федералдық қаржылық ведомстволар. Канадада Бас бақылаушы кеңсесі және т.б.

Дамыған елдерде парламенттік, президенттік және үкіметтік бақылау-ревизиялық жүйелері қатар және өзара тығыз байланысты қызмет етеді.

Мысалы, АҚШ-та ең ірі қаржылық бақылау органы – 1921 жылы құрылған Бас қаржылық бақылау басқармасы. Ол министрліктер мен ведомстволардың барлық қаржылық құжаттарын қарай алады. Конгресс палатасы мен комиссияның және олардың жеке мүшелерінің тапсырмалары бойынша мемлекеттік бағдарламалардың және федералдық ведомстволар әрекетінің нәтижелілігін бағалауды жүзеге асыра алады, өнімге бағалардың негізделгенділігін арнайы зерттеп тексере алады және Қорғаныс министрліктерінің келісімшарттарының қаржылық-экономикалық аспектілерін арнайы зерттеп тексере алады.

Екінші маңызды бақылаушы орган – АҚШ президентінің орындаушы басқармасының құрамына кіретін әкімшілік-бюджеттік басқарма.

Басқарманың негізгі қызметтеріне: қызметкерлеріне президентке қаржылық-экономикалық саясат бойынша ұсыныстар жасау, бюджет жобасын дайындау, оның орындалуын бақылау, орындаушы үкіметтің ұйымдастырушылық және басқарушылық құрылымдарының тиімділігін бағалау, федералдық бағдарламалардың жүзеге асыруын бақылау, министрліктер мен ведомстволар әрекеттерін шоғырландыру, конгресспен қабылданатын заң жобалары бойынша ұсыныстарды, орындаушы бұйрықтарды және президенттің басқа да нормативтік актілерін дайындау, президентке мемлекеттік мекемелерінің әрекеті туралы хабарлау, шоттардағы қабылданатын заңдылықтарға шолу жасау және т.б. жатады.

Францияда шоттық бақылайтын соттық инстанция болып табылады. Оның негізгі қызметі – бюджеттік қаржылық зиянкестікті анықтау және алдын алу. Жергілікті мемлекеттік мекемелердегі аймақтық бақылау аймақтық шоттық палаталарымен жүзеге асырылады. Бұл шоттық палаталардың шешімдері тек басты шоттық палатасымен қайта қарастырыла алады. Ол несиелердің, қорлардың және құндылықтардың дұрыс қолданылуын тексереді. Сонымен қатар әлеуметтік қамсыздандыру облысындағы әр түрлі мекемелердің, мемлекеттік кәсіпорын шоттарын, сонымен қатар мемлекеттің қаржылық көмегін қолданатын жеке заңды тұлғаларды бақылайды. Мемлекеттік бақылаудың басқа органы қаржы мен әкімшіліктің бас инспекциялары болып табылады. Оның негізгі қызметі – Ішкі істер

министрлігіне тәуелді қызметкерлерді, мекемелерді және органдарды жоғары бақылау.

Ұлыбританияда парламент тарапынан әрекет ететін бақылаушы бюджеттік-қаржылық ұйымның қызметтерін Ұлттық бақылау-ревизиялық басқарма атқарады.

Ал Корей Республикасында мемлекеттік бақылаудың бас органы болып республика президентіне бағынатын қаржылық бақылау мен инспекциялар ведомствосы табылады. Ведомствоның негізгі міндеті – республика министрліктері мен ведомстволарының және оларға бағынатын мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдардың қаржылық-шаруашылық қызметін бақылау.

Нидерландыда министрліктер, ведомстволар мен мемлекеттік ұйымдардың басқарушылары жанында аудиторлық комитеттер құрылып қойған. Олар ішкі бақылау қызметтері жұмыстарының жылдық жоспарын көрсетеді, тексерістер туралы есеп берулерді қарастырады, анықталған бұзушылықтарды түзету бойынша ұсыныстарды орындау мониторингін жүзеге асырады.

Бірқатар елдерде жалпы орындаушы үкімет органдарының жүйесінде ішкі аудитті қамтамасыз ететін арнайы қызметтер бар. Канадада Қазыналық кеңес құрамында ішкі аудит жүйесімен ұйымдастырушылық-әдістемелік басшылықты жүзеге асыратын Бас бақылаушы кеңсесі құрылған. Испанияда бұл қызметтерді Қаржы министрлігі жүйесінде қызмет ететін мемлекеттік басқару органдарының Бас бақылаушысы орындайды, алайда мамандардың басым бөлігі министрліктерде, ведомстволарда және ұйымдарда жұмыс істейді. Үндістанда Шоттардың бас бақылаушысы орындаушы үкімет жүйесінде қалыптасқан ішкі аудиттің барлық қызметтерінің (Қорғаныс министрлігінен, Көлік министрлігінен және пошталық қызметтен басқа) әрекеттеріне әдістемелік басшылық пен бақылауды жүзеге асыра отырып, Қаржы министрлігінің департаментін басқарады. Бельгияда Корольдің бұйрығына сәйкес орындаушы үкімет жүйесінде ішкі аудиттің сапасы мен тәуелсіздігін, қолданылатын аудит стандарттары мен әдістерінің келісуін қамтамасыз ететін тәуелсіз сарапшылардан тұратын арнайы федералдық деңгейдегі аудиторлық комитет құрылған.

Ішкі бақылау қызметтері орындаушы үкімет органдарымен (мысалы, Канададағы, Ұлыбританиядағы, континенталды Еуропадағы сияқты) немесе қаржылық аудиттің жоғарғы органымен (АҚШ және Қытай) бекітілетін халықаралық стандарттарға сәйкес қабылданған ұлттық стандарттар негізінде әрекет етеді.

Ішкі және сыртқы бақылаушының өзара әсерлесудің келе-сеідей үлгісі кеңінен таралған: біріншісі бұзушылықтарды анықтай отырып, қаржылық аудитті үкіметтің ведомствоға қарасты органдарында, мемлекеттік кәсіпорындарында жүргізеді, ал екіншілері сол жерлерде қызметтестерімен алынған нәтижелерге сүйенеді немесе өз тексерістерін жүргізеді. Кейбір елдерде ішкі аудитті жүргізуге бақылаудың ең қатаң жүйесі бар, осылайша, Қытайда ішкі қаржылық аудит жүйесінің қызметіне жоғары бақылаушының кәсіби басшылығы мен қадағалауы қарастырылған, ал АҚШ-та сәйкес қызметтердің есеп берулері сәйкес органның басқарушысына ғана емес, Конгреске де беріледі.

Ресей Федерациясының қолданыстағы заңдылығы мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына бірқатар министрліктер мен ведомстволарды жатқызады, алайда шоттық палата мен Ресей Федерациясының Қаржы министрлігінен басқасын бақылаушы органдарға жатқызуға болмайды, өйткені олар қолданыстағы заңдылықтағы бақылаушы қызметтеріне сәйкес ең бастысы өзінің ведомстволық мүдделеріне қызмет ете алады. Осылайша, Ресейдің Қаржы министрлігінің бақылау-ревизиялық қызметін ведомстволық орган деп санау керек. Бірақ ол дәстүр бойынша жалпы мемлекеттік қызметтерді орындайды.

Ресейдің Қаржы министрлігінің бақылау-ревизиялық аппаратында таратылған Бақылау-ревизиялық басқарманың міндеттері мен қызметтерін орындайтын Мемлекеттік қаржылық бақылау мен аудит департаменті құрылған.

Қазақстан Республикасының басты бақылаушы органы – Республикалық бюджеттің орындалуын бақылау бойынша шоттық комитет – республикалық бюджеттің орындалуына сыртқы бақылауды жүзеге асыратын конституциялық орган.

Шоттық комитеттің мүшелері халық қалаулыларының (ҚР президентінің, ҚР парламентінің) өкілдері болып табылады. Ол халықтың атынан және халықтың мүддесінде бюджеттің орындалуына бақылауды жүзеге асырады. Шоттық комитет

мүшелерін ҚР президенті, ҚР парламент палатасы тағайындайды.

Қазақстан Республикасының қаржылық бақылау жүйесі бірінші кезекте мемлекеттік қаржылық бақылау сияқты құрылымдық деңгеймен көрсетілген. Оның негізгі мақсаты – мемлекеттің қаржылық саясатын жүзеге асыру, қаржылық тұрақтылық үшін жағдай жасау.

Экономиканың қазіргі жағдайлары мемлекеттік қаржылық бақылаудың болу қажеттілігін азайтпай, әлеуметтік бағыттың күшеюіне байланысты күрделенуде, мемлекеттік органдардың қоғам мүшелерінің қаржылық құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша қызметтері көбейіп, зиянкестіктер мен ұрлықтарды болдырмау мен алдын алу бойынша әдістерді енгізу жүктеліп отыр.

Қазақстанда болған бюджеттік жүйедегі бақылау негізінен мекемелерге бөлінген бюджеттік қаржыларды қолданудағы жетіспеушіліктерді анықтаумен және жеке жетіспеушіліктерді жоюмен шектелді, мемлекеттік шығындарды тиімдендіруге қажетті әсер етпеді, мемлекеттік бағдарламалардың тиімділігіне, қойылған мәселелерді бағалауға, олардың себептерін талдауға мүмкіндік бермеді.

Қазіргі уақытта еліміздің Шоттық комитетінің негізгі міндеттері – республикалық бюджеттің қаржаттарын тиімді, мақсатты және үнемді қолдануды талдау және бақылау; республикалық бюджетке қаражаттардың келіп түсуінің толықтығын бақылау; бақылаушы органдардың жұмысының тиімділігін жоғарылату бойынша ұсыныстар беру және т.б.

Көптеген шетелдердегі шоттық органдардың негізгі міндеттері:

- 1) мемлекеттік бюджеттің шығындары мен кірістерін бақылау;
- 2) қорлардың, мемлекеттік банктердің қаражаттарын бақылау;
- 3) мемлекеттік меншікті тиімді басқаруды бақылау;
- 4) мемлекеттік қарыздар мен мемлекеттік кепілдемелерді беруді бақылау.

Сонымен, белгілі бір дәрежеде шетел тәжірибесін алу үшін осы облыста бізге үлгі бола алатын елдердегі мемлекеттік қар-

жылық бақылаудың дамуы қандай жолмен болып жатқанын нақты білу қажет, олардың жетістіктері мен қателіктерін зерттеу біздің өркениетті нарыққа және қаржылық құқық тәртіптілігіне жетудегі өз жолымызды табуда сөзсіз көмектеседі.

Қоғам бір орында тұрмайды, сондықтан тез өзгеріп отыратын әлеммен қатар жүріп отыру үшін әрбір елде мемлекеттік қаржылық бақылаудың жүйесін дамыту үшін үнемі күш жұмсау қажет.

#### **Бақылау сұрақтары:**

1. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың түсінігін беріңіз.
2. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың әдістері қандай?
3. Қаржылық бақылаудың элементтерін атаңыз және оларға сипаттама беріңіз.
4. Қаржылық бақылау дегеніміз не?
5. Қаржылық бақылаудың әдістері қандай?
6. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың негізгі функцияларын атаңыз.
7. Қаржылық бақылаудың қағидаттары қандай?
8. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарын атаңыз.
9. Қаржылық бақылаудың сыныпталу ерекшеліктерін сипаттаңыз.
10. Қаржылық бақылаудың халықаралық тәжірибесінің тиімді тұстары қандай?

## **ҚОРЫТЫНДЫ**

Қаржы мемлекеттің өмір сүруінің материалдық негізі, оның функцияларын жүзеге асырудың ақшалай қамтамасыз ету көзі ретінде қызмет атқарады. Қаржылық тетіктер арқылы мемлекет елдің әлеуметтік және экономикалық дамуына белсенді әсер етеді. Әрбір ұйымның және әрбір адамның әр түрлі қаржылық институттар арқылы мемлекетпен тығыз байланысты екендігіне және қилы қаржылық қатынастардың субъектісі болатындығына көз жеткіздік. Салық төлеу арқылы олар мемлекеттің ақша қорларын қалыптастыруға қатысса, жәрдемақылар алу арқылы оның бөлінуіне қатысады. Зерттеу нәтижелері көрсетіп отырғандай, еліміздегі мемлекеттің қаржылық қызметін әлі де жетілдіре түсу қажет. Мемлекеттің қаржылық қызметі нарықтық қатынастардың заңдылықтарын барынша ескере отырып, мемлекеттің функциясына тән міндеттерді шешуге бағытталуы тиіс. Сондай-ақ мұнда басты мәселе әрбір мемлекеттік органның функциялары нақтылы айқындалып, өзара бөлінуі тиіс.

Қорытындылай келе төмендегідей тұжырымдар жасадық:

1. Мемлекеттің қаржы жүйесінің экономикалық негізін мемлекеттік материалдық қаржылық қатынастар, ал нормативтік-құқықтық базасын қаржылық заңнама және заңға тәуелді нормативтік қаржылық құқықтық актілер құрайды. Мемлекеттік қаржы жүйесінің бүгінгі таңда атқаратын қызметі мемлекеттік және жеке меншік қаржылардың аясындағы мүдделердің біршама болса да теңдестірілуін қамтамасыз етуге бағытталады. Мемлекеттік қаржы жүйесіндегі әр түрлі қаржылардың функциялары тек мемлекеттің қаржылық қызметінің басымдығы бағыттарында іске асырылады. Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік қаржылық ресурстарды құру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру тек мемлекеттің қаржы жүйесінің ауқымында ғана жүзеге асырылады.

Біріншіден, мемлекеттің қаржы жүйесі деп қаржылық-экономикалық институттармен негізделген, мемлекеттің ақша қор-

ларын пайдалануды қалыптастыру, бөлу және ұйымдастыру аясындағы туындаған мемлекеттік қаржылық қатынастарының жиынтығын айтамыз.

Екіншіден, мемлекеттік қаржы жүйесін материалдық, экономикалық және ұйымдастыру мағынасында қарастырамыз.

Материалдық мағынадағы қаржы жүйесі деп орталықтандырылған және орталықтандырылмаған ақша қорларының жиынтығын айтамыз. Оларға қаржы ресурстарының орталықтандырылған жалпы мемлекеттік қоры, әкімшілік территориялық құрылым бірлігіндегі орталықтандырылған ақша қоры; мемлекеттік бюджеттен тыс қорлар; мемлекеттің орталықтандырылған ссудалық қоры; мемлекеттің резервтік сақтандыру қоры; мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мекемелердің орталықтандырылмаған ақша қорлары жатады. Экономикалық мағынадағы қаржы жүйесі деп әрқайсысы белгілі бір мемлекеттің ақша қорын негіздейтін қаржылық-экономикалық институттардың жиынтығын айтамыз. Қаржылық-экономикалық институттар деп ақша қорларын қалыптастыру, бөлу және пайдалануды ұйымдастыру бойынша пайда болатын қатынастардың жиынтығын айтамыз. Ақша қорлары деп отырғанымыз – ол республикалық бюджет; жергілікті бюджеттер, мемлекеттік бюджеттен тыс қорлардың қаржылары; мемлекеттік банк қаржылары; мемлекеттік сақтандыру ұйымдарының қаржылары; мемлекеттік мекемелердің қаржылары; мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылары. Ұйымдастыру мағынасындағы қаржы жүйесі деп қаржылық қатынастардың қозғалысын қамтамасыз ететін мемлекеттік қаржылық мекемелердің жиынтығын айтамыз. Мәселен, Қаржы министрлігі және оның құрылымдық бөлімдері; фискальдық органдар; Ұлттық банк және құрылымдары.

2. Дүниежүзілік қаржылық дағдарысқа қарсы исламдық қаржыландыру жүйесі тұрақты болып қалады және дағдарыстан кейінгі исламдық қаржыландыру институттары жоғары өтімділікті көрсетуде. Бұл жүйенің тұрақтылығының себебі болып мәмілеге қатысушылардың арасында тәуекелдер мен табыстың дұрыс бөлінуі табылады. Мұнда мәміленің екі жағы да жобаның табыстылығы мен инвестицияның қайтарымдылығына жауапты болады. Исламдық қаржыландырудың қағидалары сенім мен

әділеттілікке, анықтылыққа және мәмілеге қатысушылар арасындағы шындыққа негізделген.

Сонымен бірге исламдық қаржыландыруда ақша-тауар ретінде емес, құнның мөлшері ретінде ғана қарастырылады, сол себепті валютаны алып-сатуға рұқсат берілмейді. Біріншіден, исламдық қаржыландырудың негізгі қағидасына сәйкес пайыздық мөлшерлемеге шектеу қойылған, сол себепті дәстүрлі банк депозиттері мен несиелері болмайды. Екіншіден, тәуекелдерді өзара бөлу болып табылады. Банк клиенттің жобасын қаржыландыра отырып, оның инвесторы болып табылады, осы жобадан түскен табысты тәуекелді бөледі. Үшіншіден, алып-сату іс-әрекеттерге шектеу қойылған. Тағы бір ерекшелігі – анықтылық, яғни мәмілеге тұрар алдында шарттардың барлығы нақты, анық болуы тиіс (қатысушылары, құралы, мерзімі). Сонымен қоса тағы бір шектеу темекімен, алкогольмен, қару-жарақпен, көңіл көтеретін орындар, шошқа етімен, т.б. байланысты операцияларды қаржыландырмау.

3. Мемлекеттің қаржылық қызметі тек мемлекеттің қаржы аясымен шектелмейді, оның ауқымы кең деген көзқарас қате пікір болып табылады. Көптеген авторлар қазіргі кезде екінші деңгейлі банктердің көпшілігі, сақтандыру компанияларының барлығы дерлік, аудиторлық компаниялардың барлығы, сондай-ақ басқа да ірі қаржыға ие заңды тұлғалар жеке меншікте, ал мемлекет өзінің қаржылық қызметі барысында олардың қызметін реттейді дейді. Біздің ойымызша, бұл – өте теріс түсінік, мәселен, мемлекет олардың қаржыларын қалай пайдалануына араласпайды, тек олардың мемлекет алдындағы қаржылық міндеттерінің орындалуына ғана араласады. Ал бұл өз кезегінде бірінші қорытындыдан шығатындай, қаржылық құқықтың пәні болып табылмайды. Мемлекет бұл қатынастарды реттесе тек жария биліктің өкілі ретінде қатысады. Азаматтық құқықтың нормасы арқылы реттеу де мемлекеттік реттеу болып табылатындығы белгілі, өйткені кез келген құқықтың нормасы бұл мемлекеттің еркі, сондықтан қаржыға байланысты мемлекеттің қызметін мемлекеттің қаржылық қызметіне жатқызуға болмайды. Мемлекеттің қаржылық қызметі мемлекеттің ақша қорларына байланысты қатынастар аясындағы қызмет.

Мемлекеттік қаржы дегеніміз – қоғам мүддесіндегі мемлекеттік қажеттілікті қанағаттандыру үшін ақша қаражаттарын құру және пайдалану үдерісінде мемлекет пен қоғам арасында қалыптасатын экономикалық қатынастардың жиынтығы. Қаржылық құқық аясының зерттеу объектісі мемлекеттік қаржылар болып табылады. Бұл қатынастардың нәтижесі болып мемлекеттік бюджет, әр түрлі әкімшілік басқару және аумақты бірлік (аумақтық бюджеттер) бюджеттері жатады. Бюджеттен тыс әлеуметтік және экономикалық қорларға Ұлттық қор, мемлекеттік (қазыналық) кәсіпорындар қорлары, мемлекеттік несие, әлеуметтік сақтандыру қоры, мемлекеттік жинақтаушы зейнетақы қоры жатады.

Қаржылық құқықтық қатынастар қоғам мен мемлекеттің және әкімшілік-аумақтық құрылыстардың қаржылық қызметі барысында мемлекеттік қаржылық жоспарлар жүйесінің, сондай-ақ қаржылық заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің жұмыс істеуі негізінде туындайтын қоғамдық қатынастар болып табылады.

Мемлекеттің және оның әкімшілік-аумақтық құрылыстарының қаржылық қызметін олардың жоғарғы, орталық, сондай-ақ жергілікті мемлекеттік билік органдарының жұмыс істеу аяларында, олардың өкілеттігі ауқымында, тиісті қаржылық жоспарлар мен қаржылық шарттарға сай жүзеге асыру барысында туындайтын биліктік-мүліктік қаржылық қатынастар материалдық және ұйымдастыру қаржылық құқықтық қатынастары болып табылады.

4. Қаржыны басқару – бұл қаржыға және шектес экономикалық және әлеуметтік жүйелерге оларды жетілдіру және дамыту мақсатымен ықпал жасау үдерісі және қаржылық қатынастардың бүкіл жиынтығының тиімді жұмыс істеуіне жетуді және мұның негізінде тиісті қаржылық саясатты жүргізуді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекет (қаржы органдары арқылы) шараларының жиынтығы. Бұл ретте белгілі бір нәтижеге жету үшін субъектінің объектіге нысаналы ықпал етуінің тәсілдері мен әдістері пайдаланылады. Қаржы жүйесінде басқару қаржылық механизм арқылы оның әдістері, тұтқалары, ынталандырмалары мен санкциялары көмегімен жүзеге асырылады. Сөйтіп, мемлекеттік қаржыны басқару – бұл тиісті қаржылық саясатқа жетудің

мақсаты; қаржылық механизм – бұл мақсатқа жетудің құралы; қаржылық саясат қаржыны басқарудың тиісті үдерісінің түпкілікті қорытынды нәтижесі болып табылады.

Мемлекеттік басқару дегеніміз – шаруашылық, әлеуметтік-мәдени және әкімшілік-саяси құрылыстарды тікелей және күнделікті басқару үдерісінде заңдарды орындау шеңберіндегі заңға сәйкес, мемлекеттік өктем, ұйымдастырушы қызмет. Бұл қызметтерді жүзеге асыру басқару органдарының іс-қимылдарымен жүргізіледі. Басқару функцияларына байланысты басқару теориясы басқарушы ықпал жасау әдістерін алға шығарады. Ал мемлекеттік басқару үдерісінде бұл әдістер мемлекет атынан, оның тапсырмасы мен мүддесін көздей отырып пайдаланылады. Бұл әдістерден мемлекеттік басқару органдарының мемлекеттік өктем өкілеттіліктері көрініс табады.

Мемлекеттің қаржылық қызметті жүзеге асыратын органдары өз қызметінің бағыттарын мемлекеттің қаржысына және мемлекет алдындағы қаржылық міндеттерді орындауға байланысты туындайтын қатынастар негізінде жүзеге асырады деп жіктеуге болады. Сондықтан мемлекеттің қаржылық қызметі саласындағы мемлекеттік органдарын құрған кезде бұл мәселені ескерсе, олардың қызметінің тиімділігі де арта түсер еді.

5. Мемлекеттік қаржылық бақылау (сыртқы және ішкі) – мемлекеттік қаржылық бақылау объектілерінің республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы, олардың атқарылуы бойынша есепке алу мен есептемені жүргізу, олардың атқарылуын бағалау, мемлекеттің гранттарын, активтерін, мемлекет кепілдік берген қарыздарды мемлекеттік мекемелердің тауарларды (жұмыстар мен көрсетілген қызметтерді) өткізуден түсетін өз иелігінде қалатын ақшаны пайдалану бөлігіндегі қызметінің Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін тексеру болып табылады.

Мемлекеттік қаржылық бақылау деп мемлекеттің уәкілетті, мамандандырылған қаржылық бақылау органдарының жүйесін айқындайтын және олардың мемлекеттік қаржылар аясындағы тиісті бақылау-тексеру құзыреттерін белгілейтін, сондай-ақ бақылау қызметінің тәртібін белгілейтін қаржылық құқықтың жалпы бөлімінің институтын айтамыз.

Мемлекеттің қаржылық қызметі мемлекеттік қаржылардың негізін құрайтын республикалық және жергілікті бюджеттерді қалыптастыру және бөлу үдерістерінде ұтымды әрі тиімді пайдаланылатын экономикалық және құқықтық құрал болып саналады. Қазақстан Республикасының қаржылық қызметін құқықтық тұрғыдан реттеу еліміздің қаржы құрылысы мен жүйесін сапалы қалыптастырып әрі болашақта дамытуға, әлем сахнасы төрінде орын алуға септігін тигізеді. Елбасының бүгінгі қойып отырған тапсырмалары мен міндеттерінің бірі Қазақстан Республикасының алдыңғы қатарлы 30 елдің құрамына кіруі алдымен қаржылық қызметтің экономикалық әрі құқықтық жағынан сапалы ретке келтіру болып табылатыны сөзсіз.

## БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың 11 қараша 2014 жылғы Қазақстан халқына жолдауы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
2. Финансовое право: учебное пособие для студентов, обучающихся по специальностям «Финансы и кредит», «Бухгалтерский учет, анализ и аудит», «Мировая экономика», «Налоги и налогообложение» // П.В. Павлов. – 7-е изд., стер. – М.: Издательство «Омега-Л», 2013. – 302 с.
3. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың 17 қаңтар 2014 жылғы Қазақстан халқына жолдауы «Қазақстан жолы-2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» // [www.akorda.kz](http://www.akorda.kz).
4. «Қазақстан-2050»: стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының президенті – елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. – Алматы: ЮРИСТ, 2013. – 44 б.
5. Бабич Т.Н. Планирование на предприятии: учебное пособие. – М., 2005. – 311 с.
6. Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы, 2001. – 272 с.
7. Найманбаева С.С. Финансовое право: учебник. – Астана, 2005. – 450 с.
8. Стародубцева Е.Б. Бюджетное финансирование и проблема государственного долга // Москва-Экономист. – 2010. – № 4. – С. 26-30.
9. Карасева М.В. Бюджетный федерализм: проблемы и перспективы // Москва-Экономист. – 2008. – №1. – С. 56-65.
10. Карасева М.В., Корохина Ю.А. Финансовое право. – М., 2001. – 288 с.
11. Худяков А.И. Основы теории финансового права. – Алматы: Жеті жарғы, 1995. – 288 с.
12. Мандрица В.М., Рукавишников И.В., Дружинин Д.Н. Финансовое право. – Ростов н-Д: Феникс, 1999. – 448 с.
13. Финансовое право / отв. ред. Н.И. Химичева. – М.: Юристъ, 2000. – 600 с.
14. Эриашвили Н.Д. Финансовое право. – М., 2001. – 606 с.
15. Құлпыбаев С., Мельников В.Д. Қаржы негіздері: оқулық. – Алматы: LEM, 2009. – 231 б.
16. Тінәсілов М.Д. Банк менеджментін ұйымдастыру: оқулық. – Алматы, 2009. – 234 б.
17. Тінәсілов М.Д. Сақтандыру ісінің қаржылық негіздері: оқу құралы Алматы, 2011. – 200 б.
18. Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысы. Қазақстан Республикасының қаржы секторын дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2014 жылғы 27 тамыздағы № 954 қаулысы // [online.zakon.kz](http://online.zakon.kz).



19. Әлемдік қаржылық дағдарысты тежеудің бірден-бір механизмі – Қазақстан Республикасында қаржылық жүйені дұрыс жоспарлау // Егемен Қазақстан. – 21 қараша, 2013. – № 231.
20. Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә. Назарбаевтың 6 наурыз 2009 жылғы Қазақстан халқына жолдауы «Дағдарыстан жанару мен дамуға» // www.akorda.kz.
21. «Қазақстан Республикасы үкіметінің, Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы үкіметінің 2009 жылғы 13 қаңтардағы № 6 қаулысы // adilet.zan.kz.
22. Дағдарыстан шығу кілті. Нұрсұлтан Назарбаев // personal.akorda.kz.
23. Қаржылық тұрақтылық жөніндегі меморандум 2007 жыл 10 қараша // www.nationalbank.kz.
24. «Қазақстан Республикасының қаржылық тұрақтылық мәселелері бойынша бірқатар заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы президентінің 2008 жылы 23 қазандағы жарлығы // www.akorda.kz.
25. Қанша қаржы сыртқа кетті? // Егемен Қазақстан. – 2014. – 28 қаңтар. – № 543.
26. Госманәли Г. Дағдарыс жағдайында мемлекеттің бөлген қаржысы экономиканың дамуына тың серпін береді // www.inform.kz.
27. Алиев С.С. Мемлекеттердің қаржы құрылымы туралы кейбір мәселелер // Қаржы менеджменті. – 2012. – № 8. – 40-48 б.
28. Аронова Ж. Қаржы саясаты – мемлекеттің экономикалық саясатының бөлігі // Изденіс. – 2011. – № 4. – 21-25 б.
29. Қуаналиева Г.А., Кошқумбаева М.Н. «Қазақстан-2050» стратегиясы мазмұнындағы мемлекетіміздің қаржы саясаты // ҚазҰУ хабаршысы. Заң сериясы. – 2014. – №2 (70). – 146-150 б.
30. 2013 жылғы 26 маусымдағы «Қазақстан Республикасының жаңа бюджет саясатының тұжырымдамасы» атты Қазақстан Республикасы президентінің № 590 жарлығы http://www.akorda.kz.
31. Сартаев С.С., Найманбаев С.М. Бюджеттік құқық: оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2006. – 360 б.
32. Игерілмеген қаржыда есеп жоқ // Дала мен қала газеті. – 2013. – 6 қараша. – №112.
33. Қазақстан Республикасының Бюджет кодесі. – 2008. – 4 желтоқсан. – №95-4. // adilet.zan.kz.
34. Құлпыбаев С. Қаржы: оқулық. – Алматы: Дәуір, 2011. – 452 б.
35. Әбдікерімова Г.И. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы. – Алматы, 2008. – 235 б.
36. Өмірбаев С.М., Ынтықбаева С.Ж. Қаржы: оқулық. – Алматы, 2011. – 321 б.
37. Рубцов Б.Б. Глобальные финансовые рынки: масштабы, структура, регулирование // Век глобализации. – №2. – 2011. – С. 7-16.
38. Мырзалиев Б.С., Шеденов Ә.Қ. Мемлекеттік қаржылық басқару. – Түркістан, 2013. – 347 б.
39. Өтебаев Б.С. Мемлекеттік бюджет: оқулық. – Алматы: Экономика, 2006. – 245 б.
40. Игнатов В.Г., Понделков А.В., Старостин А.М. Эффективность государственной службы // Государственная служба: теория и организация. Ростов н-Д.: Феникс, 1998. – 274 с.
41. Чиркова Е.В. Анатомия финансового пузыря. – М.: Кейс, 2009. – 321 с.
42. «Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 31 тамыздағы № 2444 заңы // adilet.zan.kz.
43. Сукук // Шариатский стандарт. – № 17. – 2017. – С. 27-40.
44. Нурмуханбетов Е.С. Проблемы и перспективы развития рынка исламских финансовых инструментов в Республике Казахстан // Магистраль. – 2010. – №3. – С.47-50.
45. Исламский банкинг мода или панацея? // Международный деловой журнал Kazakhstan. – №2. – 2010. – 41-48 б.
46. Shariq Nisar. Islamic Bonds (Sukuk): its Introduction and Application // www.financeinislam.com
47. Экономикалық орысша-қазақша сөздік / жалпы ред. басқ. академик А. Қошанов. – Алматы: Дайк-пресс, 2008 – 1164 б.
48. Найманбаев С.М. Қазақстан Республикасының қаржылық құқы. – Алматы, 1994. – 363 б.
49. Өмірде өзгермейтін ештеңе жоқ // Егемен Қазақстан. – 19 ақпан. – 2014. – № 12.
50. Теория государства и права / род ред. М.Н. Марченко. – М., 1998. – 476 с.
51. Марченко М.Н. Теория государства и права. – М.: Юрид. лит., 1996. – 432 с.
52. Общая теория права и государства / под ред. В.В. Лазарева. – М.: Юрист, 1994. – 360 с.
53. Мемлекет және құқық негіздері / құраст. Е. Байанов. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – 624 б.
54. Сапарғалиев Ғ.С., Ибраева А.С. Мемлекет және құқық теориясы. – Өңд., толықт. 2-бас. – Алматы: Жеті жарғы, 1998. – 192 б.
55. Финансовое право / под ред. О.Н. Горбуновой. – М.: Юристъ, 1996. – 400 с.
56. Жданов А.А. Финансовое право РФ. – М.: ТЕИС, 1995. – 170 с.
57. Финансовое право (конспект лекций). – М.: Изд. ПРИОР, 2000. – 176 с.
58. Финансовое право / под ред. И.Ш. Киялханова. – М., 2004. – 239 с.
59. Карасева М.В. Финансовое право (Общая часть). – М., 2000. – 434 с.
60. Финансовое право / под ред. О.Н. Горбуновой. – М.: Юристъ, 2000. – 495 с.
61. Финансовое право / О.Н. Горбунова, Е.Ю. Грачева и др.; отв. ред. Е.Ю. Грачева, Г.П. Толстопятенко. – М.: Проспект, 2004. – 536 с.

62. Финансовое право / отв. ред. Н.И. Химичева. – М.: Юристъ, 2004. – 749 с.
63. Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының негіздері / құраст.: Е. Баянов. – Алматы, 2003. – 692 б.
64. Тедеев А.А., Парыгина В.А., Мельников С.И. Бюджетное право Российской Федерации. – М., 2003. – 192 с.
65. Финансовое право / под ред. М.М. Рассолова. – М., 2001. – 444 с.
66. Худяков А.И. Финансовое право Республики Казахстан. Особенная часть. – Алматы: НОРМА-К, 2002. – 344 с.
67. Найманбаев С.М. Салықтық құқық. – Алматы: Жеті жарғы, 2005. – 400 б.
68. Тедеев А.А. Налоги и налогообложение. – М., 2004. – 496 с.
69. Налоговое право / сост.: В.А. Парыгина, А.А. Тедеев, А.В. Чуркин. – М., 2005. – 224 с.
70. Кваша Ю.Ф., Зрелов А.П., Харламов М.Ф. Налоговое право. – М.: Юрайт, 2004. – 218 с.
71. Худяков А.И. Налоговое право Республики Казахстан. Общая часть. – Алматы: НОРМА - К, 2003. – 512 с.
72. Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы. (Салық кодексі). – Алматы: ЮРИСТ, 2014. – 290 б.
73. «Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы» 2005 жылғы 13 маусымдағы Қазақстан Республикасының заңы // adilet.zan.kz.
74. Атаманчук Г.В. Теория государственного управления. – М., 1997. – 471 с.
75. Алексеев С.С. Проблемы теории государства и права. – М., 1979. – 465 с.
76. Өзбекұлы С., Қопабаев Ө. Мемлекет және құқық теориясы. – Алматы, 1999. – 325 б.
77. Мухитдинов Н.Б., Найманбаев С.М., Серимов У.С. Қаржылар саласындағы басқарудың құқықтық негіздері. – Алматы, 1999. – 369 б.
78. Қаржылық бақылау босаңсымайды // «Егемен Қазақстан» газеті. – 30 қаңтар. – 2014. – №866.
79. Астана қаласы бойынша Тексеру комиссиясының 2013 жылғы 1 жартыжылдықтағы қорытындысы шығарылды // «Астана ақшамы» газеті. – 2013. – 1 тамыз. – №86 (2996).
80. Нигматулин А.З., Кулатаева Г.К., Талимова Л.А. Финансовый контроль: учебное пособие. – Караганда, 2004. – 140 с.
81. Жакаева Л.С. Правовое регулирование финансового контроля в Республике Казахстан: учебное пособие. – Караганда, 2003. – 110 с.
82. «Қазақстан Республикасының қаржы нарығын мемлекеттік реттеуді одан әрі жетілдіре түсу» Қазақстан Республикасы президентінің 2011 жыл 12 сәуірдегі №123-124 жарлығы // adilet.zan.kz.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
<b>1. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚАРЖЫ ЖҮЙЕСІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b> .....	6
1.1. Қаржы жүйесінің түсінігі мен жалпы сипаттамасы.....	6
1.2. Қаржы жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз етудегі қаржы саясатының мәселелері.....	31
1.3. Қазақстан Республикасында исламдық қаржыландыру жүйесін қалыптастыру мен дамытуды құқықтық реттеу мәселелері.....	55
<b>2. МЕМЛЕКЕТТІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b> .....	70
2.1. Қазақстан Республикасының қаржылық қызметінің құқықтық негіздері.....	70
2.2. Қаржылық құқықтық қатынастардың ұғымы және пайда болу ерекшеліктері.....	83
<b>3. МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЖЫЛЫҚ БАСҚАРУ МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ БАҚЫЛАУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ НЕГІЗДЕРІ</b> .....	113
3.1. Мемлекеттік қаржылық басқарудың құқықтық негіздері.....	113
3.2. Мемлекеттік қаржылық бақылаудың құқықтық мәселелері.....	127
3.3. Қаржылық бақылаудың халықаралық тәжірибесі.....	143
ҚОРЫТЫНДЫ.....	151
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ.....	157

Оқу басылымы

Қуналиева Гүлдана Амангелдіқызы

## ҚАРЖЫ ҚҰҚЫҒЫ

Оқу құралы

Редакторы *Г. Ыбырайқызы*  
Компьютерде беттеген және  
мұқабасын көркемдеген *Ф. Қалиева*

**ИБ №10436**

Басуға 23.02.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84<sup>1/16</sup>.  
Көлемі 10,12 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылым. Тапсырыс №300.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің

«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.